

"Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 1688 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Жол жүрісі туралы

Осы Заң жол жүрісінің жұмыс істеуі мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздері мен жалпы шарттарын белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автомагистраль – көлік құралдарының жүрісі үшін арнайы жобаланған және салынған (немесе реконструкцияланған), жол маңындағы иеліктерге қызмет етпейтін жол. Оған әртүрлі деңгейлердегі жол айрығы арқылы басқа жолдармен ғана өтуге б о л а д ы .

Б ұ л

ж о л :

әртүрлі бағыттардағы жүріс үшін бір-бірінен бөліп тұратын, жүруге арналмаған белдеумен бөлінген бөлек жүру бөліктеріне ие;

басқа жолдарды, теміржолдарды немесе трамвай жолдары мен жаяу жүргінші жолдарын бір деңгейде кесіп өтпейді; автомагистраль ретінде арнайы белгіленеді;

2) автомобиль – жолдарда жүруге және онда адамдарды немесе жүктерді немесе өзіне орнатылған жабдықтарды тасымалдауға арналған немесе жолдарда адамдарды, жүктерді немесе өзіне орнатылған жабдықтарды тасымалдауға арналған көлік құралдарын сүйретуге арналған, оның ішінде троллейбустарды қоса алғанда, м е х а н и к а л ы қ к ө л і к қ ұ р а л ы ;

3) автотұрақ – жол жүрісі қағидаларына және белгіленген тәртіппен бекітілген басқа техникалық нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастырылған жол учаскесі болып табылатын көлік құралының ақысыз тұратын орны;

4) айрықша мақсаттағы автомобиль – күзетілетін адамдарды тасымалдау үшін

арналған

көлік

құралы ;

5) аялдау – көлік құралының жүрісін 5 минутқа дейін, сондай-ақ, егер бұл жолаушыларды мінгізу немесе түсіру не көлік құралына жүк тиеу немесе түсіру үшін қажет болса, одан да көбірек уақытқа әдейі тоқтату;

6) велосипед – мүгедектер арбаларынан басқа, екі немесе одан көп доңғалағы бар және үстіндегі адамдардың дене күшімен қозғалысқа келтірілетін көлік құралы;

7) велосипед жолы – велосипедтердің жүрісіне арналған және тиісті белгімен белгіленген жеке жол немесе жол бөлігі. Велосипед жолы басқа жолдардан немесе нақ сол жолдың басқа элементтерінен конструкциясы бойынша бөлінеді;

8) велосипедтік жүріс белдеуі – жүру бөлігінің велосипедтер жүрісіне арналған белдеуі. Велосипед белдеуі қалған жүру бөлігінен бойлық жол белгілеуі арқылы бөлінеді ;

9) елді мекен – кіретін және шығатын жерлері тиісті белгілермен белгіленген, құрылыс салынған аумақ ;

10) жаяу жүргінші – жолда көлік құралынан тыс жерде тұрған және онда жұмыс істеп жатпаған адам. Жаяу жүргіншіге қозғалтқышы жоқ мүгедек арбасымен қозғалатын, велосипедті, мопедті, мотоциклді сүйемелдеп жүретін, шана, қол арба, балалар немесе мүгедектер арбасын сүйретуші жеке тұлғалар теңестіріледі;

11) жол – көлік құралдарының жүрісіне арналып жасалған немесе икемделген және пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік есепке алынуға жататын, бөліп берілген жердің бүкіл белдеуі не жасанды ғимараттың үсті. Жол бір немесе бірнеше жүру бөліктерін, сондай-ақ трамвай жолдарын, тротуарларды, жол жиегін және олар болған кезде бөлу белдеулерін қамтиды ;

12) жол жүрісі – адамдар мен жүктің жолдар шегінде көлік құралдарының көмегімен немесе оларсыз орын ауыстыруы процесінде, сондай-ақ осы орын ауыстыру шарттарын реттеу процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар жиынтығы;

13) жол жүрісінің қағидалары – Қазақстан Республикасының аумағындағы жол жүрісінің бірыңғай тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық акт;

14) жол жүрісіне қатысушы – жол қозғалысы процесіне жаяу жүргінші, жолаушы немесе жүргізуші ретінде тікелей қатысатын адам;

15) жол-көлік оқиғасы – көлік құралының жолдағы жүрісі процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамдар қаза тапқан немесе жараланған, көлік құралдары, құрылыстар, жүктер зақымданған не өзге материалдық залал келтірілген оқиға;

16) жол жүрісінің қауіпсіздігі – қатысушыларының жол-көлік оқиғалары мен олардың салдарынан, сондай-ақ жол жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың дене және психикалық саулығына теріс әсерінен қорғалу дәрежесін көрсететін жол жүрісінің жай - күйі ;

17) жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – жол-көлік оқиғаларын, жол

жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың дене және психикалық саулығына теріс әсерін болғызбауға, олардың салдарының ауыртпалығын азайтуға, сондай-ақ осындай салдарды жоюға бағытталған қызмет;

18) жолаушы – көлік құралының ішіндегі (үстіндегі) және оны басқармайтын адам;

19) жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган және оның астанадағы, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардағы аумақтық б ө л і м ш е л е р і ;

20) жол жүрісін реттеудің техникалық құралдары – жол белгілері, жол таңбалары, бағдаршамдар (олардың жұмыс бағдарламасын айқындайтын жабдықтарды қоса алғанда), темір жол өткелдеріндегі реттегіш құрылғылар, сондай-ақ жол қоршаулары мен бағыттаушы құрылғылар;

21) жол жүрісін ұйымдастыру – жол жүрісін басқару бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық, нормативтік-әдістемелік, жобалау-зерттеу, ұйымдастырушылық-техникалық, бақылау-қадағалау, билік етушілік және басқа да і с - ш а р а л а р к е ш е н і ;

22) жол жүрісі саласындағы тәуекелдерді басқару жүйесі – тиімді жоспарлау жүргізілуін және бақылау қызметінің неғұрлым басым бағыттарына ресурстарды тандап алу, оларды оңтайлы бөлу қағидаттарына негізделген бақылау іс-шараларының өткізілуін қамтамасыз ететін әкімшілік ету жүйесі;

23) жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті – бұл тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша жол-көлік оқиғаларының себептерін ерте анықтау және оларды жол конструкциясы мен көлік құралын түзету жолымен жою үшін жолдың, көлік құралының технологиялық дайындығының әртүрлі сатыларында аудиторлық ұйым ө т к і з е т і н б а қ ы л а у ә д і с і ;

24) жолдың жүру бөлігі – көлік құралының жүрісі үшін пайдаланылатын жол бөлігі;

25) жол иелері – жолдың жеке меншік иелері болып табылатын немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында жолдарды басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар;

26) жүргізуші – көлік құралын (велосипедтерді қоса алғанда) басқаратын адам, жүгі бар немесе салт жануарларды немесе табынды жол бойымен айдап бара жатқан адам;

27) жүргізуші куәлігі – тиісті санаттағы көлік құралын басқару құқығын растайтын құжат. Иесінің жеке бас құжаты болған кезде, алып қойылған немесе жоғалтылған құжаттың орнына заңнамада белгіленген мерзімге берілетін құжат жүргізуші куәлігі б о л ы п е с е п т е л е д і ;

28) интеллектуальды көлік жүйесі – жол жүрісін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін өзара байланысты автоматтандырылған жүйелер кешені;

29) көлік құралы – адамдарды, жүктерді немесе өзіне орнатылған жабдықтарды

жолдармен тасымалдауға арналған құрылғы;

30) көлік құралының иесі – көлік құралының меншік иесі, сондай-ақ көлік құралына шаруашылық жүргізу құқығында немесе оралымды басқару құқығында не өзге де заңдық негізде (жалдау құқығы, көлік құралын жүргізу құқығына сенімхат, тиісті органның осы тұлғаға көлік құралын беру туралы өкімі) иелік ететін тұлға. Өзінің қызмет немесе еңбек міндеттерін орындауына орай, оның ішінде көлік құралының меншік иесімен немесе өзге иеленушісімен арадағы еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт негізінде көлік құралын басқаратын тұлға көлік құралының иесі болып табылады;

31) көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік – көлік құралының жол жүрісіне қатысуға жіберілгенін растайтын құжат;

32) көлік құралдарының белсенді қауіпсіздігі – көлік құралдарының жол-көлік оқиғаларын болғызбауға және олардың көлік құралының конструкциялық ерекшеліктерімен байланысты туындайтын алғышарттарын жоюға бағытталған конструкциялық және пайдалану қасиеттерінің жиынтығы;

33) көлік құралының белсенді емес қауіпсіздігі – көлік құралдарының жол-көлік оқиғаларының ауыртпалығын азайтуға бағытталған конструкциялық және пайдалану сипаттамаларының жиынтығы;

34) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган – автомобиль көлігі саласында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шегінде басшылықты, салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

35) қызмет өңірі – тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін бөлу қағидаты бойынша көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган аясында аумақ;

36) мемлекеттік баяндама – жол жүрісі қауіпсіздігінің жай-күйі туралы жыл сайынғы есеп;

37) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі – мемлекет меншігі болып табылатын және тіркеуші орган механикалық көлік құралына беретін жеке-дара әріп-цифр белгілерін қамтитын және ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес дайындалған, көлік құралының ортаңғы бойлық кесіндісіне перпендикуляр күйдегі вертикал түрде орнатылатын, көлік құралы көлік құралдарын есепке алудың мемлекеттік жүйесінде тіркелген бұйым. Бұл ұғым «Транзит» нөмірлік белгілеріне де қолданылады;

38) механикалық көлік құралы – мопедтер мен рельсті көлік құралдарын қоспағанда, қозғалтқышпен қозғалысқа келтірілетін өздігінен жүретін жол көлік құралы. Бұл ұғым жол жүрісіне қатысқан кезде тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарға да қолданылады;

39) механикалық көлік құралын пайдалану – механикалық көлік құралының тіркелген кезден бастап кәдеге жаратылған кезге дейін мақсаты бойынша пайдаланылуын қамтитын «өмірлік циклі» сатысы;

40) механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесі – механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің иелері, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері, міндетті техникалық қарап тексеруді өткізу нәтижелері, техникалық қарап тексерудің халықаралық сертификаты туралы мәліметтерді қамтитын электрондық деректер б а з а с ы ;

41) мопед – цилиндрінің көлемі 50 текше сантиметрден аспайтын іштен жану қозғалтқышымен жабдықталған екі немесе үш доңғалақты көлік құралы. Мопедтерге аспалы қозғалтқышы бар велосипедтер, мокиктер, скутерлер және осыған ұқсас сипаттамасы бар басқа көлік құралдары теңестіріледі;

42) мотоцикл – бүйір тіркемесі бар немесе онсыз, қозғалтқышы бар екі доңғалақты механикалық көлік құралы. Мотоциклдерге жүктемесіз салмағы 400 килограммнан аспайтын үш және төрт доңғалақты көлік құралдары, цилиндрінің көлемі 50 текше сантиметрден асатын скутерлер және осыған ұқсас сипаттамасы бар басқа көлік құралдары теңестіріледі;

43) міндетті техникалық қарап тексеру – пайдаланудағы механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін есепке алудың және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін диагностикалаудың мерзімді процесі;

44) техникалық қарап тексерудің стационарлық желісі – міндетті техникалық қарап тексерудің өткізу үшін механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін диагностикалау құралдарымен жарақтандырылған, ғимаратта немесе құрылыста орналасқан кешен ;

45) техникалық қарап тексерудің ұтқыр желісі – міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу үшін механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін диагностикалау құралдарымен жарақтандырылған, арнайы көлік құралынан тұратын жылжымалы кешен ;

46) техникалық қарап тексеру орталығы – механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйін диагностикалау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін белгіленген тәртіппен тіркелген, осы мақсаттар үшін стационарлық және (немесе) ұтқыр техникалық қарап тексеру желісі бар заңды тұлға, дара кәсіпкер;

47) техникалық қарап тексерудің диагностикалық картасы – механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерінің техникалық жай-күйі параметрлерінің тізбесі бар, иесі және механикалық көлік құралы мен оның тіркемелері, берілген туралы және міндетті техникалық қарап тексеру нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

48) техникалық қарап тексеру операторы – міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және техникалық қарап тексеру операторларының тізіліміне енгізілген заңды тұлға немесе дара кәсіпкер;

49) техникалық қарап тексеру операторларының тізілімі – техникалық қарап

тексеру операторларының бірыңғай тізбесі, оны жүргізуді көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады;

50) тұрақ (паркинг) – көлік құралдарының сақталуына (тұруына) арналған және жол жүрісі қағидалары мен басқа да техникалық нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастырылған бір немесе көп деңгейлі инженерлік құрылысты немесе арнаулы ашық алаңды қоса алғанда, арнайы жабдықталған ғимарат (ғимараттың бөлігі) болып табылатын орындарда көлік құралының жүрісін жолаушыларды мінгізуге немесе түсіруге не көлік құралына жүк тиеуге немесе түсіруге байланысты емес себептер бойынша 5 минуттан астам уақытқа әдейі тоқтату;

51) тіркеме – қозғалтқышпен жабдықталмаған және механикалық көлік құралының құрамында жүруге арналған көлік құралы. Бұл ұғым жартылай тіркемелер мен ұзартылмалы тіркемелерге де қолданылады;

52) халықаралық техникалық қарап тексеру сертификаттары – қатаң есептегі бланк болып табылатын және ең ауыр салмағы 3500 килограммнан астам М 2, М 3, № 2 және № 3 санатындағы механикалық көлік құралдарының міндетті техникалық қарап тексеруден өту және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерде белгіленген талаптарға сәйкестігінің фактісін растайтын құжат.

2-бап. Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігі туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осы Заңда белгіленгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттардың қағидалары қолданылады.

3-бап. Жол жүрісінің негізгі қағидаттары

Жол жүрісінің негізгі қағидаттары:
жол жүрісіне қатысушы азаматтардың өмірі мен денсаулығының шаруашылық қызметтің экономикалық нәтижелерінен басымдығы;
жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекет жауапкершілігінің жол жүрісіне қатысушы азаматтар жауапкершілігінен басымдығы;
жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде азаматтар, қоғам мен мемлекет мүдделерінің сақталуы;
жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жүйелі көзқарас болып табылады.

4-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі мемлекеттік саясатты іске асыру құралы болып табылады және ол жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдар

мен бірлестіктердің, жол жүрісіне қатысушылардың, жол жүрісі қауіпсіздігін және жол-көлік оқиғаларының салдарын жоюды қамтамасыз ететін құралдар мен шаралардың жиынтығын қамтиды.

2-тарау. Жол жүрісі саласындағы мемлекеттік басқару және саясат

5-бап. Жол жүрісі саласындағы мемлекеттік басқару

1. Жол жүрісі саласындағы мемлекеттік басқару:

- 1) жол жүрісі саласында мемлекеттік саясат жүргізуді;
- 2) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы іс-шараларды қ а р ж ы л а н д ы р у д ы ;
- 3) көлік құралдарының иелері мен тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің міндетті сақтандырылуын қамтамасыз етуді;
- 4) жол жүрісі мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жай-күйінің негізгі нысаналы көрсеткіштерінің статистикалық есептілігін және мемлекеттік есепке алынуын ж ү р г і з у д і ;
- 5) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілерді белгіленген тәртіппен әзірлеуді, бекітуді және іске а с ы р у д ы ;
- 6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қ ұ з ы р е т і н б е л г і л е у д і ;
- 7) жол-көлік оқиғаларының алдын алу және олардың салдарының ауыртпалығын азайту мақсатында орталық және жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің, заңды және жеке тұлғалардың қызметін үйлестіруді;
- 8) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуді;
- 9) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және жол-көлік оқиғаларының с а л д а р ы н ж о ю д ы ;
- 10) жолдардың қауіпсіздігі мен олардың өткізу қабілетін қамтамасыз етуді;
- 11) көлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;
- 12) жол пайдаланушылардың қауіпсіз мінез-құлқын қамтамасыз етуді;
- 13) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруды;
- 14) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының, қағидалардың, стандарттардың, техникалық нормалар мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің орындалуына мемлекеттік қадағалау мен бақылауды ж ү з е г е а с ы р у д ы ;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де басқару нысандарын қамтиды.

6-бап. Жол жүрісі саласындағы мемлекеттік саясат

1. Қазақстан Республикасының жол жүрісі саласындағы мемлекеттік саясаты жол жүрісі қатысушыларын қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуге, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға және олардың салдарының ауыртпалығын азайтуға бағытталған.

2. Жол жүрісі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары:

- 1) жол жүрісінің қауіпсіздігі мен қолжетімділігін, оның қатысушылары үшін қолайлылық пен сервисті қамтамасыз ету;
- 2) орнықты көлік жүйесін қамтамасыз ету;
- 3) жол жүрісіндегі қатерді азайту;
- 4) қауіпсіз көлік құралдарына көшу;
- 5) қоғамдық көлікті пайдалануды ынталандыру және көтермелеу;
- 6) жол жүрісі қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;
- 7) жол-көлік оқиғаларының салдарынан зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету жүйесін жетілдіру;
- 8) жол жүрісі саласында қоршаған ортаны қорғау;
- 9) Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өзге де бағыттар болып табылады.

7-бап. Жол жүрісі саласындағы қызметті қаржыландыру

Жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметті қаржыландыру бюджет қаражатының және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге көздердің есебінен жүзеге асырылады.

8-бап. Жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жай-күйінің көрсеткіштерін есепке алудың мемлекеттік жүйесі

1. Қазақстан Республикасының аумағында адамдар қаза болған және/немесе жарақаттанған, көлік құралдары, құрылыстар, жүктер зақымданған не өзге материалдық залал келтірілген жол-көлік оқиғалары, сондай-ақ жол жүрісі саласындағы құқық бұзушылықтар санының көрсеткіштерін, жол жүрісінің жай-күйін және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті көрсететін басқа да көрсеткіштерді есепке алудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі жүзеге асырылады.

2. Жол жүрісінің жай-күйін және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті көрсететін көрсеткіштер туралы ақпарат жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның ресми сайтында орналастырылады.

3-тарау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық және жергілікті атқарушы органдардың жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы құзыреті

9-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының аумағында жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлейді және жүргізеді;

2) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді, олардың Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін орындауына бақылау жасайды;

3) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

4) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу, механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, көлік құралдарын басқару құқығына емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекітеді;

5) механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруді ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруді өткізу кезенділігін бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының жол жүрісі қағидаларын, көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түрлі түсті графикалық схемалар бойынша боялуға жататын жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекітеді;

7) жол жүрісі қауіпсіздігіне аудит жүргізу қағидаларын және жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

8) механикалық көлік құралдарының жүргізушілігіне үміткерлерге міндетті медициналық куәландыру жүргізу және механикалық көлік құралдарының жүргізушілеріне мерзімді медициналық қайта куәландыру жүргізу қағидаларын бекітеді;

9) көлік құралдарының жүргізушілеріне рейс алдында, рейстен кейін және ағымдағы медициналық қарап-тексерулер жүргізу қағидаларын бекітеді;

10) жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек ұсыну қағидаларын, медициналық көмектің түрлері мен көлемін бекітеді;

11) жолдарда көлік құралдарының жүрісін тоқтату немесе уақытша шектеу, сондай-ақ елді мекендер шегінде жолдарды пайдаланғаны үшін ақы төлеу және елді

мекендердің әртүрлі аймақтарына белгілі бір көлік құралдары санаттарының ақылы түрде кіруін енгізу тәртібін бекітеді;

12) міндетті техникалық қарап тексеруді өткізу жөніндегі қызметтердің бағасын анықтау әдістемесін бекітеді;

13) өзіне Конституцияда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының Президенті актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

10-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган өз құзыреті ш е г і н д е :

1) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік с а я с а т т ы і с к е а с ы р а д ы ;

2) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу, механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, көлік құралдарын басқару құқығына емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын әзірлейді;

3) Қазақстан Республикасының жол жүрісі қағидаларын, көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түрлі түсті графикалық схемалар бойынша боялуға жататын жедел және арнайы қызметтер тізбесін әзірлейді;

4) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және оны жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жол жүрісі қауіпсіздігінің жай-күйі туралы жыл сайынғы мемлекеттік баяндаманы енгізеді;

6) мемлекеттік органдардың жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

7) орталық және жергілікті атқарушы органдардан, ұйымдардан олардың Қазақстан Республикасының жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын сақтауы туралы мәліметтерді сұратады және алады;

8) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық талдамаларды ұйымдастырады;

9) жүргізуші куәліктерінің, көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктердің, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінің нысандары мен үлгілерін бекітеді;

10) Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын жолдардың тәуекел дәрежесін бағалауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін бекітеді;

11) масаю жағдайына куәландыруға жіберу және оның нәтижелерін ресімдеу қағидаларын әзірлейді;

12) жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы жол жүрісін қамтамасыз ету

т ұ р ғ ы с ы н а н

к е л і с е д і ;

13) аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі құжаттаманы белгіленген тәртіппен келіседі;

14) автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын, темір жол өтпелерін, қалалық электр көлігі желілерін, тұрғын үй кешендерін және жекелеген ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ жаңа көлік құралдары үлгілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі жұмыс және мемлекеттік комиссияларға қатысады;

15) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құрады және пайдаланады;

16) жол жүрісін реттейді;

17) жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі қызметті жүзеге асыра бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді, сондай-ақ аудиторлық және кәсіби ұйымдар тізілімінің нысанын бекітеді;

18) көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыра бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді, сондай-ақ кәсіби бірлестіктер тізілімінің нысанын бекітеді;

19) жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдарды аккредиттеу тәртібін бекітеді;

20) көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіби бірлестіктерді аккредиттеу тәртібін бекітеді;

21) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11-бап. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) техникалық қарап тексеру операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) техникалық қарап тексерудің диагностикалық картасының нысанын әзірлейді;

3) жолаушы және жүк тасымалын ұдайы түрде жүзеге асырмайтын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің жеңіл такси және автобустармен жолаушылар мен багажды, сондай-ақ көлік құралдарымен жүкті тасу жөніндегі қызметті ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;

4) техникалық қарап тексеру операторларының тізілімін жүргізеді;

5) халықаралық техникалық қарап тексеру сертификаттарын беруді жүзеге асырады ;

6) қызмет өңірі шегінде механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеру өткізу кестесін келіседі;

7) ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшем шарттарын, «Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жыл сайынғы тексеру жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

12-бап. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын үйлестіреді;

2) механикалық көлік құралдары жүргізушілігіне кандидаттарға міндетті медициналық куәландыру жүргізу және механикалық көлік құралдары жүргізушілеріне міндетті мерзімдік медициналық қайта куәландыру жүргізудің қағидаларын әзірлейді;

3) көлік құралдары жүргізушілеріне рейс алдында, рейстен кейін және ағымдағы міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізу қағидаларын әзірлейді;

4) жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек беру, оның түрлері мен көлемінің қағидаларын әзірлейді;

5) автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесін бекітеді;

6) адамдардың көлік құралдарын басқаруына тыйым салынатын медициналық қарсы айғақтар тізбесін бекітеді;

7) төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге уақтылы медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырады;

8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

13-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Білім беру саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) жалпы білім беру мектептері оқушыларының жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы білім деңгейін арттыру бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын үйлестіреді;

2) балаларға жол жүрісі қағидаларын оқыту бойынша оқу бағдарламаларын бекітеді;

3) білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, оқу құралдары және басқа қосымша әдебиеттер, оның ішінде электрондық

жеткізгіштегі әдебиеттер тізбесін жасайды және бекітеді;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

14-бап. Сыртқы саясат қызметі саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Сыртқы саясат қызметі саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) жол жүрісі мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында халықаралық ұйымдармен және мемлекеттермен Қазақстан Республикасының қызметін үйлестіруді қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

2) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктерінің, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалардың автокөлік құралдарына тіркеу белгілерінің үлгілерін, көлік құралдарын және олардың жүргізушілерін халықаралық жол жүрісіне қатысуға рұқсат беру үшін қажетті басқа арнайы өнімдерді әзірлеуде өзара іс-қимыл жасасады;

3) шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктерінің, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалардың көлік құралдарын жүргізушілерінің арасында жол жүрісі қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т у г е қ а т ы с а д ы ;

4) механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің жеке түрлерін мемлекеттік тіркеуді жүргізуде, емтихан қабылдауда және жүргізуші куәліктерін беруде, сондай-ақ тиісті құқықтық көмек көрсетуде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен, консулдық мекемелерімен, халықаралық ұйымдар өкілдіктерімен, шетелдіктермен, азаматтығы жоқ адамдармен, шетел компанияларының филиалдарымен және өкілдіктерімен, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалармен өзара і с - қ и м ы л ы н ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

5) шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктерінің, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалардың механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің міндетті техникалық қарап тексеруден өтуін ұйымдастырады;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағының 2) – 6) тармақшаларында көрсетілген функцияларды

сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті орган дипломатиялық корпуспен жұмыс жөніндегі ведомствоға бағынысты ұйымға жүктейді.

15-бап. Төтенше жағдай саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Төтенше жағдай саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) жол-көлік оқиғалары салдарының нәтижесінде туындаған төтенше жағдайларды жою кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын үйлестіруді ұйымдастырады;

2) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде туындаған төтенше жағдайларды жою бойынша міндетті күші бар ұйғарымдарды б е р е д і ;

3) жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде туындаған төтенше жағдайларды жою кезінде материалдық-техникалық қорларды жұмылдырады;

4) жол-көлік оқиғалары салдарының нәтижесінде туындаған төтенше жағдайларды жоюға тартылған авариялық-құтқару қызметтерінің (оның ішінде аэромобильдік жасақтардың) жұмысын қамтамасыз етеді;

5) трассалық медициналық-құтқару пункттерінің қызметін құрады, ұйымдастырады ж ә н е қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16-бап. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) өкілді және атқарушы органдарының құзыреті

1. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) өкілді органдары өз құзыреті шегінде:

1) жергілікті бюджетті бекіткен кезде жол жүрісін ұйымдастыру және көліктік жоспарлау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемін айқындайды;

2) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдары басшыларының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі есептерін қарайды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдары өз құзыреті шегінде:

1) тиісті аумақта жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

2) жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін ұйымдастырады, жүргізеді және олардың орындалуын бақылайды;

3) облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда, елді мекендердің көшелерінде

жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, енгізу және күтіп-ұстау жөніндегі барлық жұмыс түрлерінің орындалуы мен бақылануын қамтамасыз етеді;

4) жолдарда жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және іске асырады;

5) қала құрылысы құжаттамасында жол жүрісін аумақтық-көліктік жоспарлау және ұйымдастыру бойынша құжаттаманың болуын қамтамасыз етеді;

6) қалалар мен өңірлердің көше-жол желілерінде жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі функцияларды іске асыру үшін мамандандырылған құрылымдарды құрады;

7) жол-көлік оқиғаларынан жоғалтулардың және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған бюджет шығындарының, сондай-ақ жолдарда авариялық деңгейін азайту үшін қабылданатын шаралар тиімділігінің мониторингін жүзеге асырады;

8) мыналар:

қоғамдық жолаушылар көлігін дамыту есебінен жеке меншік көлік құралдарын пайдалануды азайтуды ескере отырып, елді мекендердің бас жоспарын әзірлеу, қабылдау және орындау;

қаланың жекелеген аумақтарына көлік құралдарының кіруіне әртүрлі шектеулер енгізу жолымен жол жүрісін ұйымдастырудың арнайы аймақтарын белгілеу;

елді мекендерде жол жүрісін ақпараттық жағынан қамтамасыз ету арқылы елді мекендерге көліктік жүктемені азайту бойынша шаралар қабылдайды;

9) жолдарда жол жүрісін қалпына келтіру үшін жол-көлік оқиғаларының салдарын жоюды;

10) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17-бап. Жол жүрісі және оның қауіпсіздігін ұйымдастыру саласындағы қызметті үйлестіру

1. Жол жүрісін ұйымдастыру және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметті үйлестіру жол-көлік оқиғаларының дер кезінде алдын алу, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою және олардың зардабының ауыртпалығын азайту мақсатында мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың келісімді іс-қимылдар әзірлеуі және жүзеге асыруы арқылы жүзеге асырылады.

2. Қызметті үйлестірудің негізгі міндеттері:

1) мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалар қызметінің тиімділігін бағалау;

2) Қазақстан Республикасының жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасап шығару;

3) басшылар мен лауазымды адамдардың жол жүрісін ұйымдастыру және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жүргізген жұмысы туралы есептерін тыңдау

және олардың осы саладағы қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды жасап шығару;

4) жол жүрісін ұйымдастыру және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдамағаны үшін лауазымды адамдарды тәртіптік және өзге де жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстарды мемлекеттік органдар мен ұйымдарға енгізу болып табылады.

4-тарау. Жол жүрісі саласындағы тәуекелдерді басқару жүйесі және мемлекеттік бақылау

18-бап. Жол жүрісі саласындағы тәуекелдер

1. Жол-көлік оқиғалары мен олардың салдары мына бағыттар бойынша қызметті жүзеге асыруға байланысты жол жүрісі саласында бар тәуекелдер нәтижесінде
т у ы н д а у ы м ү м к і н :

1) жүк және жолаушы тасымалын жүзеге асыратын ұйымдардың тәуекелі – техникалық ақауы бар көлік құралдарын пайдалануға шығару, сондай-ақ денсаулық жағдайы көлік құралдарын қауіпсіз басқаруды қамтамасыз етпейтін адамдарды көлік құралдарын басқаруға жіберу тәуекелі;

2) автомобиль жолдарын, теміржол өтпелерін және басқа да жол құрылыстарын басқарушылардың тәуекелі – жолдарды, теміржол өтпелерін және басқа да жол құрылыстарын пайдалану талаптарын бұза отырып, оларды күтіп-ұстау тәуекелі;

3) медициналық ұйымдар тәуекелі – жол-көлік оқиғаларының салдарынан зардап шеккендерге медициналық көмекті уақтылы көрсетпеу тәуекелі;

4) оқу ұйымдарының тәуекелі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу нәтижесінде көлік құралдары жүргізушілігіне кандидаттарға және балаларға жол жүрісі қағидаларын сапасыз оқыту тәуекелі;

5) жобалау және құрылыс ұйымдарының тәуекелі – жолдар мен жол инфрақұрылымы объектілерін жол жүрісі қауіпсіздігі талаптарын ескермей, жобалау, салу және реконструкциялау тәуекелі;

6) көлік құралдарына техникалық қызмет ету және оларды жөндеу бойынша жұмыстарды орындайтын және қызметтерді ұсынатын ұйымдардың тәуекелі – көлік құралдарына техникалық қызмет ету мен оларды жөндеуді көлік құралдарын дайындайтын зауыттар белгілеген нормалар мен қағидаларды, доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы техникалық регламенттер талаптарын және көлік құралдарының зиянды (ластаушы) заттар шығаруына қойылатын талаптарды бұза отырып жүргізу тәуекелі;

7) көлік құралдарын жобалау мен өндіруді жүзеге асыратын ұйымдардың тәуекелі – м ы н а д а й :

көлік құралдарын олардың жол жүрісі жағдайындағы қауіпсіздігі талаптарын ескермей, жобалау және өндіру;

өндірілетін көлік құралдары мен олардың компоненттеріне қатысты қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін конструкцияның, технологиялық процестердің немесе сериялы және жаппай өндіріс өнімдерін бақылау жүйелерінің жетілмегендігі тәуекелі;

8) сәйкестікті растау жөніндегі органдар мен сынақ зертханаларының тәуекелі – мынадай :

көлік құралдарының, оларға орнатылатын немесе оларда пайдаланылатын жабдық заттары мен қосалқы бөлшектердің сәйкестігін көлік құралдарының қауіпсіздігін техникалық реттеу саласында көзделген талаптарды бұза отырып растау;

жаңа көлік құралы конструкциясының жекелеген элементтерінің жетілмегені, жоқтығы немесе техникалық ақаулығы салдарынан жол-көлік оқиғаларының жасалуы;

пайдалануға енгізілетін жаңа көлік құралдары мен олардың компоненттеріне қатысты қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін технологиялық процестердің немесе сериялы және жаппай өндіріс өнімдерін бақылау жүйелерінің жетілмегендігі тәуекелі;

9) техникалық қарап тексеруді жүзеге асыратын ұйымдардың тәуекелі – мынадай:

пайдаланылатын көлік құралдары мен олардың компоненттеріне қатысты қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін технологиялық процестердің немесе көлік құралдарын техникалық қарап тексеру желілерін бақылау жүйелерінің жетілмегендігі;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу нәтижесінде механикалық көлік құралдарына техникалық қарап тексеруді сапасыз өткізу ;

10) сауда жасаушы ұйымдардың тәуекелі – көлік құралдары қауіпсіздігінің техникалық талаптарына сәйкес келмейтін көлік құралдарын, көлік құралдарына орнатылуы және/немесе оларда пайдаланылуы мүмкін жабдық заттары мен қосалқы бөлшектерді сату тәуекелі .

2. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жоғарыда атап санамаланған тәуекелдерді ескере отырып, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлейді және бекітеді.

19-бап. Жол жүрісі саласындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі

1. Жол жүрісі саласындағы тәуекелдерді басқару жүйесі жол-көлік оқиғаларының туындау ықтималдығын, сондай-ақ жол-көлік оқиғалары нәтижесіндегі ауыр зардаптарды (адамдардың қаза болуы мен жарақаттануы) барынша азайтуға бағытталды .

2. Жол жүрісі саласындағы тәуекелдерді басқару жүйесі – жол жүрісі саласындағы мемлекеттік органдар тәуекелдерді және олардың жол жүрісі қауіпсіздігінің жай-күйіне әсер ететін салдарларын анықтау, бағалау, оларға мониторинг жасау, азайту

мақсатында жүзеге асыратын ұдайы құрылымданатын процесс.

3. Тәуекелдерді басқару процесі мынадай сатыларды қамтиды:

1) тәуекелдерді айқындау:

тәуекелдерді және тәуекел түзетін факторларды бағалау (жол-көлік оқиғаларының барлық ықтимал себептерін жүйелі түрде және ұдайы бақылау, талдау, олардың ықтималдығы мен мөлшерлерін сапалық тұрғыдан бағалау);

тәуекелдерді сыныптау (тәуекелдердің және олардың туындауына әкеп соғатын, дамуына әсер ететін факторлардың өзіндік ерекшелігін зерттеу, тарихи деректерді сарапшылық бағалау, тәуекелдер картасы);

2) тәуекелдерді өлшеу (бағалау), олардың өткізілу кезеңділігі тәуекелдің маңызына қарай, бірақ жылына екі реттен сирек өткізілмейтін болып белгіленеді;

3) тәуекелдерді талдауды жүзеге асыру;

4) тәуекелдерді басқару әдісін таңдау және қолдану;

5) тәуекелдерді басқару жүйесін түзету;

6) бақылау іс-шараларын жоспарлау және өткізу.

4. Жол жүрісі саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастырады, онда мыналар қамтылуға тиіс:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша өкілеттіктері мен функционалдық міндеттері, олардың жауапкершілігі;

2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша ішкі саясат пен рәсімдер;

3) тәуекелдердің жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы сыныпталуы бойынша жол берілетін жеке-жеке мөлшеріне лимиттер;

4) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға, орталық және жергілікті атқарушы органдарға тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша есептілікті ұсынудың ішкі рәсімдері;

5) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалаудың ішкі өлшем шарттары.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін орталық және жергілікті атқарушы органдар өз құзыреттері шегінде белгілейді.

5. Жол жүрісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар өз құзыреттері шегінде белгілеген талаптарға сай келетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне ие болуға тиіс.

6. Мемлекеттік органдардың бақылау қызметін жоспарлау тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

20-бап. Пайдаланылатын жолдар мен көлік құралдарының тәуекел дәрежесін бағалау

1. Пайдаланылатын жолдар мен көлік құралдарының тәуекел дәрежесін бағалау жол жүрісінің қауіпсіздігі бойынша аудиторлық ұйым жүргізетін, пайдаланылатын жолдар

мен көлік құралдарының сапасын (қауіпсіздігін) және тәуекелдерін басқару жүйесі
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Пайдаланылатын жолдар мен көлік құралдарының тәуекел дәрежесін бағалау жол жүрісіне қатысушыларды олардың қауіпсіздік жай-күйі туралы хабардар ету, жол иелері мен көлік құралдарын шығарушыларды пайдаланылатын жолдар мен көлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ынталандыру мақсатында жол-көлік оқиғаларына ұшырау тәуекелінің дәрежесі жоғары, орташа және болмашы жолдар мен көлік құралдарын анықтауға, сондай-ақ мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы заңнамада көзделген тиісті шараларды қабылдауға бағытталады.

3. Пайдаланылатын жолдар мен көлік құралдарының тәуекел дәрежесін бағалауды жол жүрісі қауіпсіздігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым өз бастамасы не тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша жүргізеді.

4. Аудиторлық ұйымдар пайдаланылатын жолдар мен көлік құралдарының қауіпсіздік деңгейін бағалау жөніндегі өз қызметін мына:

1) жол-көлік оқиғаларының болу тәуекелінің дәрежесі жоғары пайдаланылатын жолдар мен көлік құралдарының қауіпсіздік дәрежесін бағалау;

2) жол-көлік оқиғаларының жасалу тәуекелінің дәрежесі жоғары пайдаланылатын жолдардағы жол жүрісінің қауіпсіздігіне инвестициялар жоспарларын әзірлеу;

3) пайдаланылатын жолдар мен көлік құралдарының қауіпсіздігін арттыру мақсатында оқытуды, технологиялар мен қолдауды ұсыну;

4) қаржы қаражатын салуға мониторингті және осындай салымдардың жол жүрісі қауіпсіздігінің жай-күйіне тиімділігін бағалауды жүзеге асыру үшін жол жүрісі қауіпсіздігінің көрсеткіштерін бақылау бағыттары бойынша жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен, жол иелерімен және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасаса отырып, жүзеге асырады.

5. Пайдаланылатын жолдар мен көлік құралдарының тәуекел дәрежесін бағалау:

1) пайдаланылатын жолдар мен көлік құралдарына жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы арнаулы жабдықтар, бағдарламалық қамтамасыз етілімдер және мамандар көмегімен инспекция жүргізу;

2) жолдар мен көлік құралдарын пайдаланушылар үшін олардың конструкциялық қауіпсіздігін жол жүрісіне қатысушылардың жол-көлік оқиғаларынан және экологиялық жағдайға, халықтың дене және психикалық саулығына теріс әсерден қорғалу дәрежесі бойынша объективті өлшеу мақсатында пайдаланылатын жолдар мен көлік құралдарына инспекция жүргізу нәтижелері бойынша олардың тәуекел дәрежесін бағалау жүйесін құру;

3) әртүрлі жол учаскелерінде жол-көлік оқиғалары нәтижесінде қаза болған және жарақаттанған адамдардың нақты санын және жол-көлік оқиғаларында адамдардың қаза табу және жарақаттану тәуекелін көрсететін стандартты түсті кодтарды енгізе отырып жолдардың тәуекел карталарын жасау арқылы салдары ауыр жол-көлік

оқиғалары туралы статистикалық деректер негізінде пайдаланылатын жолдардың тәуекел аймақтарын картаға түсіру негізінде жүзеге асырылады.

Жолдардың тәуекел картасы жаяу жүргіншілердің, велосипедшілердің, мотоциклшілердің бір-бірімен, көлік құралдарымен және жолдардың конструкциялық сипаттамаларымен өзара іс-қимылы нәтижесінде туындайтын жиынтық тәуекелді көрсетеді және жолдардың нақты авариялық қауіпті учаскелерін айқындайды;

4) пайдаланылатын жолдарды жетілдіру үшін жол жүрісі қауіпсіздігіне инвестициялардың іске асыру жөніндегі практикалық ұсынымдарымен қоса берілетін қолжетімді және экономикалық орынды жоспарларын қалыптастыру;

5) оқыту және пайдаланылатын жолдардың қауіпсіздік деңгейін бағалау технологиялары мен бағдарламалық қамтамасыз етілімдерін қолдануға практикалық көмек көрсету арқылы жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі аудиторлық ұйымдардың мүмкіндіктерін қалыптастыру және қолдау негізінде жүзеге асырылады.

6. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган пайдаланылатын жолдар мен көлік құралдарының тәуекел дәрежесін бағалау жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастырады, бұқаралық ақпарат құралдарында пайдаланылатын жолдар мен көлік құралдарының қауіпсіздік деңгейінің рейтингін, сондай-ақ жолдардың тәуекел карталарын не олардан нақты авариялық қауіпті жол учаскелері жөніндегі мәліметтерді жариялайды.

7. Жол иелері жолдарды жетілдіру арқылы олардың қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша шаралар қабылдайды.

21-бап. Жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылауды уәкілетті мемлекеттік органдар осы Заңда белгіленген өз құзыреттері шегінде тексерулер нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырады.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдардың бақылау функцияларын орындау жөніндегі қызметін үйлестіруді жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Бақылау мен қадағалау «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

22-бап. Жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар

Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

1) Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы – жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган ведомствосының басшысы;

2) Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі

бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары – жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган ведомствосы басшысының орынбасарлары;

3) Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік инспекторлары – жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган ведомствосының мемлекеттік бақылау жөніндегі мамандары;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары – жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің басшылары;

5) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бас мемлекеттік инспекторларының орынбасарлары – жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары;

6) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік инспекторлары – жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік бақылау жөніндегі мамандары.

23-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамдарының жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырған кездегі құқықтары мен міндеттері

1. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарының өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін м ы н а л а р ғ а :

1) заңды тұлғалар мен лауазымды адамдарға жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бұзушылықтарды жою туралы орындалуға міндетті нұсқамалар беруге, ал осындай нұсқамалар бойынша қажетті шаралар қабылданбаған жағдайда кінәлі тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тартуға құқығы бар. Нұсқаманы жол жүрісі қауіпсіздігінің бас мемлекеттік инспекторлары қабылданған шаралар туралы ақпарат ұсыну мерзімдерін көрсете отырып, өз құзыреттеріне сәйкес жазбаша түрде береді;

2) дүлей зілзалалар, қолайсыз жол-климат жағдайлары кезінде; бұқаралық іс-шаралар өткізу кезінде көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіз жүрісіне қажетті жағдай жасау мақсатында не егер көлік құралдарын пайдалану жол жүрісінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса; егер темір жол өтпелері оларды жол жүрісіне қауіпсіз жағдайда күтіп-ұстау қағидаларына жауап бермесе; жолдарда жөндеу-құрылыс

және басқа да жұмыстар жүргізу кезінде; террористікке қарсы операциялар жүргізу кезінде; технологиялық аварияның алдын алу немесе оның салдарын жою жөніндегі іс-шараларды өткізу кезінде жекелеген жол учаскелерінде жол жүрісін уақытша шектеуге немесе оған тыйым салуға, жол жүрісінің ұйымдастырылуын өзгертуге;

3) жолдарда жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұза отырып, жүзеге асырылатын жөндеу-құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізуді шектеуге немесе оған тыйым салуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда көлік құралдарын және олардың тіркемелерін, тракторларды және басқа да өздігінен жүретін машиналарды пайдалануға тыйым салуға, оның ішінде осындай тыйым салуға негіз болған себептерді жойғанға дейін, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ақаулар мен жағдайлар болған кезде мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін шешіп ала отырып тыйым салуға, ал тиісті техникалық пайдалану қағидаларында көзделген ақаулықтар болған кезде троллейбустар мен трамвайларды пайдалануға тыйым салуға; тораптарының және агрегаттарының нөмірі не мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері жасырылған, қолдан жасалған, өзгертілген, сондай-ақ көлік құралдарын таңбалау тіркеу құжаттарында көрсетілген деректерге сәйкес келмеген кезде көлік құралдарын пайдалануға тыйым салуға;

5) іс жүргізуде жатқан істер мен материалдар бойынша азаматтар мен лауазымды адамдарды заңда белгіленген тәртіппен шақыртуға, олардан қажетті түсініктемелер, анықтамалар, құжаттар (олардың көшірмелерін) алуға;

6) жедел медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда шет мемлекеттердің дипломатиялық, консулдық және өзге де өкілдіктеріне, халықаралық ұйымдарға тиесілі көлік құралдарынан және арнайы мақсаттағы көлік құралдарынан басқа кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің және азаматтардың көлік құралдарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен шығындарды өтей отырып пайдалануға ;

7) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға жүктелген, мемлекеттік тапсырыс берушінің жол-көлік оқиғалары орнында оның зардаптарының ауырлығын азайту мақсатында қолданылатын жол жүрісі қағидаларының сақталуын техникалық бақылау құралдарын, авариялық-құтқару жабдықтарын, сондай-ақ жол жүрісінің қауіпсіздігін арттыруға ықпал ететін өзге де техникалық құралдарды, автоматтандырылған жүйелер мен аспаптарды әзірлеу және дайындау жөніндегі функцияларын орындауға қатысуға;

8) іздестірудегі көлік құралдарын ұстауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға;

9) халыққа мемлекеттік қызметтерді ұсынатын уәкілетті органдармен өзара

іс-қимыл жасаса отырып, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша уақтылы орындалмаған қаулысы бар тұлғаға оны орындағанға дейін мемлекеттік қызметтер ұсынудан бас тартуға құқығы бар.

2. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

24-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру

1. Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша:

1) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жасап шығару мен іске асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіруге қатысуға;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметімен, орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара қарым-қатынастарда жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның атынан өкілдік етуге;

3) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның атынан хат-хабар жазысуға;

4) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, ұйымдардан және лауазымды адамдардан олардың Қазақстан Республикасының жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын сақтауы туралы мәліметтерді сұратуға және алуға;

5) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарына және ұйымдарға Қазақстан Республикасының жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы (қаулыларды, нұсқамаларды, шешімдерді) енгізуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықаралық ұйымдарда және шет мемлекеттермен өзара қарым-қатынастарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіруге;

7) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бас мемлекеттік инспекторларының қызметіне басшылықты жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Мемлекеттік инспекторлар жүргізілген мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша және жол қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулылары талаптарының анықталған бұзушылықтарына қарай мынадай актілерді шығарады:

- 1) тексеру жүргізу нәтижелері жөніндегі акт;
- 2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама;

3) жол қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы н ұ с қ а м а ;

4) жол қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары бұзылған жағдайда кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы.

3. Дара кәсіпкерлердің, заңды және жеке тұлғалардың жол қауіпсіздігі саласындағы нормаларды, қағидаларды, техникалық регламенттер мен стандарттарды сақтауы б а қ ы л а н у ғ а ж а т а д ы .

4. Жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган лауазымды және өзге тұлғаларға жол жүрісін ұйымдастыру және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасында қолданылатын қағидалардың, нормативтер мен стандарттардың талаптарын, сондай-ақ механикалық көлік құралдарының экологиялық қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтарды жою туралы орындалуға міндетті нұсқамалар береді, ал осы нұсқамалар бойынша қажетті шаралар қабылданбаған жағдайда кінәлі тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартады.

5-тарау. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті

25-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті

1. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудитін жоспарлаушылар, жобалаушылар, құрылыс мердігерлері немесе пайдаланушы қызметтер жол берген жол-көлік оқиғаларының ықтимал себептері болып табылатын жол жүрісі саласындағы тәуекелдерді жасайтын ақауларды ерте анықтау және оларды жол конструкциясы мен көлік құралын түзету арқылы жою мақсатында жол мен көлік құралының технологиялық дайындығының әртүрлі сатыларында тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша аудиторлық ұйым ж ү р г і з е д і .

2. Жолдың не көлік құралының жобасын технологиялық жағынан дамытудың барлық сатысында қауіпсіздік аудиті мына міндеттерді шешуді талап етеді:

1) объектіні пайдалану сатысында жол-көлік оқиғаларының туындау ықтималдығын б а р ы н ш а а з а й т у ғ а ж е т к і з у ;

2) тәуекелді толық болғызбау мүмкін емес жол учаскелерінде ықтимал жол-көлік оқиғаларының салдарын барынша азайтуға жеткізу үшін нәтижелі шешімдер қолдану;

3) жолдар мен көлік құралдарын пайдаланудан жоспарлаушылардың, жобалаушылардың, құрылыс мердігерлерінің немесе пайдаланушы қызметтердің қателері мен кемшіліктері салдарынан туындаған ақауларды жою;

4) алдыңғы кезеңдерде ақауларды анықтау және алып тастау есебінен жолдың не көлік құралының жобасын технологиялық жағынан дамытудың келесі кезеңдерінде

шығындарды

азайту.

3. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жол жүрісінің сапасын (қауіпсіздігін) басқару жүйесі болып табылады және ол:

1) негіздеу (жоспарлау);

2) нобайлық жобалау;

3) егжей-тегжейлі жобалау (жұмыс жобасы);

4) жаңа жолды салу (жүрісті ашу алдында);

5) қолданыстағы жолды пайдалану (жүріс ашылғаннан кейін);

6) жаңа көлік құралын жинау (жаңа көлік құралдарын пайдалануға шығарар алдында олардың белсенді емес және белсенді қауіпсіздігін сынау);

7) көлік құралдарын пайдалану (пайдалануға шығарғаннан кейін) сатыларында орындалады.

4. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жобаның қандай даму сатысында қолданылғанына қарай, мынадай:

1) елді мекендердің жолдары мен көшелерін жоспарлау кезіндегі;

2) елді мекендердің Бас жоспарларын (даму және құрылыс салу схемаларын) әзірлеу кезіндегі;

3) жолдарды салудағы немесе реконструкциялаудағы;

4) пайдаланылатын жолдардағы;

5) арнайы мақсаттағы жол объектілеріндегі:

жүріс жағдайларын жол жұмыстарын жүргізумен байланысты уақытша өзгерткендегі;

бір жол жобасынан гөрі ұзындау желі учаскелері үшін сигнализацияны оңтайландырығандағы;

велосипед жүрісі үшін қауіпсіздік жағдайларындағы;

жаяу жүргінші жүрісі үшін қауіпсіздік жағдайларындағы;

6) жаңа көлік құралдарының белсенді емес және белсенді қауіпсіздігіндегі;

7) пайдаланылатын көлік құралдарындағы қауіпсіздік аудиті түрлеріне бөлінеді.

5. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жолдың және көлік құралының жобасын технологиялық жағынан дамытудың әрбір сатысында міндетті болып табылады.

26-бап. Аудиторлық қызмет

1. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудитін жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органды аудиторлық қызметтің басталғаны туралы хабардар еткен және жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы мәліметтерді қамтитын жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті тізілімдемесіне енгізілген аудиторлық ұйымдар жүргізеді.

2. Жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аудиторлық ұйымды бекіту және оны жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті тізіліміне енгізу туралы шешімі (бұйрығы) жол жүрісі қауіпсіздігінің аудитін жүзеге асыруға негіз

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

3. Аудиторлық ұйым жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады. Шетелдік ұйым, егер оның мәртебесін Жол жүрісі туралы және жол белгілері мен сигналдары туралы конвенциялардың уағдаласушы тарабының құзыретті органы растаса, аудиторлық ұйым болып танылады.

4. Шетелдік аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасының резиденттері – олар тиісті аудиторлық ұйымдарды құрған кезде ғана Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті жүзеге асырады.

5. Аудитор өзінің аудитор ретіндегі қызметін тек бір аудиторлық ұйымның құрамында ғана жүзеге асырады. Аудитор тек бір аудиторлық ұйымның ғана қ а т ы с у ш ы с ы б о л а а л а д ы .

6. Аудиторлық ұйымдар жол жүрісі қауіпсіздігінің аудитімен айналысу үшін жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға атауы көрсетілген ж ә н е м ы н а д а й құ ж а т т а р д ы :

1) жол жүрісі қауіпсіздігінің аудитін жүргізу әдістері және процесі көрсетілетін а у д и т жү р г і з у б а ғ д а р л а м а с ы н ;

2) сарапшылардың біліктілігі мен қызмет бейіні;

3) аудит жүргізілетін үй-жайлар туралы, сондай-ақ оны жүргізу үшін пайдаланылатын құралдар туралы ақпарат қоса тіркелетін жазбаша өтінішін жіберуге м і н д е т т і .

7. Жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органды қызметінің басталғаны туралы хабардар еткен аудиторлық ұйым хабарламаға:

1) жеке куәліктің (жеке тұлғалар үшін);

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (заңды тұлғалар үшін);

3) аудиторлық ұйым жұмысы жоспарының;

4) меншік құқығында материалдық-техникалық базаның бар екенін растайтын құқық белгілеуші құжаттардың көшірмелерін қоса тіркейді.

8. Жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган табыс етілген құжаттарды өтініш алынған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қарайды. Көрсетілген мерзімде өтініш берушінің тұрған жеріне барып үй-жайлардың және пайдаланылатын құралдардың сәйкестігіне қарап-тексеру жүргізіледі.

27-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудитін жүргізу жөніндегі қызметпен айналысуынан бас тарту және айналысуына тыйым салу негіздері

1. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудитін жүргізу жөніндегі қызметпен айналысуынан б а с т а р т у ү ш і н :

1) осы бапта көзделген қызметті ұйымдастыру жөніндегі талаптарды орындамау;

2) табыс етілген құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дұрыс еместігі негіз болып т а б ы л а д ы .

2. Өтініш берушіге аудиторлық қызметпен айналысуынан бас тартқанда, жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган күнтізбелік он күн ішінде бас тарту себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде хабарлайды.

3. Осы бапта көзделмеген негіздер бойынша қызметпен айналысуынан бас тарту туралы шешім шығаруға тыйым салынады.

4. Өтініш беруші бас тартуға негіз болған себептерді жойғаннан кейін жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға қайтадан жүгіне алады.

5. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудитін жүргізу жөніндегі қызметпен айналысуына тыйым салу үшін:

1) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі қызметпен айналысудан өз еркімен бас тарту туралы өтініші;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қызметін тоқтату, оны тарату немесе қайта ұйымдастыру;

3) жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті тізіліміне енгізген кезде жауапкершілігі шектеулі серіктестік туралы көрінеу дәйексіз ақпарат табыс ету негіз болып табылады.

6. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікті тізілімнен шығарған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шығару себептері көрсетілген тиісті хабарлама қолмен тапсырылады немесе жіберіледі.

Тізілімнен шығару жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті бойынша жауапкершілігі шектеулі серіктестік қызметін тоқтатуға әкеліп соғады.

Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудитін жүргізу қағидаларын және жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

7. Жол жүрісі қауіпсіздігі аудитінің жүргізілуі мен аудиторлық ұйымдар қызметін бақылауды жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырады.

28-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдар

1. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдар коммерциялық емес ұйымдар болып табылады және өз мүшелерінің жалпы жиналысында қабылданатын жарғы негізінде іс-қимыл жасайды.

2. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдардың құрылымы мен жұмыс органдары олардың жарғыларында айқындалады.

3. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар ғана жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдардың құрылтайшылары және қатысушылары бола алады. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар тек бір жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымның ғана мүшелері ретінде әрекет етеді.

Кәсіби ұйымның мүшелері – аудиторлардың олардың басқару органдарына

сайлауға және сайлануға құқығы бар.

4. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдар жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен аккредиттелуге жатады.

5. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдарды аккредиттеу жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша аккредиттеу туралы куәлікпен расталады.

Аккредиттеу туралы куәлік Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды.

6. Аккредиттеу туралы куәлік келесі:

- 1) заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;
- 2) аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын өз еркімен тоқтату туралы өтініш берілген;
- 3) жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұрған себептер жойылмаған;
- 4) аккредиттеу туралы куәлік бірнеше рет (соңғы он екі айда екі рет) тоқтатыла тұрған жағдайларда өз қолданысын тоқтатады.

Аккредиттеу туралы куәліктің қолданысы осы баптың 6-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда, кәсіби ұйым екі жыл ішінде аккредиттеуден өту мақсатымен жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге құқығы жоқ.

29-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

1. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдар:

- 1) аудиторлық ұйымдар сапасының сыртқы бақылауын жүзеге асыруға;
- 2) жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аудиторлардың біліктілігін арттыру жөнінде курстар өткізуге, курстардан өткені туралы сертификаттар беруге;
- 3) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың жұмыс тәжірибесін талдауға, қорытуға және таратуға;
- 4) мемлекеттік, қоғамдық және халықаралық ұйымдарда аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың мүдделерін білдіруге;
- 5) өздерінің қатысушылары болып табылатын аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметті жүзеге асыруға байланысты дауларын қарауға;
- 6) аудиторлық ұйымдардың рейтингін жүргізуге және оны мерзімді баспа басылымдарында жариялауға;
- 7) жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті мәселелері бойынша халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысуға;
- 8) аудиторлық қызмет саласында оқу әдебиетін, әдістемелік ұсынымдарды, мерзімді баспа басылымдарын әзірлеуге, басып шығаруға және таратуға;

9) аудит стандарттары және аудиторлық қызметтің өзге де мәселелері бойынша ұ с ы н ы м д а р б е р у г е ;

10) сапаға жүргізілген сыртқы бақылау қорытындылары бойынша аудит стандарттарын және Әдеп кодексін бұзуға жол берген адамдарды кәсіби ұйымнан ш ы ғ а р у ғ а ;

11) аудиторлардың біліктілігін арттырудың оқу бағдарламаларын әзірлеуге және б е к і т у г е қ ұ қ ы л ы .

2. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдар:

1) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасын, аудит стандарттарын, Әдеп кодексін сақтауға;

2) аккредиттеу алған кезден бастап алты ай ішінде Біліктілік комиссиясын құруға;

3) өз мүшелерін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілерімен қамтамасыз етуге;

4) Әдеп кодексін әзірлеуге және қабылдауға;

5) аудитті дамытуға, оның тиімділігін арттыруға, аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қызметін ұйымдастыруға және үйлестіруге ықпал етуге;

6) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың аудит стандарттарының, Әдеп кодексінің талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге;

7) мүшелер қабылданған (шыққан, шығарылған), сондай-ақ басқарма жұмыс органының персоналдық құрамы өзгерген жағдайда осы өзгерістер туралы жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

3. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдар жол жүрісі қауіпсіздігі аудитінің стандарттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді.

30-бап. Аккредиттеу туралы куәліктен айыру

1. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйым, егер:

1) аккредиттеу алған кезден бастап алты ай ішінде Біліктілік комиссиясын құрмаса;

2) осындай кәсіби ұйым тарапынан қолдаухат жасалмай, күнтізбелік он екі ай ішінде кәсіби ұйым мүшелері – аудиторлық ұйымдардың орташа санының он пайызы, бірақ кемінде бесеуі аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған тізілімнен ш ы ғ а р ы л с а ;

3) бір жыл ішінде Аккредиттеу қағидаларын жүйелі түрде (қатарынан екі реттен көп) б ұ з с а ;

4) жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға өзі және өз қызметі туралы көрінеу жалған ақпарат берсе;

5) жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган нұсқама шығарған себеп үш ай ішінде жойылмаса, аккредиттеу туралы куәліктен айырылады.

2. Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдар жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның шешіміне сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

31-бап. «Аудитор» біліктілігін беруге үміткерлерді аттестаттау

1. Аттестаттауға жоғары білімді және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету және/немесе жол жүрісін ұйымдастыру саласында бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар адам жіберіледі.

2. Аттестаттаудан өткен адамдар «аудитор» біліктілігінің берілгені туралы біліктілік куәлігін және біліктілік куәлігінің нөмірі, тегі, өз аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты көрсетілген аудитордың жеке мөрін алады.

«Аудитор» біліктілігінің берілгені туралы шешім Біліктілік комиссиясы айқындайтын мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

3. Аттестаттаудан өтпеген адамдар Біліктілік комиссиясының шешімі қабылданған күнінен бастап үш ай өткеннен кейін одан қайтадан өтуге жіберіледі.

32-бап. Біліктілік комиссиясы

1. Біліктілік комиссиясын оның құрылтайшысы болып табылатын, аудиторлық ұйымдарының саны оннан кем емес кәсіби ұйым құрады.

2. Біліктілік комиссиясы мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады және ол ереже (жарғы) негізінде әрекет етеді.

3. Біліктілік комиссиясы филиалдар мен өкілдіктер құруға құқығы жоқ.

4. Біліктілік комиссияларының құрамына жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органнан бір өкілден кіреді.

5. Біліктілік комиссияларының төрағалары болып оның мүшелері арасынан аудиторлық қызметпен айналысатын аудиторлар жай көпшілік дауыспен үш жыл мерзімге сайланады. Бір адам қатарынан екі рет төраға болып сайлана алмайды.

6. Біліктілік комиссияларының қызметін қаржыландыру мен материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді құрылтайшылар (қатысушылар) өз қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырады.

7. Біліктілік комиссиясы аудиторлыққа үміткерлерді аттестаттау бағдарламасын әзірлейді және бекітеді.

8. Біліктілік комиссиялары шешім қабылданған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға біліктілік куәлігінің нөмірін көрсете отырып, отырыстың хаттамасын және «аудитор» біліктілігі берілген адамдар Біліктілік комиссиясына табыс еткен құжаттардың нотариаттық куәландырылған көшірмелерін табыс етуге міндетті.

9. Аудиторлыққа үміткерлерге аттестаттау жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган біліктілік комиссияларының шешімдеріне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

33-бап. «Аудитор» біліктілік куәлігінен айыру

1. «Аудитор» біліктілік куәлігінен айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган «аудитор» біліктілік куәлігінен айыру туралы шешімді жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдарға хабарлайды.

3. «Аудитор» біліктілік куәлігінен айырылған адамдар қайтадан аттестаттауға үш жылдан кейін ғана жіберіледі.

34-бап. Аудит жүргізуге арналған шарт

1. Аудиторлық ұйымдар мен аудиттелетін субъектілер арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шарт негізінде құрылады.

2. Аудит жүргізуге және (немесе) аудиторлық қызмет бейіні бойынша қызметтер ұсынуға арналған шартта: шарт нысанасы, ақы төлеу мерзімдері, мөлшері мен шарттары, тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі, алынған ақпараттың құпиялылығы, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымға мүшелік көзделеді.

3. Аудиттелетін субъектіге міндетті аудит жүргізуге және ілеспе қызметтер көрсетуге арналған шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

4. Аудит жүргізуге арналған шартты орындау кезінде аудитор және (немесе) аудиторлық ұйым алған мәліметтер коммерциялық құпияны құрайды. Коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді сақтау міндетін бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке әкеліп соғады.

35-бап. Аудиторлық қорытынды

1. Аудиторлық қорытынды жүргізілген аудит нәтижелері бойынша жасалады және ол осы Заңның талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Аудиторлық қорытындыда орындаушы аудитордың және аудиторлық ұйымның тәуелсіз пікірі қамтылады.

2. Аудиторлық қорытындыға орындаушы аудитор біліктілік куәлігінің нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып, қол қояды, ол оның жеке мөрімен расталады, аудиторлық ұйым басшысының қолымен бекітіледі және аудиторлық ұйымның мөрімен расталады.

Аудитор жеке мөрін тиісінше пайдаланбағаны және сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

3. Жол жүрісі қауіпсіздігіне аудит жүргізу нәтижелері:

1) қарастырылатын жол учаскелерінде жол-көлік оқиғаларының туындау ықтималдығының дәрежесі туралы;

2) негізгі пайдаланылу сапаларының бірі ретінде жолдың немесе көлік құралдарының жалпы қауіпсіздік деңгейі туралы;

3) жаңа көлік құралының белсенді емес және белсенді қауіпсіздігінің жалпы деңгейі туралы қорытынды түрінде ресімделеді.

Жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті нәтижесінде дайындалған қорытынды жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның, тапсырыс берушінің және тиісті технологиялық сатыда жұмыстарды орындаушылардың: жоспарлаушының, жобалаушының, мердігердің, пайдаланушы ұйымның қарауына беріледі.

36-бап. Сапаны бақылау және оның түрлері

1. Сапаны бақылау аудиторлар мен аудиторлық ұйымның аудит стандарттары талаптарын сақтауына бағытталады.

2. Сапаны ішкі және сыртқы бақылау сапаны бақылау түрлері болып табылады.

Сапаны ішкі бақылауды аудиторлық ұйым аудит стандарттарына сәйкес дербес жүзеге асырады.

Сапаны сыртқы бақылауды жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйым үш жылда бір рет өз мүшелеріне қатысты жүзеге асырады.

3. Сапаны сыртқы бақылау қағидаларын тиісті жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдар әзірлейді.

Сапаны сыртқы бақылауды өз қызметін аудитор ретінде жүзеге асыратын аудиторлар ғана жүргізе алады.

4. Аудиторлық ұйым кәсіби ұйымның қорытындысына сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

37-бап. Аудиторлардың құқықтары мен міндеттері

1. Аудиторлар :

1) аудит жүргізуге арналған шарт талаптарын орындау үшін аудиттелетін субъектінің қажетті құжаттамасын алуға және тексеруге;

2) жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымға кіруге;

3) аудит барысында туындаған сұрақтар бойынша аудиттелетін субъектінің лауазымды адамдарынан ауызша және жазбаша түрде түсіндірмелер алуға;

4) жол жүрісі қауіпсіздігінің аудиті жөніндегі кәсіби ұйымдардың шешіміне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

2. Аудиторлар :

1) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасын, аудит стандарттарын сақтауға;

2) коммерциялық құпияны жария етпеуге;

3) аудиттелетін субъектіге жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты анықталған бұзушылықтар туралы ақпарат беруге;

4) аудит нәтижесінде анықталған жол жүрісі саласында заңнаманы бұзушылықтар туралы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

38-бап. Аудиторлық ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

1. Аудиторлық ұйымдардың:

1) аудит жүргізуге арналған шарт талаптарын орындау үшін аудиттелетін субъектінің қажетті құжаттамасын тексеруге;

2) аудит барысында туындаған сұрақтар бойынша аудиттелетін субъектінің лауазымды адамдарынан ауызша және жазбаша түрде түсіндірмелер алуға;

3) аудит жүргізуге әртүрлі бейіндегі мамандарды шарт негізінде қатысуға тартуға
қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Аудиторлық ұйымдар:

1) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасын сақтауға;

2) жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган жүргізетін тексерулердің жүргізілуіне кедергі келтірмеуге;

3) аудиттелетін субъектіге аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар туралы ақпарат беруге;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының анықталған бұзушылықтары туралы аудиттелетін субъектілерді хабардар ете отырып, жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға хабарлауға;

5) жүргізілген аудит нәтижелері туралы қорытындыны жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға, тапсырыс берушіге және тиісті технологиялық сатыда жұмыстарды орындаушыларға табыс етуге міндетті.

3. Аудиторлық ұйымдардың қызметіне мемлекеттік органдардың, аудиттелетін субъектілердің және кез келген үшінші тұлғалардың заңсыз араласуына жол берілмейді

39-бап. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігі

Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасын, сондай-ақ шарт талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

40-бап. Аудит жүргізуге құқықты шектеу

Аудиторлық ұйымдардың:

1) осы аудиторлық ұйым немесе оның осы аудитті жүзеге асырушы қызметкерлері өздерінің қатысушысы, кредиторы болып табылатын тапсырыс берушілерге;

2) орындаушылары аудиттелетін субъектімен еңбек қатынастарында тұрған немесе оның лауазымды тұлғаларының жақын туыстары немесе жегжаттары болып табылатын а у д и т о р л ы қ ұ й ы м н ы ң ;

3) аудиттелетін субъектіде жеке мүлiктiк мүдделерi бар орындаушылардың аудит жүргiзуiне тыйым салынады.

41-бап. Аудиттелетін субъектінің құқықтары мен міндеттері

1. Аудиттелетін субъект:

- 1) аудиторлық ұйымнан Қазақстан Республикасы заңнамасының аудит жүргізуге қатысты талаптары туралы қажетті ақпарат алуға;
- 2) аудиторлық ұйымның ескертпелері мен тұжырымдары негізделетін нормативтік құқықтық актілермен танысуға;
- 3) аудитордан, аудиторлық ұйымнан анықталған бұзушылықтар туралы ақпарат алуға;
- 4) аудиторлық ұйым шарт талаптарын бұзған жағдайда, оның қызмет көрсетулерінен бас тартуға құқылы.

2. Аудиттелетін субъект:

- 1) уақтылы және сапалы аудит жүргізуі үшін аудиторлық ұйымға жағдай жасауға, қажетті құжаттаманы табыс етуге, ауызша немесе жазбаша нысанда түсіндірулер мен түсінік беруге;
- 2) егер шартта өзгеше көзделмесе, аудитке жатқызылған мәселелер ауқымын шектеу мақсатында аудиторлық ұйымның қызметіне араласпауға;
- 3) аудиторлық ұйымның талабы бойынша қажетті ақпаратты алу үшін үшінші тұлғаның атына өз атынан жазбаша сауал жіберуге міндетті.

3. Аудиторлық ұйымның шарт бойынша міндеттемелерден туындайтын талаптарын орындау аудиттелетін субъект үшін міндетті.

42-бап. Аудиттелетін субъектінің жауапкершілігі

1. Аудиттелетін субъект аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымға берілген жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты ақпараттың толық және дәйекті болуы үшін жауапты болады.
2. Аудитті жүргізу аудиттелетін субъектіні табыс етілген ақпараттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмегені үшін жауапкершіліктен босатпайды.

6-тарау. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жол-көлік оқиғаларының салдарын жоюға бағытталған қызметті басқару

43-бап. Жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар

1. Жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды оның қауіпсіздігі мен жолдардың өткізу қабілетін арттыру мақсатында көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган, қарамағында жолдар бар жергілікті атқарушы органдар, жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.
2. Жолдардың өткізу қабілетінің жоғары болуын және жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жолдардың иелері:

1) аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру бойынша құжаттама негізінде жол жүрісін ұйымдастыру және көліктік жоспарлау жөніндегі қызметті жүзеге асырады;

2) жолдарда көлік құралдарының үздіксіз жүрісін және осындай жүрістің қауіпсіз жағдайларын қолдау мақсатында техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдарының тәулік бойы пайдаланылуын және жедел жөнделуін қамтамасыз етеді.

3. Аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар өз құзыреттері шегінде:

1) аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру бойынша құжаттаманы әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді;

2) аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру саласында, жобаларды келісу мен қаржыландыру көздерін айқындауды қоса алғанда, бірлескен жобалаудың және іс-шараларды іске асырудың өңіраралық және өңірлік үйлестірілуін қамтамасыз етеді;

3) адамдардың жаппай келетін объектілерін салуды жоспарлау кезінде аумақтық көлік жүйелерінің тасымалдау және өткізу мүмкіндіктерін есепке алуға қойылатын талаптарды белгілейді;

4) елді мекендер көлік жүйелерінің тасымалдау және өткізу мүмкіндіктерінің есепке алынуын қамтамасыз ету мақсатында күрделі құрылыс объектілерін орналастыру және оларды көше-жол желісіне қосу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді;

5) көліктік жоспарлау, көліктік инфрақұрылым объектілерін дамыту және орналастыру кезінде елді мекендердегі автомобильдендірудің қазіргі бар және перспективалық деңгейін есепке алуға қойылатын талаптарды белгілейді;

6) қызыл сызықтарды орнату және жаңартып отыру, олардың шекарасындағы аумақты пайдалану регламентін міндетті түрде сақтау, сондай-ақ көліктік инфрақұрылым объектілерінің жоспарлы орналастырылуы үшін аумақтарды резервке қою бойынша талаптарды енгізеді;

7) бағалаудың құқықтық өлшем шарттарын және аумақтардың көліктік байланысты және қолжетімді болуына қойылатын нормативтік талаптарды белгілейді;

8) аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі қызметтің өзара байланыстылығын қамтамасыз етеді;

9) қолданылуы Қазақстан Республикасында қолданылатын стандарттарда регламенттелген және жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі құжаттамада көзделген техникалық құралдарды, құрылғылар мен конструкцияларды пайдаланады;

10) жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдарын орналастыруға және пайдалануға қойылатын негізгі нормативтік құқықтық талаптарды белгілейді;

11) елді мекендерде және оларға іргелес аумақтарда көлік жүйелерінің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, көлік жүйелеріне, жол жүрісін ұйымдастыруға және

көліктік инфрақұрылымға қойылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де талаптарды белгілейді.

4. Орталық және жергілікті атқарушы органдар өз құзыреттері шегінде көлік ағынының нормативтен артық жүктемесі болуымен және қоршаған ортаға антропогендік жүктемемен сипатталатын жекелеген қала аумақтарына көлік құралдарының кіруіне әртүрлі шектеулер енгізу арқылы жол жүрісін арнайы ұйымдастыру аймақтарын құруға құқылы.

5. Орталық және жергілікті атқарушы органдар көше-жол желісінің көліктік-пайдалану сипаттамаларының көлік жүйесінің сұраныстарына сәйкес келуін бақылау мақсатында өз құзыреттері шегінде елді мекендердің жолдарында, көшелерінде, олардың жекелеген учаскелерінде, көлік тораптарында, көше-жол желісінің өзіндік сипатты учаскелерінде көлік құралдары жүрісінің параметрлері (жүріс жылдамдығы, қарқындылық, жүктеме деңгейі, жүріс аралығы, жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдарының орналасуы мен жай-күйі) туралы деректерді жинау, өңдеу және жинақтау арқылы жол жүрісіне мониторингті жүзеге асырады.

44-бап. Жол жүрісін ұйымдастыру процесінде оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар

1. Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарының оң жақты жүрісі белгіленген.

2. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жол жүрісінің бірыңғай тәртібі, жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық және басқа да құралдарының мақсаты мен әрекеті Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Жол жүрісі қағидаларында белгіленеді.

Қазақстан Республикасының жолдарында орнатылған жол белгілері мен сигналдар, жарық жол сигналдары және жолдардың таңбалануы Қазақстан Республикасы қосылған халықаралық конвенцияларға сәйкес келуге тиіс.

3. Жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі қызмет қолданылуы техникалық регламенттермен реттелген және жол жүрісін ұйымдастырудың жобалары мен схемаларында көзделген техникалық құралдар мен конструкцияларды кешенді пайдалану негізінде қауіпсіздік талаптарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

45-бап. Жол жүрісінің ұйымдастырылуын өзгерту

1. Жол жүрісінің ұйымдастырылуын өзгерту жолдарда жаяу жүргіншілер, көлік құралдары және өздігінен жүретін машиналар жүрісінің бағыттарын өзгерту, жүріске уақытша тыйым салу немесе уақытша шектеу енгізу, оның ішінде көлік құралдарының, өздігінен жүретін машиналардың жылдамдығын, олардың салмағын, білікке түсетін жүктемені, габариттік мөлшерлерін шектеу арқылы жүзеге асырылады.

2. Жолдарда немесе жолдардың жекелеген учаскелерінде мынадай жағдайларда:

- 1) жол жүрісінің қауіпсіздігіне, оның ішінде азаматтардың өмірі мен (немесе) денсаулығына қатер төнгенде;
- 2) жолдардың сақталуына қатер төнгенде;
- 3) жол-көлік оқиғалары жағдайларында;
- 4) атмосфералық ауа химиялық және өзге заттар концентраттарының жол берілетін шектегі нормативтерінен артық ластанғанда;
- 5) дүлей зілзалалар, қолайсыз жол-климат жағдайларында;
- 6) бұқаралық іс-шаралар өткізгенде көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіз жүрісіне қажетті жағдай жасау мақсатында не көлік құралдарын пайдалану жол жүрісінің қауіпсіздігіне қатер төндіргенде;
- 7) егер теміржол өтпелері жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына жауап бермесе;
- 8) жолдарда жөндеу-құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізгенде;
- 9) террористік әрекеттерге қарсы операциялар жүргізгенде;
- 10) технологиялық авариялардың алдын алу және (немесе) оның салдарын жою бойынша іс-шаралар өткізгенде;
- 11) жолдардың конструкциялық элементтері жай-күйінің көрсеткіштері жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің техникалық нормаларына сәйкес келмегенде;
- 12) олар нормативтен артық жүктелген жағдайларда, мыналар:
- жолдардың нормативтік өткізу қабілетін қамтамасыз ету мақсатында ақылы қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- белгіленген уақытта белгілі бір көлік құралдары санаттарының кіруіне шек қою немесе тыйым салу;
- жүк және транзиттік көлік құралдарының жүрісін шектеу арқылы;
- 13) мынадай:
- айрықша мақсаттағы автомобильдер ілесіп жүрген кезде;
- ұйымдастырылған автобус колонналарының;
- әскери колонналардың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізгенде жол жүрісін уақытша шектеу немесе оған тыйым салу, оның ұйымдастырылуын өзгерту енгізіледі.
3. Жолдарда көлік құралдарының жүрісіне уақытша тыйым салу немесе уақытша шектеу енгізу туралы шешімді жол иелері қабылдайды.
4. Осы баптың бірінші тармағында көзделген жағдайлар басталған кезде жол иелері бұл туралы жол жүрісі қатысушыларына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлай отырып, жолдарда немесе жолдардың жекелеген учаскелерінде жол жүрісін уақытша шектеу немесе оған тыйым салу, оның ұйымдастырылуын өзгерту бойынша шұғыл шаралар қабылдайды.
5. Көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ету мақсатында жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган

жолдарда жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарын бұза отырып жүзеге асырылып жатқан жөндеу-құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізуді шектеу немесе оған тыйым салу бойынша шаралар қабылдауға құқылы.

**46-бап. Жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету
бойынша заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге
қойылатын талаптар**

1. Көлік құралдарын пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер:

1) жүргізушілердің жұмысын жол жүрісі процесіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптарға сәйкес ұйымдастыруға;

2) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы заңнамасында белгіленген жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін сақтауға;

3) автомобиль және қалалық жер үсті электр көлігі жүргізушілері мен басқа қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға;

4) жол-көлік оқиғаларының және осы Заңды бұзушылықтардың себептерін талдауға және жоюға;

5) көлік құралдарының техникалық жай-күйін және олардың түзетілген күйде пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етуге;

6) жүргізушілерге рейс алдында және мерзімді медициналық қарап-тексерулер жүргізілуін қамтамасыз етуге;

7) жүргізушілердің жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге дәрігерге келгенге дейін көмек көрсету дағдыларын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға міндетті.

2. Автомобиль және қалалық жер үсті электр көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын мамандандырылған кәсіпорындар жүктердің түрлерін, оларды тасымалдау ерекшеліктерін ескере отырып және қолданыстағы заңнама шегінде жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған арнаулы қағидаларды белгілейді және көлік құралдарының жүргізушілеріне талаптар қояды.

47-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету

1. Жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету:

1) механикалық көлік құралдарының жүргізушілігіне кандидаттарды міндетті медициналық куәландырудан, механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін, сондай-ақ жүргізуші куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталуына орай оны ауыстырған кезде міндетті медициналық қайта куәландырудан;

2) көлік құралдарының жүргізушілеріне рейс алдында, рейстен кейін және ағымдағы медициналық қарап-тексерулер жүргізуден;

3) жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуден;

4) жол жүрісіне қатысушыларды, парамедиктерді, жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі және төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органдардың қызметкерлерін жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге дәрігер келгенге дейін көмек көрсетуге оқытудан көрінеді.

2. Міндетті медициналық куәландыру мен қайта куәландырудың мақсаты көлік құралдарының жүргізушілерінде және жүргізушілікке кандидаттарда жүргізушілік қызметке медициналық қарсы айғақтарды немесе шектеулерді анықтау болып табылады.

3. Жол жүрісінің қауіпсіздігін медициналық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру мақсатында денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган медициналық айғақтары бойынша механикалық көлік құралын басқаруға жіберілген адамдарды уәкілетті органдардың пайдаланушылары өз құзыреттері шегінде қашықтан қол жеткізе алатын автоматтандырылған деректер базасына енгізеді.

4. Медициналық көрсетпелері бойынша механикалық көлік құралын басқаруға жіберілген адамдарды автоматты тіркеу мен есепке алу және оған уәкілетті орган пайдаланушыларының қашықтан қол жеткізу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

5. Міндетті медициналық қайта куәландыру мынадай мерзімдерде өткізіледі:

1) жолаушыларды, қауіпті жүктерді тасымалдауды орындайтын механикалық көлік құралдарының жүргізушілері – әрбір үш жыл сайын, ал елу жасқа толғанда – жыл сайын;

2) механикалық көлік құралдарының алпыс жасқа толған жүргізушілері және мүгедек жүргізушілер – әрбір екі жыл сайын;

6. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған жағдайларда медициналық айғақтары болған кезде міндетті медициналық қайта куәландыру бір жылға дейінгіден аз емес мерзімге қысқартылады.

7. Механикалық көлік құралдарын мас күйде басқарғаны не осындай күйдегі адамға механикалық көлік құралын басқаруды бергені үшін не жүргізушінің мас күйде екенін анықтайтын медициналық куәландырудан өтуден жалтарғаны үшін механикалық көлік құралын басқару құқығынан айырылған адамдар осындай құқығын қалпына келтіру алдында, бірақ механикалық көлік құралын басқару құқығынан айыру мерзімі аяқталмастан кемінде бір ай бұрын міндетті медициналық қайта куәландырудан өтуге тиіс.

8. Механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін оның себептерін көрсете отырып, міндетті медициналық қайта куәландыруға мерзімінен бұрын жіберуге:

1) адамдарды механикалық көлік құралдарын, өздігінен жүретін машиналарды басқаруға жіберуге тыйым салатын немесе оларды басқару құқығына шектеу

белгілейтін аурулар мен қарсы айғақтар тізбесіне енгізілген аурулар белгілері пайда болған кезде – жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган, өзінде механикалық көлік құралының жүргізушісі жалданып жұмыс істейтін жалдаушы ;

2) механикалық көлік құралының жүргізушісінде адамдарды механикалық көлік құралдарын басқаруға жіберуге тыйым салатын немесе оларды басқару құқығына шектеу белгілейтін аурулар мен қарсы айғақтар тізбесіне енгізілген аурулар белгілері пайда болған кезде – денсаулық сақтау ұйымы бастамашы болуы мүмкін.

9. Механикалық көлік құралдары жүргізушілерінің міндетті медициналық қайта куәландырудан уақтылы өтуіне бақылау:

1) жүргізуші куәлігін беру және ауыстыру кезінде, сондай-ақ оны алып қойғаннан кейін қайтарған кезде ;

2) көлік құралын жол жүрісіне қатысуға жіберуге рұқсат беру кезінде;

3) механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін жұмысқа қабылдаған кезде және олармен еңбек қатынастары кезеңінде жүзеге асырылады.

10. Көлік құралдарының жүргізушілеріне рейс алдында, рейстен кейін және ағымдағы медициналық қарап-тексерулерді:

1) автомобиль саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер ;

2) механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін және оларды басқаруға оқытатын адамдарды даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар жүргізеді .

Жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге медициналық көмек:

1) алғашқы сағат ішінде жол-көлік оқиғасының орнында және медициналық ұйымға жету жолында дәрігерге дейінгі көмек көрсетуді;

2) жол-көлік оқиғасының орнында, медициналық ұйымға жету жолында және медициналық ұйымда білікті медициналық көмек көрсетуді;

3) жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге бейінді медициналық ұйымдарда мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді қамтиды.

48-бап. Орнықты көлік

1 . Орнықты көлік :

1) көліктерді пайдаланушылардың көліктік сұраныстарын аз шығын жұмсай отырып, барынша қанағаттандыру, сондай-ақ экономиканың бәсекеге қабілеттілігі және өңірлік дамудың теңгерімділігі үшін барлық көлік түрлерінің қолжетімділігін, ұтқырлығын және жұмыс істеуін ;

2) шығарындылар мен қалдықтарды азайтуды, сондай-ақ алып жатқан жерге барынша аз әсер етуді және шуды азайтуға арналған шараларды қамтамасыз етеді.

2. Орнықты көлікке жаяу жүргінші және велосипед жүрісі, экологиялық

автомобильдер, транзитке бағдарланған жобалау, көлік құралдарын жалға алу, сондай-ақ үнемді болып табылатын, кеңістікті сақтауға және салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал ететін қалалық көлік жүйелері жатады.

3. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган:

1) орнықты көлікті ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі саласында нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

2) орнықты көліктің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары орнықты көліктің енгізілуін ескере отырып, көліктік жоспарлауды қамтамасыз етеді.

49-бап. Интеллектуалды көлік жүйесі

1. Интеллектуалды көлік жүйесі өзара байланысты автоматтандырылған жүйелер кешені негізінде:

1) жол жүрісін және барлық көлік түрлерінің жұмысын басқарады;

2) жол жүрісінің қауіпсіздігін және мониторингін қамтамасыз етеді;

3) жол жүрісінің қатысушыларына көліктік қызмет етудің ұйымдастырылуы туралы хабарлайды;

4) көліктік ахуалды бағалау үшін бастапқы деректерді жинайды;

5) жол-көлік ақпаратын қалыптастырады;

6) криминалдық және төтенше жағдайлар туындаған жағдайда тиісті уәкілетті органдарға ақпаратты жедел түрде табыс етеді.

2. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган:

1) интеллектуалды көлік жүйелерін ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі саласында нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

2) көлік жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) жол жүрісін ұйымдастыру және жедел басқару мақсатында жергілікті атқарушы органдар құрамында мамандандырылған құрылымдардың құрылуын;

2) жол жүрісін және қалалық жолаушылар көлігін басқарудың қазіргі заманғы интеллектуалды жүйелерінің енгізілуін;

3) кептеліс жағдайларында жол-пайдалану қызметтерінің жұмысына қойылатын талаптардың белгіленуін;

4) жол жүрісі саласында бақылау және қадағалау шараларын күшейтуді;

5) жол жүрісін көліктік жоспарлау мен ұйымдастыруды жетілдіруді қамтамасыз етеді.

50-бап. Жол-көлік оқиғаларының салдарларын жою

1. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган төтенше жағдайлар, жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті

органдармен бірлесіп, жедел ден қою және жол-көлік оқиғаларында зардап шеккен адамдарға уақтылы кешенді көмек көрсету тәртібін айқындайды.

2. Жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккен адамдарға жедел ден қою және уақтылы кешенді көмек көрсету:

1) жол-көлік оқиғаларында зардап шеккен адамдарға алғашқы және келесі сағаттарда көмек көрсету жүйесін әзірлеу және бекіту негізінде қамтамасыз етіледі.

Жүйенің негізгі элементтері:

жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі қағидаларына оқытудың және көлік құралдары жүргізушілерін даярлаудың жалпы білімдік оқу бағдарламалары шеңберінде адамдарды алғашқы медициналық көмек көрсетуге оқытуды енгізу;

жол-көлік оқиғаларының төтенше жағдайлары туралы хабарлау, сондай-ақ уәкілетті органдардың тиісті бөлімшелеріне ақпаратты жедел және бір жолғы беру үшін бірыңғай жалпыұлттық телефон нөмірін енгізу;

Мыналардың: тиісті уәкілетті органдар лауазымды адамдарының ақпарат алу, оқиға орнына шығу және келу, зардап шеккендерге білікті көмек көрсете бастау уақыттарын тіркеу;

зардап шеккендерді көлік құралынан және басқа объектілерден жедел шығарып алуды қамтамасыз ету;

жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде зардап шеккендерге шұғыл алғашқы көмек көрсету;

төтенше жағдайлардың салдарын жою;

жол-көлік оқиғаларында зардап шеккен адамдарға көмек көрсету бойынша тиісті уәкілетті органдармен бірлескен жоспарлы оқулар өткізу болып табылады.

2) травматологиялық көмек көрсету жүйелеріне және осы көмектің сапасын қамтамасыз етуге қатысты тиісті практиканы қолдана отырып, ауруханалық травматологиялық көмек көрсету және көрсетілген медициналық көмек сапасын бағалау жүйесін әзірлеу және бекіту;

3) дене, сондай-ақ психологиялық жарақаттарды барынша азайту мақсатында жол-көлік оқиғалары салдарынан қаза тапқандардың жақын-жуықтарын ерте сатыда оңалтумен және қолдаумен қамтамасыз ету;

4) жол-көлік оқиғалары құрбандарын оңалту үшін мыналар: үшінші тұлғалар алдында міндетті жауапкершілікті белгілеу;

көлік құралы иелерінің үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды халықаралық өзара мойындау арқылы жол жүрісі қатысушыларының сақтандыру жүйесін құру;

5) кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту және зардап шеккендерге құқықтық көмек мақсатында жол-көлік оқиғаларының мұқият тексерілуін қамтамасыз ету;

6) жол-көлік оқиғаларына байланысты себептер мен салдарларды жою жөніндегі

шараларды жетілдіру саласындағы зерттеулер мен әзірленімдерді көтермелеу негізінде қамтамасыз етіледі.

**51-бап. Қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің жол жүрісі
қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі
іс-шараларды жүзеге асыруға қатысуы**

1. Жол жүрісіне қатысатын азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін құрылған қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің өз жарғыларына сәйкес жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында заңдарда белгіленген тәртіппен: өз құзыреттері шегінде уәкілетті органдарға жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында іс-шараларды жүзеге асыру және қағидаларды, стандарттарды, техникалық нормалар мен басқа нормативтік құжаттарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер мүшелерінің өтініші бойынша жол-көлік оқиғаларының себептері мен мән-жайларына зерттеу жүргізуге, материалдарды прокуратураға беруге және сотта өз мүшелерінің мүдделерін білдіруге; авариялық профилактика бойынша іс-шаралар жүргізуге құқығы бар.

2. Жол-жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің келісімі бойынша оларды жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізуге тартуы мүмкін.

7-тарау. Жолдардың қауіпсіздігін және олардың өткізу қабілетін қамтамасыз етуге бағытталған қызметті басқару

52-бап. Жолдарды жобалау, салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп ұстау және басқару кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі

талаптар

1. Қазақстан Республикасының аумағында жолдарды жобалау, салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп-ұстау мен басқару автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптары негізінде және оларды сақтай отырып орындалуға тиіс.

Жолдарды жобалау, салу және реконструкциялау кезінде жол жүрісінің қауіпсіздігіне теріс әсер ететін инженерлік шешімдер есебінен күрделі шығындарды а з а й т у ғ а ж о л б е р і л м е й д і .

2. Жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттама жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен келісілуге және бекітілуге жатады.

3. Жолдардың жай-күйінің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде

белгіленген талаптарға сәйкестігі үшін жауапкершілік жобалау сатысында – жобаны орындаушыға, ал реконструкциялау мен салу сатыларында жұмыстарды орындаушыға жүктеледі.

4. Пайдалану процесінде жолдардың жай-күйінің белгіленген қағидаларға, техникалық регламенттерге сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі міндет иелігінде (қарамағында) жолдар бар заңды және жеке тұлғаларға жүктеледі.

5. Халықаралық автомагистральдердің және азияның автомобиль жолдарының желілеріне кіретін жолдар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіпте халықаралық келісімдердің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

53-бап. Жолдардың, теміржол өтпелерінің және басқа жол құрылыстарының жай-күйі үшін жауапты лауазымды және өзге тұлғаларға қойылатын негізгі талаптар

1. Жолдардың, теміржол өтпелерінің және басқа жол құрылыстарының жай-күйі үшін жауапты лауазымды және өзге тұлғалар:

1) жолдарды, теміржол өтпелерін және басқа жол құрылыстарын стандарттардың, нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес жол жүрісіне қауіпсіз күйде күйтестіруге ;

2) жекелеген жол учаскелерін пайдалану жүріс қауіпсіздігіне қатер төндіргенде оларда жүріске кедергіні дер кезінде жоюға, жүріске тыйым салуға немесе оны шектеуге шаралар қабылдауға міндетті.

2. Жолдарда жұмыстар жүргізу үшін жауапты лауазымды және өзге тұлғалар жұмыс жүргізілетін жерлерде жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Осы жерлер және жұмыс істемейтін жол машиналары, жұмыс аяқталғаннан кейін қалған, жол шегінен тысқары жерге шығарылуға болмайтын құрылыс материалдары, конструкциялар мен соған ұқсастар белгіленген нормаларға сай келетін бағдарлау және қоршау құрылғыларымен, жол белгілерімен белгіленуге, ал тәуліктің қараңғы мезгілінде және жеткілікті көрінбейтін жағдайларда қосымша қызыл немесе сары сигнал оттарымен белгіленуге тиіс.

Жолдарда жұмыстар аяқталған бойда көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіз жүріс жағдайлары қамтамасыз етілуге тиіс.

3. Тиісті лауазымды және өзге тұлғалар:

1) қалаларда және жолдарда жол жүрісін ұйымдастыру және көліктік жоспарлау жөніндегі құжаттаманы; жолдарды жүрісті ұйымдастырудың техникалық құралдарымен жабдықтауды; жолдарды, жол құрылыстарын салу, реконструкциялау жобаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен;

2) жолдарға тікелей жақын жерлерде көруді нашарлататын немесе жаяу жүргіншілердің жүрісін қиындататын объектілер орналастыруды;

3) бағдарлық көлік құралдарының жүру бағдарларын және аялдау пункттерінің орналасуын ;

- 4) жолдарда бұқаралық, спорт және өзге де іс-шаралар өткізуді;
- 5) көлік құралдарын қайта жабдықтауды, оларға арнайы жарық және дыбыс сигналдарын орнатуды, көлік құралдары шанақтарының бүйір беттеріне еңістік жол ақтары т ү с і р у д і ;
- 6) ауыр салмақты, қауіпті және ірі габаритті жүктер тасымалдауды;
- 7) жалпы ұзындығы (бір тіркемені қосқанда) жиырма метрден асатын көлік құралдарының немесе екі және одан да көп тіркемелері бар автопоездардың жүрісін;
- 8) жол жүрісінің қауіпсіздігі бойынша мамандарды, жүргізу және жүргізушілер бойынша нұсқаушыларды даярлау бағдарламаларын;
- 9) оқу жүрісіне тыйым салынатын жолдар тізбесін;
- 10) жолдарда көлік құралдарының немесе жаяу жүргіншілердің жүрісіне кедергі жасайтын кез келген жұмыстар жүргізуді жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен келіседі.

54-бап. Жолдың жүріс бөлігінде жол және басқа жұмыстарды орындайтын субъектілерге қойылатын талаптар

1. Жолдың жүріс бөлігінде жол және басқа жұмыстар, оның ішінде авариялық-құтқару жұмыстары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жолдың жүріс бөлігінде жол және басқа жұмыстар жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

2. Жолдарда жұмыстар жүргізуге жауапты лауазымды және өзге тұлғалар жол және басқа жұмыстар жүргізілетін жерлерде жүріс қауіпсіздігін:

1) елді мекендерде жол және басқа жұмыстар жүргізілетін жерден кемінде он бес метр, елді мекендерден тысқары жерлерде – отыз метр қашықтықта жол жүрісі қатысушыларына осы жұмыстардың жүргізілетіні туралы ескертетін ақпарат қалқалары мен жол белгілерін орнату;

2) елді мекендерде жол және басқа жұмыстар аймағында сағатына отыз километрден аспайтын, елді мекендерден тысқары жерлерде сағатына алпыс километрден аспайтын көлік құралдары жүрісінің рұқсат етілген ең жоғары жылдамдығын белгілеу арқылы қамтамасыз етуге міндетті. Үлкен ұзындықтағы жол және басқа жұмыстар аймағында жылдамдықты шектеу ұдайы кезеңділікпен қайталанып отыруы қажет;

3) көлік құралдары жүрісін жүзеге асыруға тиісті белдеулерді тиісті және анық көрінетін бойлық және көлденең жол таңбаларымен белгілеу;

4) жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп жол және басқа жұмыстар аймағында көлік құралдары жүрісінің шектеулі жылдамдығын сақтауды бақылау бойынша іс-шараларды ұдайы өткізу;

5) жолдың жүріс бөлігінде жол және басқа жұмыстармен айналысып жатқан адамдарды олардың тәуліктің кез келген мезгілінде алыста көрінуін қамтамасыз ететін, халықаралық және ұлттық стандарттарға жауап беретін сигналдық қорғаныш киіммен

қамтамасыз ету арқылы қамтамасыз етуге міндетті.

3. Жолдардың, теміржол өтпелерінің және басқа жол құрылыстарының жай-күйіне жауапты лауазымды және өзге тұлғалар:

1) жолдарды, теміржол өтпелерін және басқа жол құрылыстарын стандарттың, нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес жүріске қауіпсіз жай-күйде к ү т і п - ұ с т а у ғ а ;

2) жолдардың жекелеген учаскелерін пайдалану жүріс қауіпсіздігіне қатер төндірген кезде оларда жүріске кедергіні дер кезінде жоюға, жүріске тыйым салуға немесе оны шектеуге шаралар қабылдауға;

3) жол, коммуналдық және басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың лауазымды адамдары, жолдарда қандай да бір жұмыстарды орындайтын жұмысшылар, сондай-ақ басқа тұлғалар жол жүрісі қағидаларының сақталуына әсер ете алатын бөгет жасаудан және өзге іс-қимылдардан қашуға тиіс.

4. Жолдың жүріс бөлігінде жөндеу және басқа жұмыстар орындайтын тұлғалар:

1) қалалар мен жолдарда жол жүрісін ұйымдастырудың жобаларын, жолдарды жүрісті ұйымдастырудың техникалық құралдарымен жабдықтауды; жолдарды, жол құрылыстарын салу, реконструкциялау жобаларын;

2) бағдарлық көлік құралдарының жүріс бағдарларын және олардың аялдау пункттерінің орналасуын;

3) жолдарда бұқаралық, спорттық және өзге де іс-шаралар өткізуді;

4) қауіпті жүктер тасымалдауды;

5) жалпы ұзындығы (бір тіркемені қосқанда) жиырма метрден асатын көлік құралдарының немесе екі және одан да көп тіркемесі бар автопоездардың жүрісін;

6) оқу жүрісіне тыйым салынатын жолдар тізбесін белгіленген тәртіппен жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен келіседі.

5. Жолды бұру белдеулерінің шекараларында:

1) жолдарды салуға, реконструкциялауға, күрделі жөндеуге, жөндеуге және күтіп-ұстауға, сондай-ақ жол сервисінің объектілерін орналастыруға байланысты емес жұмыстарды орындауға;

2) жолдарға қызмет етуге, оны салуға, реконструкциялауға, күрделі жөндеуге, жөндеуге және күтіп-ұстауға арналмаған және жол сервисі объектілеріне жатпайтын үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды және басқа объектілерді орналастыруға;

3) жолдың бұру белдеуін күтіп-ұстау немесе жолды, оның учаскелерін жөндеу жөніндегі жұмыстарды қоспағанда, жер учаскелерін жыртуға, шөп шабуға, ағаш кесуді жүзеге асыруға және орман екпелері мен өзге көпжылдық екпелерді зақымдауға, құнарлы қабатты алуға және топырақ қазуға тыйым салынады.

55-бап. Жолдың пайдаланушыларына қатысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Жолдарда тек мемлекеттік тіркеуден өткен және оңтайлы техникалық күйдегі көлік құралдарының ғана жүруіне рұқсат етіледі.

2. Көлік құралдары жолдың жүріс бөлігімен тек осы Заңның талаптарына және жол жүрісі қағидаларына сәйкес қозғалады.

3. Ж о л д а р д а :

1) жолдың жүріс бөлігінде немесе тротуарда материалдарды жинап қоюға және заттарды сақтауға ;

2) тұрақты және уақытша кіретін және шығатын жерлерді, басқа жолдармен қосылыстарды және қиылыстарды жасауға ;

3) жолдың жүріс бөлігіне кедергілер, шлагбаумдар орнатуға және көлік құралының жүрісін басқа тәсілдермен бөгеуге ;

4) бұру белдеуінде жүріс қауіпсіздігіне жатпайтын белгілерді, нұсқауларды орнатуға ;

5) әрбір бағытта көлік құралдарының жүрісі үшін бөлек жүру бөліктері болмаған және әртүрлі деңгейлерде жолдардың қиылыстары жасалмаған кезде көлік құралы жүрісінің 100 км/сағаттан астам жылдамдығын белгілеуге ;

6) қатты жамылғылы жолдарда автомобильдердің, тракторлардың, басқа өздігінен жүретін және тіркемелі көлік құралдарының зауыттық сынақтарын жүргізуге ;

7) бекітілген белдеуге көлік құралдарының тұрақ және жуу алаңдарын орналастыруға ;

8) жарыстар, жаттығулар және басқа да спорт іс-шараларын (кросстар, автмотоспорт бойынша жарыстар, басқа да бұқаралық іс-шаралар) өткізуге тыйым салынады .

4. Автомагистральдарда жаяу жүргіншілердің, сондай-ақ көлік құралынан тыс үй жануарларының болуына тыйым салынады .

5. Осы бапта көрсетілген, жолдарды пайдалану уақытында жол берілген жол жүрісінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен жауапты болады.

56-бап. Жаяу жүргіншілердің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі шаралары

1. Жаяу жүргіншілердің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет:

1) көлік құралдарының белсенді емес қауіпсіздігін жақсарту арқылы жол-көлік оқиғаларының салдарларын азайтуға ;

2) жолдарды пайдаланудың, оның ішінде аудан ауқымында жылдамдықты басқару, жаяу жүргіншілер мен көлік құралдарының көрінуін арттырудың және көлік құралдарының инженерлік-техникалық сипаттамаларын жақсартудың қауіпсіз жағдайларын жасауға ;

3) көлік құралдары жүргізушілерін хабардар ету, оқыту және жол жүрісі

қағидаларының сақталу міндеттілігі арқылы оларда заң тыңдау мінез-құлқын қалыптастыруға;

4) жаяу жүргіншілерге олардың мүддесінде жүргізілетін өзгерістер туралы консультация беруге және хабардар етуге, жаяу жүргіншінің жол-көлік оқиғаларында зардап шегуші болу тәуекелін азайтуға қабілетті шараларды жүзеге асыруға бағытталуға тиіс.

2. Жол жүрісін ұйымдастыру және көліктік жоспарлау жөніндегі құжаттамада жаяу жүргіншілердің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:

- 1) жаяу жүргіншілер жүретін мезгілде олар пайдаланатын өзара байланысты және қозғалысқа қолайлы қауіпсіз бағдаржолдар жасау арқылы тәуекелдерді болғызбауды ескеріп, жол пайдалануды жоспарлау;
- 2) жасанды жарық берілген, өзара байланысқан жаяу жүргінші жолдарын салу;
- 3) жолдарды жобалау және салу кезеңінде жаяу жүргінші қозғалысы мен көлік ағындары арасында қақтығыс болғызбау мақсатында оларды аварияға қарсы бөлу кедергілерімен және қоршауларымен бөлу көзделуге тиіс.

57-бап. Елді мекендерді жоспарлау шеңберінде жол пайдаланушылардың сұраныстарын қамтамасыз ету

1. Елді мекендердің жолдарын жоспарлау кезінде барлық жол пайдаланушылардың сұранысы тұрақты қалалық жоспарлау, көлік қызметтеріне сұранысты басқару және жер ресурстарын пайдалану шеңберінде:

- 1) қоғамдық көліктің басымдығы мен артықшылығын қамтамасыз ете отырып, халықтың жол жүруге сұранысын реттеу;
- 2) межелі орындарда көлік құралдарының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 3) елді мекендер жолдары мен көшелерінде жол жүрісі қауіпсіздігін және олардың үздіксіз өткізу қабілетін қамтамасыз етуді ескере отырып, нарықтарды, жаппай ағым объектілерін жоспарлау мен орналастыру;
- 4) географиялық және демографиялық жағдайларды ескеру;
- 5) жоспарлау мен дамытуға қатысты барлық шешімдерге жол жүрісі қауіпсіздігінің аудитін енгізу;
- 6) интеллектуальды көлік жүйесін енгізу;
- 7) елді мекендерді көліктік инфрақұрылымды жоспарлау және елді мекендер жерлерін пайдалану жөніндегі функцияға жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды енгізу негізінде қамтамасыз етіледі.

2. Елді мекендердің аумақтық жоспарлау схемаларында, бас жоспарларында:

- 1) жол жүрісінің қауіпсіз және үздіксіз ұйымдастырылуы;
- 2) бекітілген техникалық сипаттамаларға сәйкес жол жүрісіне қатысушылардың жол-көлік оқиғалары әсерінен жоғары қорғалу деңгейі;
- 3) жерасты және жер үсті жаяу жүргіншілер өтпелерін салу арқылы көлік және жаяу жүргіншілер ағынын бөлу;

4) велосипедтік жүріс белдеуінің не велосипед жолдарының, сондай-ақ қоғамдық көлікке арналған жүріс белдеулерінің болуы;

5) көлік құралдарының қарсы ағынын қарсы жүріс белдеуіне шығып кетуді шектейтін жол қоршауларымен бөлу;

6) көлік құралдарының қиылысатын ағынын әртүрлі деңгейлердегі көлік а й р ы қ т а р ы м е н б ө л у ;

7) көлік құралдарының, халық пен өндірістің шектен тыс шоғырлануын болғызбау;

8) көліктік және инженерлік инфрақұрылымды қоса алғанда, елді мекеннің аумағын болжанатын демография, автомобиль, жол жағдайларына және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға сәйкес келетін жол жүрісін ұйымдастыруды е с к е р е о т ы р ы п д а м ы т у ;

9) жолдардың өткізу қабілетінің, көлік айрықтарының, көлік құралдары тұрақтары мен паркингтерінің көлік құралдары шоғырлануына және елді мекендер аумақтарының құ р ы л ы с ы н а а р а қ а т ы н а с ы ;

10) елді мекендердің тұрақты дамытылуында жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі өзге шаралар көзделуге тиіс.

3. Жол қызметін жүзеге асыру кезінде жол жүрісінің қауіпсіздігіне теріс әсер ететін инженерлік шешімдер есебінен күрделі шығындарды азайтуға жол берілмейді.

58-бап. Жол инфрақұрылымының қауіпсіз жұмыс істеуін, оны қолдауды және жетілдіруді қамтамасыз ету

1. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган және автомобиль жолдарын басқаратын жергілікті атқарушы органдар:

1) жол пайдаланушыларды санаттары бойынша бөле отырып, зардабы ауыр жол-көлік оқиғаларының санын, сондай-ақ пайдаланушылардың әрбір тобы үшін тәуекелге әсерін тигізетін көлік инфрақұрылымының негізгі факторларын анықтау;

2) жол-көлік оқиғаларының шектен тыс саны немесе ауырлығы болатын қауіпті жерлерді немесе жол учаскелерін анықтау және тиісті түзету шараларын қолдану;

3) қолданыстағы жол инфрақұрылымының қауіпсіздігіне бағалау жүргізу және өзін-өзі ақтаған инженерлік тәсілдерді қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсарту үшін п а й д а л а н у ;

4) жол желісін жобалау және пайдалану кезінде көлік құралдары жүрісінің есепті жылдамдығын реттеуді жүзеге асыру. Көлік құралдары жүрісінің 100 км/сағаттан астам есепті жылдамдығы әрбір бағытта көлік құралдарының жүрісі үшін бөлек жүру бөліктері болған және әртүрлі деңгейлерде жолдардың қиылыстары жасалған жағдайда ғ а н а б е л г і л е н е д і ;

5) қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдарын жобалау, жолдардың қауіпсіздігін тексеру және бағалау процесінде жол жүрісінің қауіпсіздігі саласында кадрларды қайта даярлауға және оқытуға жәрдемдесу;

6) адам факторлары мен көлік құралдарының конструкциясын ескере және

интеграциялай отырып, қауіпсіз жолдарды жобалау мен оларды пайдалануға қатысты стандарттарды әзірлеу және оларды пайдалануға жәрдемдесу;

7) жол жұмыстары жүргізілетін жерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізінде қолданыстағы жол инфрақұрылымының қауіпсіз жұмыс істеуін, оны қолдауды және жақсартуды қамтамасыз етуге міндетті.

2. Жол инфрақұрылымының қауіпсіз жұмыс істеуін, оны қолдауды және жақсартуды қамтамасыз ету жолдардағы авариялық-қауіпті жерлерді жою жөніндегі іс-шаралар негізінде жүзеге асырылады.

59-бап. Жолдарды пайдаланушылардың ұтқырлыққа және қолжетімділікке қажеттіліктерін қамтамасыз ететін

қауіпсіз жол инфрақұрылымын әзірлеу

Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган, жергілікті атқарушы органдар және автомобиль жолдарын басқарушылар:

1) жаңа инфрақұрылымды салу, оның ішінде жолдар мен көшелерді интеллектуальды көлік жүйелерімен, велосипедпен жүру жолақтарымен не велосипед жолдарымен, қоғамдық көлікке арналған жүру жолақтарымен қамтамасыз ету кезінде көлік құралдарының барлық түрлерін есепке алудың;

2) жаңа жобалар мен жолдарға салынатын инвестициялар үшін жаңа жобалардың техникалық сипаттамаларында жолдардың барлық пайдаланушыларының жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қажеттіліктерінің көрініс табуын қамтамасыз ететін ең төменгі қауіпсіздік рейтингілерін белгілеудің және бекітудің;

3) жол жүрісі қауіпсіздігінің аудитін пайдалану, пайдаланылатын жолдардың тәуекел дәрежесін бағалау, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігін жетілдіру мақсатында олардың ұсынымдарын тиісті орындауды қамтамасыз ету үшін жолдарды жоспарлау, әзірлеу, салу, пайдалану және оларды күтіп ұстау кезінде олардың нәтижелері негізінде барлық пайдаланушылардың ұтқырлыққа және қолжетімділікке қажеттіліктерін қамтамасыз ететін қауіпсіз жол инфрақұрылымын әзірлеуге міндетті.

60-бап. Жолдарда жол сервисі объектілерін жайғастыру

1. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган, жергілікті атқарушы органдар және автомобиль жолдарын басқарушылар жолдарды жобалау, реконструкциялау, салу және пайдалану кезеңінде:

1) жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын ескере отырып, жобалау нормаларына, құрылыс жоспарларына және көрсетілген объектілерді орналастырудың бас схемаларына сәйкес жолдарда сервис объектілерін жайғастыруды қамтамасыз етеді ;

2) қатысушылардың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, сервис объектілерінің жұмысын ұйымдастырады;

3) жол жүрісіне қатысушыларға сервис объектілерінің бар екендігі және жақын жердегі денсаулық сақтау және байланыс мекемелерінің орналасуы туралы ақпарат, сол

сияқты жолдардың тиісті учаскелерінде жүрістің қауіпсіз жағдайлары туралы ақпарат б е р е д і .

2. Жол сервисінің объектілері мен инженерлік коммуникацияларды жолдардың және жол құрылыстарының шегінде орналастыру жолдағы көру мүмкіндігін, жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамада көзделген жол жүрісі қауіпсіздігінің басқа да жағдайларын нашарлатпауға тиіс.

61-бап. Жолдардағы қауіпсіз мінез-құлық қағидаларына оқыту

1. Жолдардағы қауіпсіз мінез-құлық қағидаларына оқыту үлгілік бағдарламалар мен әдістемелік ұсынымдардың негізінде жүргізіледі.

2. Жолдардағы қауіпсіз мінез-құлық қағидаларына оқыту білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен білім беру қызметінің әртүрлі ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарындағы мектепке дейінгі және жалпы білім беретін мекемелерде жүргізіледі.

62-бап. Қауіпсіз жолдар және ұтқырлықты қамтамасыз ету саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірленімдер

Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган, жолдардың иелері қауіпсіз жолдарды және ұтқырлықты қамтамасыз ету мақсатында:

1) қауіпсіз жолдардың және ұтқырлықты қамтамасыз етудің ғылыми зерттеулерін жүргізу мен әзірленімдері үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) неғұрлым қауіпсіз жол инфрақұрылымының әзірленуіне енгізу және қажетті инвестицияларды бөлу үшін олардың экономикалық негіздемелері негізінде ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне қол жеткізу;

3) әсіресе осал жол пайдаланушылары үшін қауіпсіздікті арттыру саласындағы инновацияларды бағалау бойынша көрсету жобаларды жүзеге асыру арқылы жобалаудың және құрылыс салудың қазіргі заманғы инновациялық технологияларын енгізеді.

8-тарау. Көлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қызметті басқару

63-бап. Көлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ұлттық заңнама мен халықаралық шарттардың талаптары негізінде жүзеге асырылады.

2. Тұтынушылар үшін көлік құралдарының қауіпсіздік көрсеткіштері туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын жаңа көлік құралдарының бәсең және белсенді қауіпсіздігін бағалаудың халықаралық рейтингтік жүйелеріне

Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарын жобалау және шығару Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген талаптар ескеріле отырып жүргізіледі.

64-бап. Көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен пайдаланылуына жауапты лауазымды және өзге де адамдарға қойылатын негізгі талаптар

Көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен пайдаланылуына жауапты лауазымды және өзге де адамдарға:

1) ақаулары болғандықтан оны пайдалануға тыйым салынған немесе тиісті рұқсатсыз қайта жабдықталған немесе белгіленген тәртіппен тіркелмеген немесе міндетті техникалық қарап тексеруден өтпеген, сол сияқты иелері заңнамада белгіленген жағдайларда көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын және/немесе тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамаған көлік құралдарын жол торабына шығаруға;

2) м ы н а д а й :

масан күйдегі (алкогольден, есірткіден және (немесе) уытқұмарлықтан); жылдам ден қоюды және назар аударуды нашарлататын дәрілік препараттардың ә с е р і н д е г і ;

жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін науқас немесе шаршаулы күйдегі; осы санаттағы көлік құралын жүргізу құқығы жоқ жүргізушілердің көлік құралдарын жүргізуіне жол беруге;

3) шынжыр табанды тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарды асфальтті және цементті-бетонды жабын жолдармен жүруге жіберуге тыйым салынады.

65-бап. Көлік құралдарын пайдалану кезінде жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар

1. Жол жүрісіне қатысатын көлік құралдарының техникалық жай-күйі және жабдықталуы жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

2. Жол жүрісіне қатысатын көлік құралдарын техникалық жарамды жай-күйде ұстау жөніндегі міндет көлік құралдарының иелеріне жүктеледі.

3. Егер көлік құралы үшін рұқсат етілген ең жоғары масса белгіленсе, онда көлік құралының жүкті массасы рұқсат етілген ең жоғары массадан аспауға тиіс.

4 . К е з к е л г е н ж ү к :

1) адамдарға қауіп төндірмейтін және мемлекеттік, қоғамдық немесе жеке мүлікке залал келтірмейтін, атап айтқанда, сүйретілмейтін және жолда құламайтын;

2) көру және шолу мүмкіндігін шектемейтін, көлік құралының орнықтылығын бұзбайтын және оны жүргізуді қиындатпайтын;

3) шу тудырмайтын, шаң көтермейтін және болдырмауға болатын басқа да қ о л а й с ы з д ы қ т а р ж а с а м а й т ы н ;

4) көлік құралында болуға тиіс тоқтау сигналы мен бұрылу көрсеткіштерін, жарық шашыратқыш құрылғыларды, тіркеу нөмірлері мен мемлекеттік тіркеудің айырым белгісін қоса алғанда, сыртқы жарық беру аспаптарын көлегейлемейтін немесе қолмен берілетін сигналдарды көлегейлемейтін түрде орналастырылуға тиіс.

66-бап. Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу кезінде жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар

1. Көлік құралдарын жарамды жай-күйде ұстау мақсатында оларға техникалық көмек көрсету және жөндеу жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

2. Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсетудің және оларды жөндеудің нормаларын, қағидаларын және рәсімдерін оларды пайдалану жағдайларын ескере отырып, шығарушы зауыттар белгілейді.

3. Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу бойынша жұмыстарды орындайтын және қызмет көрсететін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер оларды көлік құралдарын шығарушы зауыттар белгілеген нормаларға және қағидаларға, доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы техникалық регламенттердің талаптарына және көлік құралдарының зиянды (ластағыш) заттарының шығарындыларына қойылатын талаптарға сәйкес жүргізуді қамтамасыз е т у г е м і н д е т т і .

4. Техникалық қызмет көрсетуден және жөндеуден өткен көлік құралдары жол жүрісіне қатысатын көлік құралдарының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын бөлігіндегі техникалық жай-күйі мен жабдықталуын регламенттейтін талаптарға жауап беруге тиіс.

5. Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу фактісі аталған жұмыстар мен қызметтерді орындаушының қолтаңбасымен және мөрімен, с о н д а й - а қ :

1) жүргізілген жұмыс және көлік құралының құрамдас бөліктерінің ауыстырылғаны туралы көлік құралының сервистік кітапшасына;

2) көлік құралының иесіне берілетін көлік құралына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізілгені туралы кепілдік талонға;

3) көлік құралын кепілдік есепке қою туралы белгі қоюмен көлік құралына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізілген күні қойылып куәландырылады.

6. Көлік құралының иесі азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен кепілдіктің жалпы мерзімінің ішінде кепілдік берілген қызмет көрсетуді алуға және жөндеуге қ ұ қ ы л ы .

7. Көлік құралына кепілдік берілген қызмет көрсету және оны жөндеу, егер көлік құралының ақауы шығарушы зауыттың не жұмыстар мен қызметтерді орындаушының

кінәсі бойынша туындағанда жүргізіледі.

8. Кепілдік міндеттемелер көлік құралына, оның құрамдас бөліктеріне көлік құралының иесі және жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді орындаушының арасындағы шартта ескеріліп жүргізілген жұмыстардың шегінде қолданылады.

67-бап. Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салудың негіздері және тәртібі

1 . М ы н а д а й :

1) жол жүрісі қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға қатер төндіретін, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін техникалық ақаулар мен мән-жайлар б о л ғ а н ;

2) жеке тұлға оған уақытша иеленуге және пайдалануға берген көлік құралын жүргізетін адамның тіркелуі және есепке алынуы болмаған;

3) көлік құралына орнатылған тораптар мен агрегаттар нөмірлері көлік құралының тіркеу құжаттарына енгізілген деректерге сәйкес келмеген, сондай-ақ көлік құралына орнатылған тораптар мен агрегаттарда жасырын, қолдан жасалған және өзгертілген н ө м і р л е р б о л ғ а н ;

4) тіркеу құжаттары болмаған;

5) шыққан жылын қоса алғанда, шығарылғанына үш жылдан аспайтын, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын М1 санатындағы көлік құралдарын қоспағанда, міндетті техникалық қарап тексеруден өтпеген;

6) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері болмаған немесе олар белгіленген талаптарға және тіркеу құжаттарына сәйкес келмеген;

7) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты және (немесе) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалмаған;

8) кузовқа аэрографикалық үш өлшемді суреттер салынған;

9) егер олардың техникалық жай-күйі мен жабдықталуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен жағдайлар тізбесінің талаптарына жауап бермеген;

10) оның құрамында жүруге арналмаған тіркемелері бар автомобильдерді жүргізген ;

11) рельсті көлік құралдарының жол жүрісінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін техникалық ақаулары болған, сондай-ақ, егер олардың техникалық жай-күйі мен жабдықталуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Рельсті көлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларының талаптарына жауап бермеген;

12) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Көлігі арнайы түрлі түсті графикалық схемалар бойынша арнайы түрлі түсті және дыбыстық белгілермен жабдықталуға және боялуға жататын жедел және арнайы қызметтердің тізбесіне кірмейтін көлік құралдары арнайы түрлі түсті графикалық схемалар бойынша арнайы

түрлі түсті және дыбыстық белгілермен жабдықталған және боялған;

13) көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері осы Заңның талаптарында көзделмеген орындарға бекітілген;

14) қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарының алдыңғы және артқы жақтарында «Қауіпті жүк» белгісі болмаған;

15) қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қозғалған сот актілерінің, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган қаулыларының талаптарын орындамаған;

16) көлік құралдарына арналған салық бойынша салықтық міндеттемелерді орындамаған;

17) көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген рұқсат етілген салмақтық параметрлерден асатын толық тиелу кезінде жолдармен жүрген;

18) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да жағдайларда көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

2. Жол жүрісіне қатысатын көлік құралын пайдалануға тыйым салу жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша уәкілеттік берілген лауазымды адамдардың олардың техникалық жай-күйін тексеру нәтижелері бойынша осындай тыйым салуға негіз болған себептерді жойғанға дейін жүзеге асырылады.

9-тарау. Жол жүрісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

68-бап. Жол жүрісіне қатысушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері

1. Жол жүрісіне қатысушылардың ортақ пайдаланыстағы жолдармен қауіпсіз жүруіне жағдай жасалу құқығына мемлекет кепілдік береді және ол осы заңды орындаумен, осы саладағы заңнамалық және нормативтік актілерді және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарды сақтаумен қамтамасыз етіледі.

2. Жол жүрісіне қатысушылардың бірінің өз құқықтарын іске асыруы жол жүрісінің басқа қатысушыларының құқықтарын шектемеуге тиіс.

3. Жол жүрісі қағидаларын сақтайтын кез келген жол жүрісіне қатысушы осыны басқа адамдардан да талап ете алады.

4. Жол жүрісіне қатысушылардың:

1) жолдармен жүру үшін қауіпсіз және қолайлы жағдайларға, жолдардың, көшелердің, алаңдардың және теміржол өткелдерінің жүру қауіпсіздігінің талаптарына сәйкессіздігі салдарынан өздеріне келтірілген нұқсанның өтелуіне;

2) жол жүрісінің жағдайлары туралы, бағыттың өзгеруінің, жолдармен жүруге уақытша тыйым салудың немесе уақытша шектеудің енгізілу себептері, өнімдердің, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтің сапасы, жол жүрісі саласындағы лауазымды

адамдардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі туралы мемлекеттік органдардан және уәкілетті лауазымды адамдардан дәйекті ақпарат алуға;

3) жол-көлік оқиғасы кезінде қызметі жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты ұйымдардан және лауазымды адамдардан медициналық көмектің, құтқару жұмыстарының және басқа да қажетті көмектің кепілдік берілген көлемін тегін алуға;

4) жол жүрісі саласында мемлекеттік реттеуді, басқаруды және бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, олар уәкілеттік берген ұйымдардың және олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға;

5) жол-көлік оқиғасының нәтижесінде өздеріне дене жарақаты келтірілген жағдайларда, сондай-ақ көлік құралы және (немесе) жүк бүлінген не өзге де материалдық нұқсан келтірілген жағдайларда сақтандыру не азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен залалдың өтелуіне құқығы бар.

Жол жүрісіне қатысушылардың жол жүрісі саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтары бар.

5. Жол жүрісіне қатысушылар:

1) Жол жүрісі қағидаларын, осы Заңның талаптарын білуге және сақтауға;

2) реттеушінің және бағдаршам сигналдарының, жол жүрісін реттеу үшін қолданылатын жол белгілерінің, жол таңбаларының, жол жұмыстары кезінде пайланылатын дыбыстық және жарық сигналдарының, жедел және арнайы қызметтердің көлік құралдарының арнайы жарық және дыбыстық сигналдарының талаптарын орындауға;

3) жол жүрісі үшін қауіпсіз жағдайлар жасауға, өз әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен жол жүрісінің басқа қатысушыларына, олардың көлік құралдары мен өзге де мүлкіне зиян келтірмеуге;

4) жол жабындысын бүлдірмеуге және ластамауға, жол белгілерін алып тастамауға, оларды көлегейлемеге және бүлдірмеуге, жол белгілерін, бағдаршамдарды және жол жүрісін ұйымдастырудың басқа да техникалық құралдарын өз бетімен орнатпауға;

5) жол жүрісін қиындатпауға немесе жүріске кедергі келтіретін заттарды немесе материалдарды жолға лақтыру, онда түсіріп кету немесе қалдыру арқылы оның қауіпсіздігіне қатер төндірмеуге, жол жүрісі үшін бөгет жасауы, адамдарға қауіп төндіруі немесе мүлікке залал келтіруі мүмкін кез келген әрекеттен тартынуға;

6) жолда жол жүрісі үшін кедергі анықталған немесе келтірілген жағдайда осы кедергіні жою бойынша шаралар қабылдауға, ал, егер бұл мүмкін болмаса – осы Заңның талаптарына сәйкес немесе жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге де тәсілмен осы кедергіні белгілеуге және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға немесе жолдардың иелеріне кедергі туралы хабарлауға;

7) Қазақстан Республикасы атқарушы билігінің тиісті органдарының жол жүрісі туралы заңнаманы сақтау туралы өкімдерін орындауға;

8) адал, тиісті түрде әрекет етуге, ұқыпты және өзара сыпайы болуға, жол жүрісі үшін кедергілер мен қауіп туғызбауға;

9) жолдар мен қоршаған ортаның ластануына жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға, оның ішінде арнайы бөлінген орындардан тыс жерлерге қоқыс пен өзге де заттарды тастамауға;

10) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген жол жүрісі саласындағы өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

6. Жол жүрісіне қатысушыларға:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда жолдың жүру бөлігінде көлік құралын жөндеуге және оған қызмет көрсетуге;

2) жол жүрісі үшін кедергі немесе жүруге қауіп туғызуға;

3) жүруге қауіп туғызатын қоқысты, заттарды жүру бөлігінде тастауға;

4) жолдарды және жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдарын бүлдіруге;

5) қоршаған ортаның ластануына жол беруге тыйым салынады.

69-бап. Меншік иесінің және механикалық көлік құралы жүргізушісінің құқықтары мен міндеттері

1. Механикалық көлік құралының меншік иесі жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамының талабы бойынша көрсетілген мерзімде өзі механикалық көлік құралын жүргізу құқығын берген адамының жеке басын куәландыратын деректерді хабарлауға, сондай-ақ міндетті техникалық қарап тексеруді өткізу үшін механикалық көлік құралы мен оның тіркемесін уақтылы тапсыруға міндетті.

2. Механикалық көлік құралы жүргізушісінің:

1) тиісті санаттағы механикалық көлік құралын жүргізуге, жолдармен жолаушыларды және жүктерді тасымалдауға;

2) өзінің жеке меншігіндегі көлік құралын жүргізу және пайдалану құқығын тиісті санаттағы механикалық көлік құралын жүргізуге құқығы бар басқа адамдарға жай жазбаша нысанда беруге;

3) көлік құралы жүргізушісінің құжаттарын тексеруге немесе көлік құралын пайдалануға құқығы бар адамнан көлік құралын тоқтату себептерінің түсіндірмесін алуға;

4) көлік құралы жүргізушісінің құжаттарын тексеруге немесе көлік құралын пайдалануға құқығы бар адамның тегін және лауазымын қызметтік куәлікті оны жүргізушіге берместен танысу арқылы анықтауға;

5) жол-көлік оқиғасы жағдайларында бір мезгілде ол туралы мынадай мән-жайлар болғанын:

жол-көлік оқиғасы нәтижесінде қатысушыларының мүлкіне ғана зиян келтірілген;

жол-көлік оқиғасы екі көлік құралының қатысуымен болған;
көлік құралдарын жүргізетін адамдардың тиісті санаттағы көлік құралын жүргізуге
қ ұ қ ы ғ ы б о л ғ а н ;

көлік құралдарына қатысты олардың иелерінің азаматтық-құқықтық
жауапкершілігін міндетті сақтандырудың қолданыстағы шарттары болған;

жол-көлік оқиғасының нәтижесінде мүліктің бүлінуіне байланысты зиян келтірілу
мән-жайлары, көлік құралдарының көзге көрініп тұрған бүлінулерінің сипаты мен
тізбесі осы оқиғаға қатысушылардың келіспеушілігін тудырмаған және Көлік
құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті
азаматтық-құқықтық сақтандыру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес
бланкілерін көлік құралдарын жүргізетін адамдар толтырған жол-көлік оқиғасы туралы
х а б а р л а м а л а р д а т і р к е л г е н ;

көлік құралдарын жүргізетін адамдар бір-бірінің жай-күйіне (осы адамдар
алкогольдік масаң күйде не есірткі құралдарын, психотроптық, уытты немесе басқа да
есіртетін заттарды пайдаланудан болатын күйде емес) кінә қоймаған кезде ішкі істер
органдарының (полиция) бөлімшесіне оқиғаны ресімдеу үшін хабарламауға;

б) аса қажет болған кезде, егер мән-жайларға байланысты туындаған қатердің
алдын алу басқаша мүмкін болмаса, бұл жол-көлік оқиғасының алдын алу, басқа
адамдардың өмірі мен денсаулығына төнетін қатерді болдырмау үшін қажет болатын
жағдайларда заңнаманың тиісті талаптарын орындамауға құқығы бар.

3. Механикалық көлік құралының жүргізушісі:

1) Жол жүрісі қағидаларын, осы Заңның талаптарын білуге және сақтауға;

2) м ы н а л а р д ы :

көлік құралын жүргізуге құқық беретін жүргізуші куәлігін не жүргізушінің жеке
басын куәландыратын құжатпен бірге жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша
к у ә л і к т і ;

көлік құралының тіркеу құжаттарын;

заңнамада белгіленген жағдайларда көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық
жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисін және/немесе
тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін
міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисін;

көлік құралын оның иесі болмағанда жүргізген жағдайда – уақытша иелік етуге
және пайдалануға берілген көлік құралын жүргізетін жеке тұлғаның уәкілетті органда
міндетті тіркелуімен бірге осы көлік құралын иелік ету немесе пайдалану немесе билік
ету құқығын растайтын құжатты;

орын алған жағдайларда жол парағын және тасымалданатын жүкке арналған
құжаттарды (тауар-көліктік жөнелтпе құжатты)өзінде ұстауға және ішкі істер
органдарының (полицияның), көліктік бақылау органдарының оған уәкілетті
лауазымды адамдарының талабы бойынша оларға тексеру үшін беруге;

3) ішкі істер органдарының (полицияның) нысанды киім киген қызметкерінің дауыс ұлғайтқыш құрылғысы арқылы, қол қимылымен немесе бір мезгілде ысқырық сигналымен көлік құралына бағытталған жезлмен сигнал беру арқылы көлік құралын тоқтату туралы талабы бойынша көлік құралын тоқтатуға;

4) көлік құралының өздігінен жүріп кетуін болдырмайтын шара қолданбайынша, сондай-ақ оны ішкі істер органдарының (полицияның) қызметкері тоқтатқан жағдайда оның рұқсатынсыз көлік құралын тастап кетпеуге;

5) ішкі істер органдары (полиция) қызметкерінің талабы бойынша масаң күйін к у ә л а н д ы р у д а н ө т у г е ;

6) қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралымен жүрген кезде белдікті тағуға және белдік тақпаған жолаушыларды тасымалдамауға;

7) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген жағдайларда Жол жүрісі қағидаларын білуіне тексеруден өтуге;

8) к ө л і к қ ұ р а л ы н :

жол-жөнекей бағытта медициналық көмек көрсету үшін кетіп бара жатқан медицина қызметкерлеріне, сондай-ақ жүру бағытына қарамастан, жедел медициналық көмекті қажет ететін азаматтарды емдеу мекемелеріне алып бару үшін медицина қызметкерлеріне, ішкі істер органдарының және ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ шығындарды өтей отырып, террористік әрекетке қарсы операциялар жү р г і з у к е з і н д е ;

жол-көлік оқиғалары кезінде бүлінген көлік құралдарын тасымалдау, дүлей зілзала болған жерге жету үшін ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ заңда көзделген өзге де кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі мен ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлеріне беруге міндетті;

9) жол-көлік оқиғасы кезінде оған қатысы бар жүргізуші:

Жол жүрісі қағидаларының талаптарына сәйкес көлік құралын жедел тоқтатуға (орнынан қозғамауға), авариялық жарық дабылын іске қосуға және авариялық тоқтау белгісін (жанып-сөнетін қызыл шам) қоюға, оқиғаға қатысы бар заттарды қозғамауға;

зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету үшін мүмкін болатын шараларды қабылдауға, «медициналық жедел жәрдем» шақыруға, шұғыл жағдайларда зардап шеккендерді жол-жөнекей көлікпен жөнелтуге, ал егер бұған мүмкіндік болмағанда, өзінің көлік құралымен жақын жердегі емдеу мекемесіне жеткізуге, өзінің тегін, көлік құралының тіркеу белгісін хабарлауға (жеке басын куәландыратын құжатты немесе жүргізушінің куәлігін және көлік құралының тіркеу құжатын көрсете отырып) және оқиға болған жерге қайтып келуге;

болған оқиға туралы жақын жердегі ішкі істер органына дереу хабарлауға, өз көзімен көргендердің тектері мен мекен-жайларын жазып алуға және ішкі істер органдары қызметкерлерінің келуін күтуге;

егер басқа көлік құралдарының жүруі мүмкін болмаса, жолдың жүру бөлігін
б о с а т у ғ а ;

жолдың жүру бөлігін босату немесе зардап шеккендерді өзінің көлік құралымен
емдеу мекемесіне жеткізу қажет болған кезде куәлардың қатысуымен көлік құралының
орналасуын, оқиғаға қатысы бар іздер мен заттарды алдын ала белгілеп, олардың
сақталуына мүмкін болатын барлық шараларды қабылдауға және оқиға болған жерді
айналып өтуді қамтамасыз етуге міндетті.

4 . Ж ү р г і з у ш і г е :

1) көлік құралын жүргізуге құқық беретін жүргізуші куәлігінсіз не жүргізушінің
жеке басын куәландыратын құжатпен бірге жүргізуші куәлігінің орнына берілген
уақытша куәліксіз көлік құралын жүргізуге;

2) масаң (алкогольден, есірткіден немесе өзге де) күйде; жылдам ден қоюды және
назар аударуды нашарлататын дәрілік препараттардың әсерінде; жол жүрісі
қауіпсіздігіне қатер төндіретін науқас немесе шаршаулы күйде көлік құралын жүргізуге
;

3) шыққан жылын қоса алғанда, шығарылғанына үш жылдан аспайтын, автомобиль
көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын М1 санатындағы көлік
құралдарын қоспағанда, жарамсыз көлік құралын, міндетті техникалық қарап
тексеруден өтпеген көлік құралын пайдалануға;

4) иесі заңнамада белгіленген жағдайларда көлік құралдары иелерінің
жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын және/немесе тасымалдаушының
жолаушылардың алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамаған
к ө л і к қ ұ р а л ы н п а й д а л а н у ғ а ;

5) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері болмаған немесе олар тіркеу құжаттарына
сәйкес келмеген жағдайларда көлік құралын пайдалануға;

6) көлік құралын оның иесі болмағанда жүргізген жағдайда – уақытша иелік етуге
және пайдалануға берілген көлік құралын жүргізетін жеке тұлғаның уәкілетті органда
міндетті тіркелуімен бірге осы көлік құралын иелік ету немесе пайдалану немесе билік
ету құқығын растайтын құжатсыз көлік құралын жүргізуге;

7) масаң күйдегі, жылдам ден қоюды және назар аударуды нашарлататын дәрілік
препараттардың әсеріндегі, науқас немесе шаршаулы күйдегі адамдарға, сондай-ақ
жүргізуге оқытылатындардан басқа, өзімен бірге осы санаттағы көлік құралын
жүргізуге құқық беретін жүргізуші куәлігі (жүргізуші куәлігінің орнына берілген
уақытша куәлігі және жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжаты) жоқ немесе
жол (бағыт) парағында көрсетілмеген адамдарға көлік құралын жүргізуге беруге;

8) ұйымдасқан колонналарды (оның ішінде жаяуларды да) кесіп өтуге және
олардың арасынан орын алуға ;

9) қол көмегінсіз сөйлесуге мүмкіндік беретін техникалық құрылғыны қолданатын
жағдайларды қоспағанда, көлік құралын жүргізген кезде телекоммуникация құралын

п а й д а л а н у ғ а ;

10) тежегіштің жұмыс жүйесі немесе рульдік басқаруы істемейтін, тіркеу құрылғысы (поезд құрамында) жарамсыз, сондай-ақ тәуліктің қараңғы уақытында жолдарда жасанды жарықтандыру болмағанда немесе анық көрінбейтін жағдайларда – шамдары және (немесе) артқы габариттік оттары жанбайтын (жоқ), жаңбыр немесе қар жауып тұрғанда жүргізуші жағындағы терезе тазалағышы жарамсыз көлік құралын ж ү р г і з у ғ е ;

11) өзінің оған қатысы бар жол-көлік оқиғасынан кейін не полиция қызметкерінің талабы бойынша көлік құралы тоқтатылғаннан кейін, уәкілетті лауазымды адамның масаңдану күйін анықтау мақсатында куәландыруды жүргізгенге дейін немесе уәкілетті лауазымды адамның осындай куәландыруды жүргізуден босату туралы шешім қабылдағанына дейін алкоголь ішімдіктерін, есірткі немесе психотроптық з а т т а р д ы қ а б ы л д а у ғ а ;

12) жаяу жүргіншілердің өтпе жолдарында және тротуарлардың немесе жол жиектерінің сызығы бойынша көше қиылыстарында; тоннельдерде; көпірлерде, өткерме жолдарда, эстакадаларда және олардың астында; теміржол өткелдерінде; жолдағы көру мүмкіндігі ең болмағанда бір бағытта 100 метрден кем жерлерде; аялдама пункттері орналасқан жерлерде кері бұрылуға;

13) жол қиылыстарында және кері бұрылуға тыйым салынған жерлерде артқа қарай ж ү р у ғ е ;

14) төрт немесе одан да көп жол жолағы бар екі жақты жүруге арналған жолдың қарама-қарсы жүруге арналған жағына шығуға;

15) үш жол жолағы бар, олардың ортаңғысы екі бағытта да жүру үшін пайдаланылатын екі жақты жүру жолдарында қарама-қарсы жүруге арналған шеткі сол ж а қ т а ғ ы ж о л а қ қ а ш ы ғ у ғ а ;

16) көлік құралының техникалық сипаттамасында белгіленген ең жоғары жылдамдығынан асыруға; көлік құралына орнатылған «Жылдамдықты шектеу» таным белгісінде көрсетілген жылдамдықтан асыруға;

17) басқа көлік құралдарына кедергі жасауға;

18) егер ол жол-көлік оқиғасын болдырмау үшін талап етілмесе, кенеттен тоқтауға;

19) жүру жылдамдығын арттырумен немесе өзге де әрекеттермен басып озып бара жатқан көлік құралының басып озуына кедергі келтіруге;

20) м ы н а д а й ж а ғ д а й л а р д а :

реттелетін жол қиылыстарында қарама-қарсы жүру жолағына шыға отырып; реттелмейтін жол қиылыстарында бағытын өзгертетін басты жолмен (рұқсат етілген оң жағынан басып озуды қоспағанда) және басты болып табылмайтын жолмен (шеңберлі жүрісті жол қиылыстарындағы басып озуды, қапталдағы тіркемесі жоқ екі доңғалақты көлік құралдарын басып озуды және рұқсат етілген оң жағынан басып озуды қоспағанда) жүру кезінде;

жаяу жүргіншілер өтпесінде жаяу жүргіншілер болған кезде;
теміржол өткелдерінде және оның алдындағы 100 метрден жақын жерде;
басып озып немесе айналып өтіп келе жатқан көлік құралын;
өрлеудің соңында және көрінуі шектеулі басқа жол учаскелерінде қарама-қарсы
жүру жолағына шыға отырып, басып озуға;
21) мынадай жағдайларда:

егер бұл трамвайдың жүруіне кедергі жасайтын болса, трамвай жолдарына тікелей
жақын жерде;

темір жол өткелдерінде, тоннельдерде;
эстакадаларда, көпірлерде, өткерме жолдарда (егер осы бағытта жүру үшін үш
жолақтан аз болса) және олардың астында (жолақтардың санына қарамастан);

тоқтаған көлік құралы мен тұтас таңбалау сызығы (жүру бөлігінің шетін
белгілейтіннен басқа) немесе жүру бөлігінің қарама-қарсы шеті немесе жүру бөлігінің
қарама-қарсы шетінде тұрған көлік құралы арасындағы қашықтық 3 метрден аз
болатын жерлерде, егер бұл көлік құралдарының жүруіне кедергі жасайтын болса;

жаяу жүргіншілер өтпесінде және оның алдыңғы 5 метрден жақын жерде;
ең болмағанда бір бағыттағы жолдың көрінуі 100 метрден кем болған кезде қауіпті
бұрылысқа жақын жүру бөлігінде және жолдың бойлық бейінінің дөңес күрт
түсулерінде;

жүру бөліктерінің қиылысында және бүйір өтпенің қарсысындағы тұтас таңбалау
сызығы немесе бөлу жолақтары бар үш жақты қиысу (қиылыс) жағын қоспағанда,
қиылысатын жүру бөлігінің шетіне 30 метрден жақын жерде;

аялдама алаңдарында және оларға 15 метрден жақын жерде, ал олар жоқ болғанда
маршруттық көлік құралдары немесе такси аялдмасының көрсеткішіне 15 метрден
жақын жерде;

көлік құралдары басқа жүргізушілерден бағдаршам сигналдарын, жол белгілерін
көлегейлейтін немесе басқа көлік құралдарының жүруіне (кіруіне немесе шығуына)
мүмкіндік бермейтін немесе басқа көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүруіне
кедергі жасайтын жерлерде;

гүлзарларда, балалар және спорт алаңдарында тоқтауға;
22) мына жерлерде:

тоқтауға тыйым салынатын жерлерде;

ол үшін арнайы бөлінген тиісті жол белгілерімен және көрсеткіштерімен
белгіленген орындардан басқа, елді мекендердің жолдарында және көшелерінде;

эстакадаларда, көпірлерде, өткерме жолдарда;
елді мекендерден тыс жерлерде «Басты жол» жол белгісімен белгіленген жолдың
жүру бөлігінде;

темір жол өткелдеріне 50 метрден жақын жерде;
егер бұл тұрғындарға қолайсыздықтар туғызатын болса, елді мекендерде

қозғалтқышы іске қосулы механикалық көлік құралдарының;
гүлзарларда, балалар және спорт алаңдарында аялдап тұруға;

23) мұның жүрістің басқа қатысушыларына кедергі жасамайтынына немесе қауіп төндірмейтініне көз жеткізбейінше көлік құралының есіктерін ашуға, оларды ашып тастап кетуге немесе жолдың жүру бөлігіне шығуға;

24) көше қиылысына немесе жүру бөліктерінің қиылысына, егер жүргізушіні тоқтауға мәжбүр ететін кептеліс болса, көлік құралдарының көлденең бағытта жүруіне кедергі жасай отырып шығуға;

25) жүргізушіге шолуды шектейтін жол-жөнекей бағытта жүріп бара жатқан көлік құралдарының алдына түсуге;

26) егер жаяу жүргінші өтпесінен кейін жүргізушіні жаяу жүргінші өтпесінде тоқтауға мәжбүр ететін кептеліс пайда болса, оған шығуға;

27) мынадай жағдайларда:

шлагбаум жабық тұрған немесе ол жабыла бастаған кезде (бағдаршамның сигналына қарамастан);

бағдаршамның тыйым салатын сигналы кезінде (шлагбаумның орналасуына немесе оның бар екендігіне қарамастан);

өткел бойынша кезекшінің тыйым салатын сигналы кезінде (кезекші жүргізушіге алдыңғы немесе теріс жағымен тұрған, таяқша, қызыл шам немесе жалауша ұстаған қолын жоғары көтерген не қолдарын екі жаққа созған);

егер өткелдің арғы жағында жүргізушіні өткелде аялдап тұруға мәжбүр ететін кептеліс пайда болса;

егер көріну шегінде өткел поезд (локомотив, дрезина) жақындап қалса, темір жол өткеліне шығуға;

28) темір жолдардан тыс жерде теміржол өткелдерінен өтуге;

29) қарама-қарсы жүру жолағына шыға отырып, жол өткелі алдында тұрған көлік құралдарын айналып өтуге;

30) теміржол өткеліндегі шлагбаумды өз бетімен ашуға;

31) теміржол өткелі арқылы ауыл шаруашылығы, жол, құрылыс және басқа да машиналар мен механизмдерді көліктен тыс жағдайда өткізуге; темір жол дистанциясы бастығының рұқсатынсыз жылдамдығы 8 км/сағаттан кем баяу жүретін машиналардың, сондай-ақ трактор шана-сүйретпелерінің жүруіне;

32) автомагистральдарда:

велосипедтерді, мопедтерді, тракторларды және өздігінен жүретін машиналарды, сондай-ақ жылдамдығы техникалық сипаттамалары немесе олардың жай-күйі бойынша 40 км/сағаттан кем өзге де көлік құралдарын жүргізуге;

рұқсат етілген ең жоғары массасы 3500 килограмнан асатын жүк автомобильдерін екінші жолақтан әрі жүргізуге;

«Тұрақ орны» немесе «Демалу орны» жол белгілерімен белгіленген тұруға арналған

арнайы алаңдардан тыс жерлерге тоқтауға;
бөлу жолақтарының технологиялық айырымдарында кері бұрылуға және оған
к і р у г е ;

а р т қ а қ а р а й жү р у г е ;

ж ү р г і з і п ү й р е н у г е ;

3 3) т ұ р ғ ы н а й м а қ т а :

көлік құралдарының толассыз жүруіне;

көлік құралдарының жүру бөлігінен тыс жүруіне;

ж ү р г і з і п ү й р е н у г е ;

қозғалтқышты жұмыс істеткен күйде тұруға;

рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 килограмнан асатын жүк автомобильдерінің,
автобустардың арнайы бөлінген және белгілермен және (немесе) таңбалармен
белгіленген орыннан тыс тұруына;

дыбыстық сигнал беруге, дыбысы қатты музыканы қосуға;

тротуарларда, көгалдарда, балалар және ойын алаңдарында тұруға;

34) иілгіш және қатты тіркемемен сүйреткен кезде сүйретілетін автобуста (троллейбуста) және сүйретілетін жүк автомобилінің шанағында жолаушылардың болуына, ал аспалы түрде немесе жартылай тией отырып сүйреткен кезде – сүйретілетін көлік құралының кабинасында немесе шанағында, сондай-ақ сүйрететін көліктің шанағында жолаушылардың болуына жол беруге;

3 5) м ы н а д а й ж а ғ д а й л а р д а :

рульдік басқаруы жұмыс істемейтін көлік құралын (аспалы түрде немесе жартылай тией отырып сүйретуге жол беріледі);

екі немесе одан көп көлік құралдарын;

егер оның нақтылы массасы сүйрейтін көлік құралының нақтылы массасының жартысынан артық болса, тежеу жүйесі жұмыс істемейтін көлік құралын сүйретуге рұқсат етіледі. Нақтылы массасы аз болған кезінде осындай көлік құралын қатты тіркемемен немесе жартылай тиеу әдісімен сүйретуге жол беріледі;

қапталдағы тіркемесі жоқ мотоциклмен, сондай-ақ осындай мотоциклді;

көктайғақта иілгіш тіркемемен сүйретуге;

3 6) ж о л а у ш ы л а р д ы :

автомобильдің (борттық платформасы бар жүк автомобильдерінің шанағында немесе бүркемелі шанақта жолаушыларды тасымалдау жағдайларынан басқа), трактордың, өздігінен жүретін машинаның кабинасынан тыс, жүк тіркемесінде, тіркеме-үйшікте, жүк мотоциклінің шанағында және мотоцикл конструкциясында отыру үшін көзделген орындардан тыс тасымалдауға;

көлік құралының техникалық сипаттамасында көзделген саннан артық тасымалдауға тыйым салынады, бұл ретте көлік құралының іс жүзіндегі массасы шығарушы кәсіпорын белгілеген рұқсат етілген ең жоғары масса шамасынан аспауға

т и і с ;

мотоциклдің артқы орындығында масаң күйде тасымалдауға;
жүк автомобилінің шанағында отыру үшін жабдықталған саннан артық;
түнгі уақытта (23-тен таңғы 06 сағатқа дейін) жолаушыларды және багажды
қалааралық, облысаралық, ауданаралық (облыс ішінде қалааралық) және халықаралық
катынастарда автобустармен және микроавтобустармен тұрақсыз тасымалдар арқылы
т а с ы м а л д а у ғ а ;

37) 12 жасқа дейінгі балаларды:
мотоциклдің артқы орындығында тасымалдауға;
балаларды арнайы ұстау құрылғысы немесе баланы қауіпсіздік белдігінің көмегімен
ілгектеуге мүмкіндік беретін, көлік құралының конструкциясында көзделген өзге де
құралдар болмаған кезде, ал механикалық көлік құралының алдыңғы орындығында
балаларды арнайы ұстау құрылғысы болмаған кезде тасымалдауға;
38) Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген рұқсат етілген салмақ
параметрлерін асыратын толық тиелу кезде көлік құралын жолдарда жүргізуге тыйым
с а л ы н а д ы ;

Е с к е р т п е .

1. Әскери көлік құралдарының жүргізушілері әскери полиция органдары қызметкерлерінің талабы бойынша масаңдану күйіне куәландырудан өтуге міндетті.
2. Көлік құралын беру туралы талап тиісті иммунитетті иеленетін шет мемлекеттер өкілдіктерінің және халықаралық ұйымдардың көлік құралдарына қолданылмайды.
3. Көлік құралын пайдаланған осы баптың 4-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген адамдар жүргізушінің талабы бойынша анықтама беруге немесе жол парағына (жолдың ұзақтығын, өтіп кеткен қашықтықты, өзінің тегін, лауазымын, қызметтік куәлігінің нөмірін, өз ұйымының атауын көрсете отырып) жазба жасауға тиіс .
4. Мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлеріне көлік құралын беруге байланысты шығыстарды көлік құралы иесінің талабы бойынша уәкілетті органдар өз құзыреті шегінде белгілеген тәртіппен осы ұйымдар өтейді.
5. Жол жүргенде көлік құралдарын пайдалануға тыйым салатын және жүргізуші анықтай алатын өзге де ақаулар мен жағдайлар туындаған кезде ол оларды жоюға тиіс, ал егер бұл мүмкін болмаса, онда қажетті сақтық шараларын сақтай отырып, тұрақ немесе жөндеу орнына бара алады.

70-бап. Жолаушының құқықтары мен міндеттері

1 . Ж о л а у ш ы н ы ң :

- 1) көлік құралы жүрісінің жағдайлары мен тәртібі туралы дәйекті ақпаратты
у а қ т ы л ы а л у ғ а ;
- 2) көлік құралымен қауіпсіз жол жүруге және багажын алып жүруге;
- 3) көлік құралы жүргізушісінен оның өз міндеттерін орындауын талап етуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда келтірілген
з а л а л д ы ө т е т у г е қ ұ қ ы ғы б а р .
2 . Ж о л а у ш ы :

1) көлік құралын ішкі істер органдарының қызметкері тоқтатқан жағдайда оның рұқсатынсыз көлік құралынан шықпауға;

2) қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралымен жол жүрген кезде оларды тағуға, ал мотоциклмен жол жүрген кезде – түймеленген мотошлем киюге;

3) отырғызуды және түсіруді тротуар немесе жол жиегі жағынан және көлік құралы толықтай тоқтағаннан кейін ғана жүргізуге. Егер тротуар немесе жол жиегі жағынан отырғызу және түсіру мүмкін болмаса, оның жол жүрісінің басқа қатысушылары үшін қауіпсіз болуы және кедергі жасамауы шартымен жолдың жүру бөлігі жағынан жүзеге асырылуы мүмкін;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Жол жүрісі қағидаларының ережелерін орындауға міндетті.

3. Ж о л а у ш ы л а р ғ а :

1) жүргізушіні көлік құралының жүруі кезінде оны жүргізуден алаңдатуға;

2) борт платформасы бар жүк автомобилімен жол жүрген кезде түрегеліп тұруға, бортқа немесе борттардан биік тұратын жүктің үстіне отыруға;

3) көлік құралының жүруі кезінде оның есіктерін ашуға, сондай-ақ терезе ойықтарынан және люктен басын шығаруға тыйым салынады.

71-бап. Жаяу жүргіншінің құқықтары мен міндеттері

1. Жаяу жүргіншінің құзыретті органдардан, жолдардың, өткелдердің және басқа да жол құрылыстарының иелерінен қауіпсіз жүру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуді талап етуге құқығы бар.

2. Жаяу жүргінші Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Жол жүрісі қағидаларының өзінің жолдардағы тәртібіне қатысты талаптарын сақтауға міндетті.

3. Ж а я у жү р г і н ш і г е :

1) елді мекенде бөлу жолағы болған кезде жолдың жүру бөлігін жаяу жүргінші өтпесінен тыс жерден, сондай-ақ жаяу жүргіншілер немесе жол қоршаулары орнатылған жерлерден кесіп өтуге;

2) автомагистральдарда түрүгү тыйым салынады.

72-бап. Мопед жүргізушілерінің, велосипедшілердің, күш көлік құралы жүргізушілерінің, мал айдаушылардың, жол бойымен жүк тартатын, мініс малдарын немесе мал айдаушылардың құқықтары мен міндеттері

1. Мопед жүргізушілерінің, велосипедшілердің, күш көлік құралы жүргізушілерінің, мал айдаушылардың, жолдың бойымен жүк тартатын, мініс малдарын немесе табынды айдаушылардың жолдарда Жол жүрісі қағидаларына сәйкес жүруге құқығы бар.

2. Мопед жүргізушілері, велосипедшілер, күш көлік құралының жүргізушілері, мал

айдаушылар, жол бойымен жүк тартатын, мініс малдарын немесе табынды айдаушылар
Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Жол жүрісі қағидаларын білуге және
с а қ т а у ғ а м і н д е т т і .

3. Велосипед және мопед жүргізушілеріне:

- 1) ең болмағанда бір қолымен рульден ұстамай жүргізуге;
- 2) жолаушыларды тасымалдауға;
- 3) ұзындығы немесе ені бойынша көлемінен 0,5 метрге артық шығып тұратын жүктерді немесе жүргізуге кедергі келтіретін жүктерді тасымалдауға;
- 4) қатарында велосипед жолы болғанда жол үстімен жүруге;
- 5) трамвай жүретін жолдарда және осы бағытта жүруге арналған біреуден артық жолағы бар жолдарда солға бұрылуға немесе кері бұрылуға;
- 6) велосипедпен немесе мопедпен пайдалануға арналған тіркемені тіркеп сүйретуден басқа, велосипедтерді және мопедтерді, сондай-ақ велосипедтермен және мопедтермен тіркеп сүйретуге тыйым салынады.

10-тарау. Тірек-қозғалу аппараты бұзылған адамдардың жолда жүруін қамтамасыз ету

73-бап. Тірек-қозғалу аппараты бұзылған адамдардың жолда жүруін және оларға қызмет көрсететін көлік құралдарының тұрағын ұйымдастыру

Тірек-қозғалу аппараты бұзылған жүргізушілер немесе тірек-қозғалу аппараты бұзылған адамдарға немесе зағиптерге қызмет көрсететін көлік құралдарының жүргізушілері жүргізетін көлік құралдарына «Тұруға тыйым салынады», «Айдың тақ санды күндерінде тұруға тыйым салынады», «Айдың жұп санды күндерінде тұруға тыйым салынады» деген тыйым салатын жол белгілерінің күші қолданылмайды.

Тірек-қозғалу аппараты бұзылған жүргізушілер немесе тірек-қозғалу аппараты бұзылған адамдарға қызмет көрсететін көлік құралдарының жүргізушілері жүргізетін көлік құралдары тиісті жүргізу органдарымен және (немесе) құрылғылармен ж а б д ы қ т а л у ғ а т и і с .

Егер «Тұрақ орны» ақпараттық-сілтеме жол белгісімен «Мүгедектер» қосымша ақпарат жол белгісі (тақтайша) орнатылса, «Тұрақ орны» жол белгісінің күші «Мүгедек» таным белгілері орнатылған мотоколяскалар мен автомобильдерге ғана қолданылады.

Егер тыйым салатын не нұсқайтын жол белгілерімен «Мүгедектерден басқа» қосымша ақпарат жол белгісі (тақтайша) орнатылса, онда осы жол белгілерінің күші «Мүгедек» таным белгілері орнатылған мотоколяскалар мен автомобильдерге қолданылмайды.

74-бап. Тірек-қозғалу аппараты бұзылған жүргізушілердің немесе тірек-қозғалу аппараты бұзылған адамдарға

**немесе зағиптерге қызмет көрсететін көлік
құралдары жүргізушілерінің арнайы құқықтары**

1. «Мүгедек» таным белгілері бар көлік құралдарын жүргізетін тірек-қозғалу аппараты бұзылған жүргізушілердің:

1) тұрған көлік құралы жаяу жүргіншілердің жүруі үшін ені кемінде 1,5 метр бос жолақ қалатындай түрде тротуарға толығымен орналасуы шартымен елді мекендегі тоқтауға немесе тұруға тыйым салатын жол белгілерінің қолданысы аймағында көлік құралын тоқтатуға және қоюға құқығы бар. Бұл қағида тоқтауға тыйым салатын жол таңбасымен белгіленген жол учаскелерінде қолданылмайды;

2) бұл жаяу жүргіншілерге кедергі жасамауы және басқа көлік құралдарын жүру мүмкіндігінен айырмауы шартымен тұруға тыйым салатын жол белгілерінің қолданысы аймағында, уақыты шектелген тұрақ орындарында көзделген мерзімнен артық және тұрақ орындарының шегінен тыс аула аумағындағы жолдарда көлік құралын қоюға құқығы бар.

2. Тірек-қозғалу аппараты бұзылған адамдарға немесе зағиптерге қызмет көрсететін көлік құралдарының жүргізушілері тірек-қозғалу аппараты бұзылған адамдарды немесе зағиптерді отырғызу немесе түсіру үшін елді мекендерде тоқтауға тыйым салатын жол белгілерінің қолданысы аймағында көлік құралын тоқтатады.

3. Тірек-қозғалу аппараты бұзылған адамды немесе зағипті баратын жеріне және кері қарай қолынан жетектеп жүретін тірек-қозғалу аппараты бұзылған адамға немесе зағипке қызмет көрсететін көлік құралының жүргізушісі осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген шарттармен көлік құралын елді мекендерде тоқтатады.

11-тарау. Жол жүрісіне қатысуға рұқсат беру

**75-бап. Көлік құралдарына және оларды жүргізетін
адамдарға жол жүрісіне қатысуға рұқсат беру**

1. Көлік құралдарына Қазақстан Республикасының аумағындағы жол жүрісіне қатысуға рұқсат беру:

1) көлік құралдарының, көлік құралдарына орнатылуы және/немесе онда пайдаланылуы мүмкін жабдықтау заттары мен қосалқы бөлшектердің сәйкестігін р а с т а у ;

2) тиісті құжаттар мен мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін бере отырып, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу және есепке алу;

3) көлік құралдарына міндетті техникалық қарап тексеру жүргізу;

4) халықаралық жол жүрісіне рұқсат беру үшін шарттарды орындау арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Адамдарға Қазақстан Республикасының аумағындағы жол жүрісіне қатысуға р ұ қ с а т б е р у :

- 1) көлік құралдарын жүргізу құқығына куәліктер беру;
- 2) көлік құралдары уақытша иелік етуге және пайдалануға берілген адамдарды тіркеу және есепке алу арқылы жүзеге асырылады.

76-бап. Көлік құралдарын, көлік құралдарына орнатылуы және/немесе онда пайдаланылуы мүмкін жабдықтау заттары мен қосалқы бөлшектердің сәйкестігін

растау

1. Сәйкестігін міндетті растауға (сертификаттауға немесе декларациялауға) жататын көлік құралдарын, көлік құралдарына орнатылатын және (немесе) онда пайдаланылатын жабдықтау заттары мен қосалқы бөлшектерді айналысқа шығарудың қажетті шарты олардың Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігі болып табылады.

2. Тіркелген көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізуге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген талаптарға қатаң сәйкестікте жол беріледі.

Тіркелген көлік құралының конструкциясына енгізілген өзгерістер көлік құралының тіркеу құжаттарында көрініс табуға тиіс.

3. Көлік құралдарының, көлік құралдарына орнатылатын және/немесе онда пайдаланылатын жабдықтау заттары мен қосалқы бөлшектердің сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес берілген шетелдік сертификаттар мен өзге де құжаттарды мойындау оларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде белгіленген нысандардың сәйкестігін растайтын сертификаттарға және өзге де құжаттарға қайта ресімдеу арқылы техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, бұрын қолданыста болған, көрме үшін және мақсатсыз пайдалануға әкелінген, сондай-ақ ізгілік көмек желісі бойынша жеткізілетін көлік құралдары, көлік құралдарына орнатылатын және/немесе онда пайдаланылатын жабдықтау заттары мен қосалқы бөлшектер сәйкестігін міндетті растау объектілеріне жатпайды.

5. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес берілген доңғалақты көлік құралдарын техникалық қарап тексерудің қолданыстағы сертификаты Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін бұрын қолданыста болған көлік құралдарын айналысқа шығарудың және оларды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органда тіркеудің қажетті шарты болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін доңғалақты көлік құралдарын техникалық қарап тексерудің шетелдік сертификаттарын мойындау Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

7. Көлік құралдарының, көлік құралдарына орнатылуы және (немесе) онда пайдаланылуы мүмкін жабдықтау заттары мен қосалқы бөлшектердің Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігі үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз құзыретінің шегінде сәйкестікті растау жөніндегі органдарға және сынақ зертханаларына жүктеледі.

77-бап. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеудің мақсаттары

Қазақстан Республикасында көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу:

- 1) көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде жол жүрісіне қатысуға және (немесе) оларды пайдалануға рұқсат беру;
- 2) көлік құралдарын мемлекеттік есепке алу;
- 3) көлік құралдарын пайдалануға байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу мақсатында жүзеге асырылады.

78-бап. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеудің міндеттілігі

1. Басқа мемлекеттің құзыретті органында тіркелген, халықаралық жол жүрісіне қатысатын және Қазақстан Республикасына бір жылдан аспайтын мерзімге әкелінетін механикалық көлік құралдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында жасалған немесе Қазақстан Республикасына әкелінген, осы Заңда айқындалатын механикалық көлік құралдары міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады.

2. Осы Заңға сәйкес мемлекеттік тіркеуден өтпеген көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында жол жүрісіне қатысуына және (немесе) оларды пайдалануға тыйым салынады.

79-бап. Мемлекеттік тіркеуге жататын көлік құралдарының түрлері

Механикалық көлік құралдары мен тіркемелердің мынадай түрлері: жеңіл, жүк автомобильдері, олардың базасында жасалған арнайы автомобильдер мен троллейбустарды қоса алғанда, автобустар; ең жоғары конструктивтік жылдамдығы 50 км/сағаттан асатын мотоциклдер, трициклдер, квадрициклдер мен мопедтер; автомобильдердің құрамында жүруге арналған тіркемелер жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органда мемлекеттік тіркеуге жатады.

Жолдардан тыс технологиялық көлік ретінде пайдаланылатын әскери көлік құралдары, тракторлар, олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, тіркемелерді қоса алғанда; трамвайлар және рельспен жүретін басқа да механикалық көлік құралдары; басқа мемлекеттерде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағына бір жылдан аз мерзімге әкелінген жеңіл, жүк

автомобильдері мен автобустар, олардың шассилерінде жасалған арнайы автомобильдерді қоса алғанда, мотоциклдер мен мотороллерлер, автомобильдердің құрамында жүруге арналған тіркемелер мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

80-бап. Көлік құралдарына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық жол жүрісіне қатысуға рұқсат беру

1. Көлік құралы, егер де ол:

1) Қазақстан Республикасынан тыс тұрғылықты жері немесе тұрған жері бар жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі болса;

2) Қазақстан Республикасында тіркелмесе;

3) Қазақстан Республикасына уақытша әкелінген болса, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық жол жүрісінде жүр деп есептеледі.

2. Отыз тәулікке дейін үзіліспен бір жылдан астамға Қазақстан Республикасының аумағында қалған көлік құралы халықаралық жол жүрісінде жүр деп есептелмейді.

3. Халықаралық жол жүрісіндегі көлік құралдарына Қазақстан Республикасының аумағында жол жүрісіне қатысуға рұқсат беру Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына берілген:

1) көлік құралын, тіркемені тіркеу туралы куәлік;

2) көлік құралының тіркеу нөмірі;

3) мемлекеттің айырым белгісі;

4) көлік құралының таным белгісі;

5) көлік құралының техникалық қарап тексеруден өту фактісін растайтын құжат болған кезде жүзеге асырылады.

81-бап. Көлік құралдары иелерінің құқықтары мен міндеттері

1. Көлік құралдары иелерінің:

1) жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органнан механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеу тәртібі туралы ақпарат және түсініктеме алуға;

2) механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органда тіркеуге;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен көлік құралының мемлекеттік тіркеу белгісінің цифрлық белгіленуін таңдауға құқығы бар.

2. Көлік құралдарының иелері:

1) Кеден одағының кедендік аумағында сатып алғаннан немесе жеке пайдалану үшін шығарумен, ішкі тұтыну үшін механикалық көлік құралын шығарумен, Қазақстан Республикасына бір жылдан астам мерзімге уақытша әкелінгендерді шығарумен байланысты кедендік операцияларды жасағаннан кейін он күннің ішінде көлік құралын жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органда тіркеуге;

2) көлік құралын міндетті түрде ұсыну Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркеу қағидаларында көзделген жағдайларда оны жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға ұсынуға;

3) көлік құралын кәдеге жаратудың алдында немесе оны жоғалтқаннан кейін не көлік құралын Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты болуға әкетудің алдында механикалық көлік құралын мемлекеттік тіркеуді тоқтату үшін жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға өтініш жасауға;

4) жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы уақтылы орындалмаған қаулылар болған кезде айыппұл төлеуге міндетті.

82-бап. Көлік құралын мемлекеттік тіркеуге немесе көлік құралының тіркеу деректерін өзгертуге тыйым салу

1. Жолдарда жүруге және олармен адамдарды немесе жүктерді тасымалдауға арналған, жүргізу органдары оң жақта орналасқан көлік құралдарын бастапқы тіркеуге т ы й ы м с а л ы н а д ы .

2 . М ы н а д а й :

1) жаңа көлік құралдары үшін Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың және осы Заңның 74-бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі мойындаған сәйкестік с е р т и ф и к а т т а р ы б о л м а ғ а н ;

2) бұрын қолданыста болған, рұқсат етілген жоғары массасы 3 500 килограмнан асатын көлік құралдары және жүргізушінің орындығын қоспағанда, сегізден аспайтын отыру орындары бар бастапқы тіркелуге ұсынылатын автомобильдер үшін Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес берілген халықаралық техникалық қарап тексеру сертификаттары болмаған;

3) Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, қайта тіркелуге ұсынылатын көлік құралдары үшін міндетті техникалық қарап тексеруден уақтылы өтпеген;

4) тіркеу құжаттары болмаған;

5) көлік құралының шығарушысы басып берген нөмірлік агрегаттардың таңбасын қолдан жасау, жасыру, өзгерту және (немесе) жою салдарынан көлік құралын сәйкестендіру мүмкін болмаған;

6) осы Заңның 77-бабында көрсетілген көлік құралы конструкциясының маркалы сәйкестендіру таңбасы бар құрауыштық бөлігі ауыстырылған;

7) қолдан жасалған (жасанды) құжаттар ұсынылған;

8) көлік құралы іздеуде болған;

9) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы уақтылы орындалмаған қаулылар болған жағдайда көлік құралын тіркеуге және тіркеу деректерін өзгертуге тыйым салынады.

83-бап. Көлік құралын мемлекеттік тіркеуден немесе көлік құралының тіркеу деректерін өзгертуден бас тарту

1. М ы н а л а р :

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салынған (енгізілген) тіркеу іс-әрекеттерін жасауға тыйым салудың және шектеулердің болуы;
- 2) көлік құралы меншік иесінің мүдделерін білдіруге өкілеттігі жоқ адамның көлік құралдарын тіркеу органына өтініш жасауы;
- 3) тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынбау немесе толық емес көлемде ұсыну, сондай-ақ оқылмайтын, қарындашпен жазылған, тазартулары, қосып жазылғандары, сызып тасталған сөздері, сондай-ақ келісілмеген түзетулері бар құ ж а т т а р д ы ұ с ы н у ;
- 4) көлік құралын ұсыну міндетті болатын жағдайларда оны ұсынбау;
- 5) ұсынылған көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруға уәкілетті емес көлік құралдарын тіркеу органына өтініш жасау;
- 6) көлік құралы конструкциясының немесе оған енгізілген өзгерістердің Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасының талаптарына немесе ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмеуі көлік құралын мемлекеттік тіркеуден немесе көлік құралының тіркеу деректерін өзгертуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.

2. Тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуден бас тарту туралы себептері негізделе отырып, көлік құралының иесі тиісті түрде (ауызша, жазбаша, электрондық почтамен) хабардар е т і л у г е т и і с .

Тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуден ауызша бас тарту өтініш берушінің талабы бойынша міндетті түрде жазбаша ресімделуге жатады.

3. Көлік құралын мемлекеттік тіркеуден немесе көлік құралының тіркеу деректерін өзгертуден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға болады.

84-бап. Көлік құралының мемлекеттік тіркелуін тоқтату

1. Көлік құралын мемлекеттік тіркеу көлік құралының жоғалуына, сондай-ақ кәдеге жаратудың немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге әкетердің алдында оны мемлекеттік тіркеуден алуға байланысты немесе өзге де мән-жайларға сәйкес оның иесінің өтініші бойынша тоқтатылады.

2. Көлік құралын мемлекеттік тіркеу көлік құралын тіркеуден бас тарту үшін осы Заңның 80-бабында көзделген негіздер анықталған кезде тоқтатылады.

85-бап. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттар, мемлекеттік тіркеу белгілері

1. Тіркелген көлік құралының иесіне көлік құралының мемлекеттік тіркелуін растайтын тіркеу құжаты мен мемлекеттік тіркеу белгісі (белгілері) беріледі. Тіркеу құжаты көлік құралын жүргізетін адамда болуға тиіс.

2. Тіркеу құжаттарының бланкілеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды жасау, сақтау және есепке алу тәртібін жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

3. Мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгілерін беру және оларды жасау жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

86-бап. Көлік құралдарын тіркеу кезіндегі олардың иелерінің жауапкершілігі

Көлік құралдарының иелері көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу, көлік құралдарының тіркеу деректерін өзгерту жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

87-бап. Көлік құралының тіркеу деректері

1. Көлік құралының мемлекеттік тіркеу туралы құжатқа енгізілетін және жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне мемлекеттік есепке алуға жататын міндетті тіркеу деректеріне мынадай мәліметтер жатады:

- 1) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің әріптік-цифрлық таңбалануы;
- 2) көлік құралының шығарылған жылы;
- 3) көлік құралының маркасы және моделі;
- 4) осы көлік құралын жүргізу құқығына санат немесе кіші санат;
- 5) көлік құралдарын жасаған ұйым берген сәйкестендіру нөмірі (VIN) немесе оның шассиінің (шанағының, рамасының) нөмірі;
6) түсі;
- 7) қозғалтқыштың көлемі, қозғалтқыштың ат күшімен және киловатпен алынған қуаты;
- 8) көлік құралы иесінің – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы;
- 9) жеке тұлға үшін – мекенжайы, тұратын жері, заңды тұлғаның немесе оның филиалының орналасқан жері;
- 10) құқықты белгілейтін құжаттар негізінде құқықтардың ауысуы кезіндегі мәміле сомасы;
- 11) көлік құралдарын тіркейтін органның атауы.

2. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган көлік құралдарын шығарумен байланысты кеден операцияларын жасағаннан кейін жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның көлік құралдарын есепке алу ақпараттық жүйесіне мәліметтерді бірлескен актіде айқындалатын тәртіппен жолдайды.

12-тарау. Адамдарға көлік құралдарын жүргізуге рұқсат беру

88-бап. Адамдарға көлік құралдарын жүргізуге рұқсат беру

1. Қазақстан Республикасында көлік құралдарының оларды жүргізуге арнайы құқық (бұдан әрі – көлік құралдарын жүргізу құқығы) берілетін мынадай санаттары мен кіші санаттары белгіленеді:

1) «А» санаты – мотоциклдер;

2) «В» санаты – рұқсат етілген ең жоғары массасы 3500 килограмнан аспайтын және жүргізуші орындығынан басқа отыратын орындарының саны сегізден аспайтын автомобильдер («А» санатына жататын көлік құралдарын қоспағанда); рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 килограмнан аспайтын тіркелген тіркемесі бар «В» санатындағы автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 килограмнан асатын, бірақ жүктемесі жоқ автомобильдің массасынан аспайтын тіркеме тіркелген «В» санатындағы автомобильдер, ал көлік құралдарының осындай құрамының рұқсат етілген жалпы ең жоғары массасы 3500 килограмнан аспайды;

3) «С» санаты – «D» санатына жататындарды қоспағанда, рұқсат етілген ең жоғары массасы 3500 килограмнан асатын автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 килограмнан аспайтын тіркеме тіркелген «С» санатындағы автомобильдер;

4) «D» санаты – жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің орындығынан басқа сегізден астам отыратын орны бар автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 килограмнан аспайтын тіркеме тіркелген «D» санатындағы автомобильдер;

5) «BE» санаты – рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 килограмнан асатын және жүктемесі жоқ автомобильдің массасынан асатын тіркеме тіркелген «В» санатындағы автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 килограмнан асатын тіркеме тіркелген «В» санатындағы автомобильдер, ал көлік құралдарының осындай құрамының рұқсат етілген жалпы массасы 3500 килограмнан асады;

6) «CE» санаты – рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 килограмнан асатын тіркеме тіркелген «С» санатындағы автомобильдер;

7) «DE» санаты – рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 килограмнан асатын тіркеме тіркелген «D» санатындағы автомобильдер, сондай-ақ буындасқан автобустар;

8) «Тm» санаты – трамвайлар;

9) «Тb» санаты – троллейбустар;

10) «A1» кіші санаты – іштен жану қозғалтқышының жұмыс көлемі 125 текше сантиметрден аспайтын және ең жоғары қуаты 11 кВт аспайтын мотоциклдер;

11) «B1» кіші санаты – трициклдер мен квадрициклдер;

12) «C1» кіші санаты – «D» санатына жататындарды қоспағанда, рұқсат етілген ең жоғары массасы 3500 килограмнан асатын, бірақ 7500 килограмнан аспайтын автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 килограмнан аспайтын тіркеме тіркелген «C1» кіші санатындағы автомобильдер;

13) «D1» кіші санаты – жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің

орындығынан басқа сегізден асатын, бірақ он алтыдан аспайтын отыратын орны бар автомобильдер; рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 килограмнан аспайтын тіркеме тіркелген «D1» кіші санатындағы автомобильдер;

14) «C1E» кіші санаты – рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 килограмнан асатын, бірақ жүктемесі жоқ автомобильдің массасынан аспайтын тіркеме тіркелген «C1» кіші санатындағы автомобильдер, ал көлік құралдарының осындай құрамының рұқсат етілген жалпы массасы 12000 килограмнан аспайды;

15) «D1E» кіші санаты – жолаушыларды тасымалдауға арналмаған, рұқсат етілген ең жоғары массасы 750 килограмнан асатын, бірақ жүктемесіз автомобильдің массасынан аспайтын тіркеме тіркелген «D1» кіші санатындағы автомобильдер, ал көлік құралдарының осындай құрамының рұқсат етілген жалпы массасы 12000 к и л о г р а м н а н а с п а й д ы .

2. Көлік құралдарын жүргізу құқығы осы Заңның 86-бабында тізбеленген шарттар сақталған жағдайда емтихандарды тапсырған адамға беріледі.

Емтихандар механикалық немесе автоматтық трансмиссиясы бар көлік құралдары пайдаланыла отырып қабылданады.

Механикалық трансмиссиясы бар көлік құралдарын пайдаланыла отырып емтихан тапсырған адамдарға тиісті санаттағы немесе кіші санаттағы трансмиссияның кез келген түріндегі көлік құралдарын жүргізу құқығы беріледі.

Автоматтық трансмиссиясы бар көлік құралдарын пайдаланыла отырып емтихан тапсырған адамдарға тек автоматтық трансмиссиясы бар тиісті санаттағы немесе кіші санаттағы көлік құралдарын жүргізу құқығы беріледі.

3. Емтихандар емтихан тапсырушы адамдардың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын техникалық бақылау құралдары қолданыла отырып жүргізіледі.

Емтихан өткізуге арналған техникалық бақылау құралдарының құрамын, оларға қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды қолдану шарттарын жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

4. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге олар көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі курстардың тізіліміне енгізілген жағдайда емтихан қабылдау кезінде емтихан тапсырушылардың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын тексеруге қатысуға р ұ қ с а т е т і л е д і .

5. Көлік құралдарын жүргізу құқығы жүргізуші куәлігімен, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда көлік құралын жүргізу құқығына уақытша рұқсатпен расталады.

6. Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес келетін ұлттық және халықаралық жүргізуші куәліктері беріледі.

7. Ұлттық жүргізуші куәлігі, егер заңдармен өзгеше шектеу көзделмесе, он жыл м е р з і м г е б е р і л е д і .

8. «А» санатындағы көлік құралдарын жүргізу құқығына ұлттық жүргізуші куәлігі сонымен бірге «А1» кіші санатындағы және мотоциклдік орындығы немесе мотоциклдік типтегі рөлі бар «В1» кіші санатындағы көлік құралдарын, «В» санатындағы – «В1» кіші санатындағы (мотоциклдік орындығы немесе мотоциклдік типтегі рөлі бар көлік құралдарынан басқа), «С» санатындағы – «С1» кіші санатындағы , «D» санатындағы – «D1» кіші санатындағы, «СЕ» санатындағы – «С1Е» кіші санатындағы, «DE» санатындағы – «D1Е» кіші санатындағы көлік құралдарын жүргізу құқығын да растайды .

9. Халықаралық жүргізуші куәлігі үш жылға дейінгі, бірақ ұлттық жүргізуші куәлігінің қолданылуы мерзімінен аспайтын мерзімге беріледі.

Қазақстан Республикасында берілген халықаралық жүргізуші куәлігі көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағында жүргізу үшін жарамсыз болып табылады .

10. Басқа мемлекеттерде беріліп, жоғалған (ұрланған) шетелдік және халықаралық жүргізуші куәліктерінің орнына ұлттық және халықаралық жүргізуші куәліктері берілмейді .

11. Ұлттық және халықаралық жүргізуші куәліктерінің үлгілерін жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

12. Егер жүргізуші куәлігінде көлік құралдарын жүргізуге шектеулер көрсетілсе, осы жүргізуші куәлігі онда көрсетілген шектеулер сақталған жағдайда жарамды болып есептеледі .

13. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын, сондай-ақ уақытша келген адамдарға көлік құралдарын жүргізуге ұлттық жүргізуші куәліктерінің негізінде, ал олар болмаған кезде – осы баптың 14, 15, 16, 17, 18 және 19-тармақтарында тізбеленген шарттар мен шектеулер сақталған кезде қолданыстағы халықаралық немесе шетелдік ұлттық жүргізуші куәліктерінің негізінде рұқсат етіледі.

14. Кәсіпкерлік немесе көлік құралдарын тікелей жүргізу жөніндегі жұмыстарды атқарумен байланысты өзге де еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде халықаралық немесе шетелдік жүргізуші куәліктері негізінде көлік құралдарын жүргізуге жол берілмейді .

15. Шет мемлекетте берілген халықаралық жүргізуші куәлігі ол тиісті ұлттық жүргізуші куәлігімен бірге көрсетілген жағдайда жарамды деп танылады.

16. Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес келмейтін шетелдік жүргізуші куәлігі жарамсыз деп танылады.

17. Шетелдік және халықаралық жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарын жүргізуге олардың иелері көлік құралдарының тиісті санаттары мен кіші санаттары үшін осы Заңның 86-бабында көзделген жасқа жеткен кезде жарамды деп танылады .

18. Осы баптың 14 және 17-тармақтарында көзделген ережелер көлік құралы

халықаралық жүріске қатысқан жағдайларда қолданылмайды.

19. Шетелдік және халықаралық жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарын жүргізу үшін шетел азаматы немесе азаматтығы, тұруға ықтиярхаты жоқ адам болып табылатын, олардың иелері алған күннен алпыс күн өткен соң не Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын олардың иелері Қазақстан Республикасына келген күннен алпыс күн өткен соң жарамсыз болып т а н ы л а д ы .

20. Шетелдік және халықаралық жүргізуші куәліктерінің орнына ұлттық және халықаралық жүргізуші куәліктерін берудің тәртібін Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і б е л г і л е й д і .

Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес келмейтін шетелдік және халықаралық жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасының ұлттық және халықаралық жүргізуші куәліктеріне айырбасталуға жатпайды.

Е с к е р т п е л е р :

1. Жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын, тиісті санаттарға (кіші санаттарға) жататын көлік құралдарының өздігінен жүретін шассилері «В», «С» санаттарындағы және «С1» кіші санатындағы көлік құралдарына теңестіріледі.

2. Осы бапта тізбеленген көлік құралдарының және олардың өздігінен жүретін шассилерінің жіктемесі Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес айқындалады.

89-бап. Көлік құралдарын жүргізу құқығын алудың шарттары

1. Осы бапта белгіленген жасқа жеткен және көлік құралдарын жүргізуге кедергінің жоқтығы туралы медициналық қорытындысы бар адамдар тиісті даярлықтан кейін көлік құралдарын жүргізу құқығын алуға емтихан тапсыруға жіберіледі.

2. Көлік құралдарын жүргізу құқығы:
«А1» кіші санатындағы көлік құралдарын жүргізу – он алты жасқа толған адамдарға ;

«А», «В» санаттарындағы және «В1», «С1» кіші санаттарындағы көлік құралдарын жүргізу – он сегіз жасқа толған адамдарға;

«С» санатындағы және «D1» кіші санатындағы көлік құралдары – жиырма бір жасқа толған, кемінде үш жыл жүргізушілік жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде бір жыл «С1» санатына жататын көлік құралдарын жүргізу өтілі бар адамдарға;

«D», «Тm» және «Тb» санаттарындағы көлік құралдарын жүргізу – жиырма бір жасқа толған, кемінде бес жыл жүргізушілік жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде екі жыл «D1» санатына жататын көлік құралдарын жүргізу өтілі бар адамдарға;

«BE», «CE», «DE» санаттарындағы көлік құралдарының құрамдарын жүргізу – кемінде 12 ай бойы тиісінше «В», «С» немесе «D» санаттарындағы көлік құралдарын жүргізуге құқығы бар адамдарға;

«C1E», «D1E» кіші санаттарындағы көлік құралдарының құрамдарын жүргізу –

кемінде 12 ай бойы тиісінше «С», «D» санаттарындағы не «C1», «D1» кіші санаттарындағы көлік құралдарын жүргізуге құқығы бар адамдарға беріледі.

3. «B», «C» санаттарындағы, сондай-ақ «C1» кіші санатындағы көлік құралдарын жүргізу құқығын алуға емтихан тапсыруға он жеті жасқа толған және әскери комиссариаттар бағыттары бойынша көлік құралдарын жүргізушілердің тиісті даярлығынан өткен адамдар жіберіледі.

Көрсетілген адамдарға ұлттық жүргізуші куәліктері олар он сегіз жасқа толғанда беріледі.

4. Әскери қызметте жүрген адамдар тиісті даярлықтан кейін «D» санатындағы және «D1» кіші санатындағы көлік құралдарын жүргізу құқығын алуға емтихан тапсыруға он тоғыз жасқа толғаннан кейін жіберіледі.

Көрсетілген адамдар жиырма бір жасқа толғанға дейін оларға емтихан тапсыру нәтижелері бойынша берілген ұлттық жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлерге, әскери құрамаларға және Қазақстан Республикасының заңдармен әскери қызмет жағдайы көзделген органдарға ғана тиесілі «D» санатындағы және «D1» кіші санатындағы көлік құралдарын жүргізу құқығын растайды.

90-бап. Көлік құралдарын жүргізу құқығын тоқтату

1. М ы н а л а р :

1) жүргізуші куәлігі қолданысының белгіленген мерзімінің өтуі;
2) көлік құралдарын қауіпсіз жүргізуге кедергі келтіретін, медициналық қорытындымен расталған жүргізуші денсаулығының нашарлауы көлік құралдарын жүргізу құқығын тоқтатудың негіздері болып табылады.

Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді міндетті медициналық қайта куәландырудың себептерін көрсете отырып, оған жіберуге психикасының көлік құралдарын толыққанды жүргізуге кедергі келтіретін айқын түрде бұзылуы мен мінез-құлықтың бұзылуы, көру органының жетіліп дамуының кемістігі, көру функцияларын бұзатын жаңадан пайда болған ісіктер, органның туа біткен кемістігі немесе органнан не бүлінген органның қызметін бұзатын оның бір бөлігінен жүре келе айырылуы негіз болып табылады;

3) Жол жүрісі қағидаларын білуін тексеруге жүргізушіні жіберу туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде Жол жүрісі қағидаларын білуін тексеруге арналған емтиханды тапсырмау;

4) көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыру көлік құралдарын жүргізу құқығын тоқтатудың негіздері болып табылады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша көлік құралдарын жүргізу құқығының тоқтатылуы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның (лауазымды адамның) талап арызы бойынша, азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіппен сот шешімімен жүзеге асырылады.

2. Көлік құралын жүргізу құқығы:

1) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша – жол жүрісі қағидаларын білуін тексеруге арналған емтихан тапсырғаннан және медициналық тексеруден өткеннен кейін;

2) осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша – егер көлік құралдарын жүргізу құқығын тоқтатудың себептері жойылатын болса, сот ш е ш і м і б о й ы н ш а ;

3) осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген негіз бойынша – осы Заңның 85-бабында белгіленген тәртіппен;

4) осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша – емтихан тапсырғаннан және көлік құралын жүргізу құқығынан айыру мерзімі аяқталғаннан кейін тоқтатылған кезде осы құқық қайта қалпына келтіріледі.

3. Жауапкершілік шаралары ретінде көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға не осындай құқықты шектеуге әкеп соғатын құқық бұзушылықтардың түрлері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

91-бап. Көлік құралдары уақытша иеленуге және пайдалануға берілген адамдарды тіркеу және есепке алу

1. Көлік құралдары уақытша иеленуге және пайдалануға берілген адамдарды тіркеуді және есепке алуды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, жол жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Өзінің қызметтік немесе еңбек міндеттерін орындауымен байланысты, оның ішінде көлік құралының иесімен еңбек немесе өзге де шарт жасасу негізінде не мәміленің жазбаша нысанын ресімдеместен көлік құралы иесінің қатысуымен оның ерік білдіруі негізінде көлік құралын жүргізуші адам тіркелуге және есепке алынуға ж а т п а й д ы .

3. Көлік құралы уақытша иеленуге және пайдалануға берілген адамның тіркелмей және есепке алынбай осы көлік құралын жүргізуіне тыйым салынады.

13-тарау. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау

92-бап. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге қойылатын талаптар

1. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлауды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органды қызметін бастағаны туралы хабардар еткен және көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы мәліметтер қамтылған көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі курстар тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер жүзеге асырады.

2. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметпен айналысу үшін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға курстардың атауларын көрсетіп және мынадай құжаттарды:

1) оқытылатын тақырыптар, сабақ кестесі және жоспарланып отырған оқыту әдістері көрсетілетін даярлау бағдарламасын;

2) оқытатын персоналдың біліктілігі мен бейінін;

3) курстар өткізілетін меншік құқығындағы материалдық-техникалық базаның, оқу материалдарының және практикалық сабақтар үшін пайдаланылатын құралдардың болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттарды;

4) заңды тұлғаның жарғысын және оны мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті (заңды тұлға үшін);

5) дара кәсіпкер үшін – өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге міндетті.

3. Ұсынылған құжаттарды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қарайды. Көрсетілген мерзімде өтініш беруші орналасқан жерге бара отырып, орынжайлардың және пайдаланылатын құралдардың сәйкестігін тексеріп қарау жүргізіледі.

4. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның курстарды бекіту туралы шешімі (бұйрығы) және оны көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі курстар тізіліміне енгізу көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асырудың негізі болып табылады.

5. Ортақ пайдаланудағы жолдарда көлік құралын жүргізуге оқыту Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен келісілген бағыттар бойынша ғана жүзеге асырылады.

Жүргізуді үйреніп жүрген адамға жүргізетін оқу көлік құралымен жолаушылар тасымалдауына тыйым салынады.

Оқу процесін бақылауды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырады.

93-бап. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметпен айналысуға рұқсат беруден бас тарту және тыйым салу негіздері

1. Мыналар:

1) осы бапта көзделген қызметті ұйымдастыру жөніндегі талаптарды орындамау;

2) ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дұрыс болмауы;

3) осы Заңның 90-бабының 2-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттардың ұсынылмауы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметпен айналысуға рұқсат беруден бас тартуға негіз болып табылады. Өтініш беруші аталған олқылықтарды жойған кезде өтініш жалпы негізде қаралады;

4) өтініш берушінің заңнамада белгіленген біліктілік талаптарына сай болмауы;
5) өтініш берушіге қатысты оның осы қызмет түрімен айналысуына тыйым салатын соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметпен айналысуына рұқсат беруден бас тартуға негіз болып табылады.

2. Өтініш берушіні көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі курстар тізіліміне енгізуден бас тартуды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган күнтізбелік он күн ішінде бас тартудың себептерін көрсете отырып, ж а з б а ш а т ү р д е ұ с ы н а д ы .

3. Қызметпен айналысуға рұқсат беруден бас тарту туралы шешімді осы бапта көзделмеген негіздер бойынша шығаруға тыйым салынады.

4. Бас тартуға негіз болған себептерді жойғаннан кейін өтініш беруші жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға қайтадан жүгіне алады.

5 . М ы н а л а р :

1) заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметпен айналысудан өз еркімен бас тарту туралы өтініші;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаның қызметін тоқтату, оны қайта ұйымдастыру немесе тарату, дара кәсіпкердің банкрот болуы;

3) көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі курстар тізіліміне енгізу кезінде көрінеу дәйексіз ақпарат ұсыну көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салуға негіз болып табылады.

6. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі курстар тізілімінен шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган шығару себептері көрсетілген тиісті хабарламаны қолма-қол табыс етеді немесе жібереді.

Тізілімнен шығару заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің қызметін тоқтатуға ә к е п с о ғ а д ы .

Тұлғалардың тізілімін жүргізу қағидаларын және көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

7. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлауды бақылауды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырады.

94-бап. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіби бірлестіктер

1. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіби бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар болып табылады және өз мүшелерінің жалпы жиналысында қабылданған жарғының негізінде іс-қимыл жасайды.

2. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіби бірлестіктердің

құрылымы мен жұмыс органдары олардың жарғыларында айқындалады.

3. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер ғана көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіби бірлестіктердің құрылтайшылары және қатысушылары бола алады. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер бір ғана кәсіби ұйымның мүшелері болады.

Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіби бірлестік мүшелерінің олардың басқару органдарын сайлау және оларға сайлану құқығы бар.

4. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіби бірлестіктер жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен а к к р е д и т т е л у г е ж а т а д ы .

5. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіби бірлестікті аккредиттеу жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша аккредиттеу туралы куәлікпен расталады.

Аккредиттеу туралы куәлік Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды б о л а д ы .

6. Аккредиттеу туралы куәлік мынадай жағдайларда:

1) заңды тұлға қайта ұйымдастырылғанда немесе таратылғанда, дара кәсіпкер б а н к р о т б о л ғ а н д а ;

2) аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын өз еркімен тоқтату туралы өтініш ұ с ы н ы л ғ а н д а ;

3) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұрған себептер жойылмағанда;

4) аккредиттеу туралы куәлік бірнеше рет (соңғы он екі ай ішінде екі рет) тоқтатыла тұрғанда өз қолданысын тоқтатады .

Аккредиттеу туралы куәліктің қолданысы осы баптың 6-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда кәсіби бірлестіктің аккредиттеуден өту мақсатында жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге екі жыл құқығы жоқ.

95-бап. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіби бірлестіктердің құқықтары мен міндеттері

1. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіби бірлестіктер:

1) заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің көлік құралдарын жүргізушілерді даярлауының сапасын сыртқы бақылауды жүзеге асыруға;

2) оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің және білім беру процесі кезінде жүргізуді үйрету шеберлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі курстарды өткізуге, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен курстардан өткені туралы сертификаттар беруге;

3) көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жұмысының тәжірибесін талдауға,

қ о р ы т у ғ а

ж ә н е

т а р а т у ғ а ;

4) мемлекеттік, қоғамдық және халықаралық ұйымдарда көлік құралдарын жүргізушілерді даярлауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің мүдделерін білдіруге ;

5) көлік құралдарын жүргізушілерді даярлауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің өз қызметін жүзеге асыруға байланысты дауларын қарауға;

6) көлік құралдарын жүргізушілерді даярлауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің рейтингін өткізуге және мерзімді баспасөз басылымдарында жариялауға ;

7) көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау мәселелері бойынша халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысуға ;

8) көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау саласындағы оқу әдебиетін, әдістемелік ұсынымдарды, мерзімді баспасөз басылымдарын әзірлеуге, басып шығаруға ж ә н е т а р а т у ғ а ;

9) көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау стандарты бойынша ұсынымдар беруге ;

10) сапаға қатысты жүргізілген сыртқы бақылаудың қорытындылары бойынша көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау стандартын және Әдеп кодексін бұзуға жол берген адамдарды кәсіби бірлестіктен шығаруға;

11) оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің және білім беру процесі кезінде жүргізуді үйрету шеберлерінің біліктілігін арттырудың оқу бағдарламаларын әзірлеуге ж ә н е б е к і т у ғ е қ ұ қ ы л ы .

2. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіби бірлестіктер:

1) Қазақстан Республикасының көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау саласындағы заңнамасын сақтауға ;

2) аккредиттеуді алған кезден бастап алты ай ішінде Біліктілік комиссиясын құруға;

3) өз мүшелерін Қазақстан Республикасының көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау саласындағы нормативтік құқықтық актілерімен қамтамасыз етуге;

4) Әдеп кодексін әзірлеуге және қабылдауға;

5) көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметтің дамуына, оның тиімділігін арттыруға, заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер қызметінің ұйымдастырылуы мен үйлестірілуіне ықпал етуге;

6) заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің Қазақстан Республикасының көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауын қ а м т а м а с ы з е т у ғ е ;

7) мүшелері қабылданған (кеткен, шығарылған), сондай-ақ басқарудың жұмыс органының дербес құрамы өзгерген жағдайда бұл өзгерістер туралы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға хабарлауға;

8) өз қызметі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген тәртіппен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті
органға беруге міндетті.

3. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіби бірлестіктер көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау саласындағы стандарттардың әзірленуін қамтамасыз етеді.

96-бап. Аккредиттеу туралы куәліктен айыру

1. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіби бірлестік, егер:

1) аккредиттеуді алған кезден бастап алты ай ішінде Біліктілік комиссиясын қ ұ р м а с а ;

2) орташа санының он пайызы, бірақ кемінде бес заңды тұлға және дара кәсіпкер - кәсіби бірлестік мүшелері күнтізбелік он екі айда осындай кәсіби бірлестік тарапынан өтінішхатсыз көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі курстар тізілімінен шығарылған болса ;

3) Аккредиттеу қағидаларын жыл бойы ұдайы (қатарынан екі реттен көп) бұзса;

4) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға өзі және өз қызметі туралы көрінеу жалған ақпарат берсе;

5) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның нұсқамасы шығарылған себеп үш ай ішінде жоймаса, аккредиттеу туралы куәлігінен айырылады.

2. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі кәсіби бірлестіктер жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның шешіміне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

97-бап. «Оқытушы», «өндірістік оқыту шебері», «білім беру процесі кезінде жүргізуді үйрету шебері»

біліктілігін беруге үміткерлерді аттестаттау

1. Аттестаттауға автомобильдік мамандық бойынша жоғары немесе орта техникалық білімі, өздері сол бойынша оқытуды жүргізетін санаттағы жүргізуші куәлігі, кемінде бес жыл жүргізуші өтілі бар адамдар жіберіледі.

2. Аттестаттаудан өткен адамдар біліктілік куәлігінің нөмірі, тегі, өз аты, сондай-ақ, тілегі бойынша - әкесінің аты көрсетілген «оқытушы», «өндірістік оқыту шебері», «білім беру процесі кезінде жүргізуді үйрету шебері» біліктілігін беру туралы біліктілік к у ә л і г і н а л а д ы .

3. Аттестаттаудан өтпеген адамдарға Біліктілік комиссиясы шешім қабылдаған кезден бастап үш ай өткеннен кейін одан қайта өтуге рұқсат беріледі.

98-бап. Біліктілік комиссиялары

1. Біліктілік комиссиясын оның құрылтайшысы болып табылатын кәсіби бірлестік құрады, оның саны кемінде он заңды тұлға мен дара кәсіпкерден тұрады.

2. Біліктілік комиссиясы мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады және ереженің (жарғының) негізінде әрекет е т е д і .

3. Біліктілік комиссиясының филиалдар мен өкілдіктер құруға құқығы жоқ.

4. Біліктілік комиссияларының құрамына жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органнан бір-бір өкілден кіреді.

5. Біліктілік комиссияларының төрағалары болып көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметпен айналысатын заңды тұлғалардың немесе дара кәсіпкерлердің өкілдері олардың мүшелерінің қатарынан жай көпшілік дауыспен үш жыл мерзімге сайланады. Бір адам қатарынан екі рет төраға болып сайлана алмайды.

6. Біліктілік комиссияларының қызметін қаржыландыруды және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді құрылтайшылары (қатысушылары) өз қаражаты есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырады.

7. Біліктілік комиссиясы оқытушы, өндірістік оқыту шебері, білім беру процесі кезінде жүргізуді үйрету шебері болуға үміткерлерді аттестаттау бағдарламасын әзірлейді және бекітеді.

8. Біліктілік комиссиялары шешім қабылданған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде біліктілік куәлігінің нөмірін көрсете отырып, отырыстың хаттамасын және «оқытушы», «өндірістік оқыту шебері» және «білім беру процесі кезінде жүргізуді үйрету шебері» біліктілігі берілген адамдар Біліктілік комиссиясына ұсынған құжаттардың куәландырылған көшірмелерін жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

9. Үміткерлерді аттестаттауды жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган біліктілік комиссияларының шешіміне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

99-бап. «Оқытушы», «өндірістік оқыту шебері», «білім беру процесі кезінде жүргізуді үйрету шебері»

біліктілік куәлігінен айыру

«Оқытушы», «өндірістік оқыту шебері», «білім беру процесі кезінде жүргізуді үйрету шебері» біліктілік куәлігінен айыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган біліктілік куәлігінен айыру туралы шешім жөнінде кәсіби бірлестіктерге хабарлайды.

Біліктілік куәлігінен айырылған адамдар қайта аттестаттауға үш жыл өткеннен кейін жіберіледі.

100-бап. Сапаны бақылау және оның түрлері

1. Сапаны бақылау заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі стандарттардың талаптарын сақтауына бағытталған.

2. Сапаны ішкі және сыртқы бақылау сапаны бақылаудың түрлері болып табылады.

Сапаны ішкі бақылауды заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау стандарттарына сәйкес дербес жүзеге асырады.

Сапаны сыртқы бақылауды кәсіби бірлестік өз мүшелеріне қатысты үш жылда бір
р е т ж ү з е г е а с ы р а д ы .

3. Сапаны сыртқы бақылауды жүргізу қағидаларын тиісті кәсіби бірлестіктер
ә з і р л е й д і .

4. Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер кәсіби бірлестіктің қорытындысына сот
тәртібімен шағымдануға құқылы.

**101-бап. Оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің
және білім беру процесі кезінде жүргізуді үйрету
шеберлерінің құқықтары мен міндеттері**

1. Оқытушының, өндірістік оқыту шеберінің және білім беру процесі кезінде
ж ү р г і з у д і ү й р е т у ш е б е р і н ің :

1) кәсіби қызмет үшін жағдайларды қамтамасыз ете отырып, көлік құралдарын
жүргізушілерді даярлау жөніндегі қызметпен айналысуға;

2) кәсіби бірлестікке кіруге;

3) біліктілігін арттыруға;

4) кәсіби бірлестіктердің шешімдеріне сот тәртібімен шағымдануға құқығы бар.

2. Оқытушы, өндірістік оқыту шебері және білім беру процесі кезінде жүргізуді
ү й р е т у ш е б е р і :

1) Қазақстан Республикасының көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау
саласындағы заңнамасын сақтауға;

2) өзінің кәсіби құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білім мен
дағдыға ие болуға;

3) көрсетілетін қызметтердің сапалы болуын қамтамасыз етуге;

4) оқып-үйренушілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**102-бап. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлауды жүзеге
асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің
құқықтары мен міндеттері**

1. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар
м е н д а р а к ә с і п к е р л е р д ің :

1) кәсіби бірлестікке кіруге;

2) кәсіби бірлестіктің шешімдеріне сот тәртібімен шағымдануға құқығы бар.

2. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар
м е н д а р а к ә с і п к е р л е р :

1) Қазақстан Республикасының көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау
саласындағы заңнамасын сақтауға;

2) өз құзыретіне жатқызылған функцияларды атқаруға;

3) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган жүзеге
асыратын тексерулердің жүргізілуіне кедергі келтірмеуге;

4) оқу бағдарламаларын көлік құралдарын жүргізушілерді даярлаудың оқу

жоспарына және жоспар-кестесіне сәйкес толық көлемде іске асыруға;

5) оқып-үйренушілерді даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз етуге;

6) оқып-үйренушілердің, оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің және білім беру процесі кезінде жүргізуді үйрету шеберлерінің өмірі мен денсаулығын қ о р ғ а у ғ а ;

7) көлік құралдарын техникалық жарамды жай-күйде ұстауға және жүргізуді үйрету шеберлерінің рейс алдында медициналық тексеруден өтуін ұйымдастыруға міндетті.

103-бап. Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің жауапкершілігі

Қазақстан Республикасының көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау жөніндегі заңнамасын бұзғаны үшін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

14-тарау. Міндетті техникалық қарап тексеру

104-бап. Міндетті техникалық қарап тексеру

1. Шығарылған жылын қоса алғанда, шығарылғанына үш жылдан аспаған және автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын көлік құралдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында жол жүрісіне қатысатын және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органда тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері міндетті техникалық қ а р а п т е к с е р у г е ж а т а д ы .

Міндетті техникалық қарап тексеру механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері жай-күйін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеруді қамтиды.

2. Міндетті техникалық қарап тексеруді көлік құралының тіркелген жеріне және иесінің тұрғылықты жеріне қарамастан, көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган техникалық қарап тексеру операторларының тізіліміне енгізген техникалық қарап тексеру операторлары жүргізеді.

Техникалық қарап тексеру операторлары жария шарт негізінде қызмет көрсетеді.

3. Көлік құралдарын міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу және жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді қоса атқаруға ж о л б е р і л м е й д і .

Техникалық қарап тексеру операторының аумағында көлік құралдарын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерге жол б е р і л м е й д і .

Техникалық қарап тексеру операторының аумағында көлік құралдарын міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу, жинау және жуу бойынша қызметтерді қоса атқаруға және көрсетуге жол беріледі.

4. Техникалық қарап тексеру операторы:

1) астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда техникалық қарап тексеру орталығы ашылған кезде техникалық қарап тексерудің стационарлық және ұтқыр желілерін пайдалана отырып, міндетті техникалық қарап тексеруді өткізуді жүзеге асырады;

2) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган айқындаған қызмет өңірінің шегінде міндетті техникалық қарап тексеруді өткізуді қамтамасыз етеді;

3) халықты қызмет өңірінде міндетті техникалық қарап тексеруді өткізу кестесі туралы хабардар етеді;

4) аудандардың әкімшілік орталықтарында, ауылдық (селолық) округтерде және аудандық маңызы бар қалаларда техникалық қарап тексеру орталығы ашылған кезде техникалық қарап тексерудің стационарлық және (немесе) ұтқыр желілерін пайдалана отырып, міндетті техникалық қарап тексеруді өткізуді жүзеге асырады;

Қызмет өңірін айқындау тәртібін көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

5. Міндетті техникалық қарап тексеруді өткізу екі кезеңді: дайындық және негізгі кезеңді қамтиды.

Міндетті техникалық қарап тексеруді өткізудің дайындық кезеңі барысында сәйкестендіру және көлік құралын сәйкестендіру нәтижелерін тіркеу және өзге де құжаттардың деректеріне сәйкестігіне тексеру жүргізіледі.

Міндетті техникалық қарап тексеруді өткізудің негізгі кезеңі барысында көлік құралының техникалық жай-күйінің Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін анықтау жөніндегі жұмыс (тексеру) орындалады.

6. Міндетті техникалық қарап тексеруден өту үшін көлік құралының иесі техникалық бақылау операторына көлік құралын және көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ұсынады.

Техникалық қарап тексеру операторы көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің деректерін және техникалық қарап тексерудің диагностикалық картасындағы мәліметтерді көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

7. Көлік құралын міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу нәтижелері бойынша көлік құралдарының міндетті техникалық қарап тексеруден өтуінің белгіленген кезеңділігіне сәйкес келесі міндетті техникалық қарап тексеруден өту мерзімін көрсете отырып, техникалық қарап тексерудің диагностикалық картасы жасалады.

8. Егер міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу нәтижелері бойынша ақаулар және көлік құралдары мен олардың тіркемелерін пайдалануға тыйым салатын жағдайлар анықталған болса, міндетті техникалық қарап тексеру өткізілмеген деп танылады.

Бұл жағдайда көлік құралының иесіне ақаулар көрсетіле отырып, көлік құралының
диагностикалық картасы беріледі.

9. Механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерін пайдалануға тыйым салынатын анықталған ақаулар мен жағдайлар жойылғаннан кейін механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерінің иесі оны қайта міндетті техникалық қарап тексеруден өткізуге ұсынады.

Механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерін қайта техникалық қарап тексеру бірінші міндетті техникалық қарап тексеру өткізілген техникалық қарап тексеру орталығында не өзге техникалық қарап тексеру орталығында өткізіледі.

Механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерін бірінші міндетті техникалық қарап тексеру өткізілген техникалық қарап тексеру орталығында қайта техникалық қарап тексеруден өткізу кезінде техникалық қарап тексеру белгіленген өлшем шарттарға сай болмаған және диагностикалық картада көрсетілген позициялар бойынша ғана жүргізіледі. Бұл жағдайда төлем қайта тексерілетін позицияларды тексеру үшін ғана алынады.

Міндетті техникалық қарап тексеруді өткізу кезінде ақаулар анықталғаннан кейін механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруге қайта ұсынудың ең ұзақ мерзімі күнтізбелік он күнді құрайды.

10. Механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерінің иесі көлік құралдары мен оның тіркемелерін пайдалануға тыйым салатын анықталған ақаулар және жағдайларды жою жөніндегі жұмыстардың орындалу жерін және жұмыстың орындаушысын жеке белгілейді.

11. Егер міндетті техникалық қарап тексеруді өткізу барысында техникалық қарап тексеру операторы механикалық көлік құралының техникалық ақауларын анықтамаса не мұндай ақауларды анықтап, бірақ техникалық қарап тексерудің диагностикалық картасына енгізбесе, техникалық қарап тексеру операторы механикалық көлік құралы иесінің немесе үшінші адамдардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне осындай ақаулардың салдарынан келтірілген зиянның толық көлемде орнын толтыруға міндетті.

105-бап. Техникалық қарап тексеру операторларының тізілімі

1. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган техникалық қарап тексеру операторларының тізілімін жүргізеді, оны өзінің интернет-ресурсында орналастыруды жүзеге асырады.

Техникалық қарап тексеру операторларының тізілімін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Техникалық қарап тексеру операторы көлік құралдарын міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу жөніндегі қызметті көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган техникалық қарап тексеру операторларының тізіліміне енгізген күннен бастап жүзеге асырады.

2. Техникалық қарап тексеру операторларының тізіліміне енгізу мақсатында көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттар:

1) ө т і н і ш ;

2) заңды тұлға үшін - заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі ;

3) дара кәсіпкер үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың және дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

4) техникалық қарап тексерудің стационарлық желісін ашқан жағдайда - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу туралы мөртаңба қойылған, техникалық қарап тексеру операторының жылжымайтын мүлкіне меншік немесе оны иелену және пайдалану құқығын растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

5) жасап шығарушы зауыт беретін бастапқы тексеру мерзімі көрсетілген сынақ жабдығы мен өлшем құралдарына паспорттардың көшірмелері және/немесе салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары беріле отырып, өлшем құралдарын салыстырып тексеруді және сынақ жабдығын аттестаттауды жүргізуді растайтын құжаттардың көшірмелері ұсынылады. Түпнұсқалар салыстырылғаннан кейін өтініш берушіге қ а й т а р ы л а д ы ;

6) техникалық қарап тексеру орталығын ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша өтініш иесіне ұсынылатын сынақ жабдықтары мен өлшем құралдары туралы ақпарат;

7) техникалық қарап тексерудің стационарлық желісін ашқан жағдайда - аумақ пен үй-жайдың тиісті стандарттардың талаптарына сәйкестігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша ақпарат ұсынылады.

3. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган өтінішті оған қоса беріліп отырған құжаттармен бірге ол берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды, оның қорытындысы бойынша өтініш берушіге тізілімге енгізу туралы жазбаша хабарлама немесе дәлелді бас тарту жіберіледі.

4 . М ы н а л а р :

1) осы баптың 2-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбау;

2) ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дәйекті және (немесе) толық б о л м а у ы ;

3) осы баптың 5-тармағының 3)–5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша өтініш берілген күнге дейін алты ай ішінде техникалық қарап тексеру операторларының тізілімінен шығару техникалық қарап тексеру операторларының тізіліміне енгізуден бас тартуға негіз болып табылады.

5 . М ы н а л а р :

1) дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның техникалық қарап тексеру операторларының тізілімінен өз еркімен шығару туралы өтініші;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер қызметінің тоқтатылуы немесе заңды тұлғаның таратылуы;

3) техникалық қарап тексеру операторларының тізіліміне енгізу кезінде көрінеу дәйексіз ақпарат ұсыну;

4) көлік құралдарын міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу және жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді қоса атқару;

5) көлік құралдарын міндетті техникалық қарап тексеруді жүзеге асыру саласында әкімшілік құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасау техникалық қарап тексеру операторларының тізілімінен шығаруға негіз болып табылады.

Техникалық қарап тексеру операторларының тізілімінен шығару туралы хабарлама көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган тиісті шешім қабылдағаннан кейін екі жұмыс күні ішінде дара кәсіпкерге немесе заңды тұлғаға жолданады.

106-бап. Халықаралық техникалық қарап тексеру сертификаты

1. Жүктер мен жолаушыларды халықаралық автомобиль қатынастарда тасымалдауды халықаралық техникалық қарап тексеру сертификаты болған кезде көлік құралдары жүзеге асырады.

2. Жолаушыларды тасымалдау үшін пайдаланылатын және жүргізушінің орнынан басқа, отыратын орын саны сегізден аспайтын көлік құралдарын қоспағанда, рұқсат етілген ең жоғары массасы 3500 килограмнан асатын М2, М3, N2 және N3 санатындағы механикалық көлік құралдарына халықаралық техникалық қарап тексеру сертификаты беріледі.

Халықаралық техникалық қарап тексеру сертификатын беру тәртібін Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Халықаралық техникалық қарап тексеру сертификатын алу үшін механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерінің иесі көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органға өтінішпен жүгінеді және мынадай құжаттарды:

1) халықаралық техникалық қарап тексеру сертификатын бергені үшін мемлекеттік баж төлегені туралы түбіртек;

2) көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін қоса береді.

4. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган қоса берілген құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерінің иесіне халықаралық техникалық қарап тексеру сертификатын береді.

5. Осы баптың 3-тармағында тізбеленген құжаттар және/немесе бірыңғай ақпараттық жүйеде міндетті техникалық қарап тексеруден уақтылы өткені туралы ақпарат болмаған жағдайда көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерінің иесіне бас тарту себебін көрсете отырып, халықаралық

техникалық қарап тексеру сертификатын беруден бас тарту туралы жазбаша дәлелді
ж а у а п ж і б е р е д і .

6. Халықаралық техникалық қарап тексеру сертификатын жоғалтқан немесе бүлдірген кезде көлік құралы иесінің жоғалған немесе бүлінген халықаралық техникалық қарап тексеру сертификатының орнына жаңа халықаралық техникалық қарап тексеру сертификатын алу құқығы бар.

7. Халықаралық техникалық қарап тексеру сертификаты міндетті немесе мемлекеттік техникалық қарап тексеруден өткені туралы куәлікте көрсетілген мерзімге сәйкес келетін мерзімге беріледі.

107-бап. Техникалық қарап тексеру операторларының құқықтары мен міндеттері

1. Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда техникалық қарап тексеру операторлары міндетті техникалық қарап тексеруден өткені туралы куәлікті беруден бас тартуға құқылы.

2. Техникалық қарап тексеру операторлары:

1) қолданылатын өндірістік орынжай, жабдық, материалдық ресурстар жай-күйінің және оларды пайдалану шарттарының белгіленген техникалық талаптарға, сондай-ақ метрологиялық нормалар мен қағидаларға сәйкес болуын қамтамасыз етуге;

2) біліктілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін жұмыскерлерді міндетті техникалық қарап тексеруді ө т к і з у г е ж і б е р у г е ;

3) міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу кезінде жұмыстарды орындау процесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды с а қ т а у ғ а ;

4) көлік құралдары иелерінің өтініші бойынша механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу кезінде орындалатын жұмыстарға қатысты өзге де мәліметтерді хабарлауға;

5) тексерілген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтерді электрондық түрде есепке алуды жүзеге а с ы р у ғ а ;

6) көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің деректеріне сәйкес келмейтін нөмірлік агрегаттарды (қозғалтқыш, шасси, шанақ) ауыстыру, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері жоқ не көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілген белгілерге сәйкес келмейтін белгілері бар көлік құралдарын техникалық қарап тексеруге ұсыну фактілері туралы ішкі істер органдарына хабардар етуге;

7) міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу нәтижелері бойынша механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесіне мәліметтер беруге;

8) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органды техникалық қарап

тексеру орталығының орналасқан жерінің өзгеруі туралы күнтізбелік бес күн ішінде
х а б а р д а р е т у г е ;

9) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның келісімімен қызмет
өңірі шегінде міндетті техникалық қарап тексеру өткізу кестесін жасауға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды
с а қ т а у ғ а м і н д е т т і .

3. Техникалық қарап тексеру операторларына:

1) көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің деректеріне сәйкес келмейтін,
жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның келісімінсіз
ауыстырылған нөмірлік агрегаттары (қозғалтқышы, шассиі, шанағы) бар көлік
құралдарын міндетті техникалық қарап тексеруден өткізуге, мемлекеттік нөмірлік
белгілері жоқ не көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілген
белгілерге сәйкес келмейтін белгілері бар көлік құралдарын техникалық қарап
т е к с е р у ғ е ұ с ы н у ғ а ;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда,
техникалық қарап тексерудің диагностикалық картасын толтырмай көлік құралының
иесіне міндетті техникалық қарап тексеруден өткізуден бас тартуға;

3) міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу мерзімінің бұзылуына байланысты
міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу шарттарын өзгертуге;

4) міндетті техникалық қарап тексеруден өткізуге байланысты көлік құралының
иесінен қосымша сыйақы талап етуге тыйым салынады.

15-тарау. Қорытынды ережелер

108-бап. Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік

Жол жүрісі саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін кінәлі адамдар Қазақстан
Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

109-бап. Айналасындағыларға зор қауіп-қатер төндіретін жол жүрісі саласындағы қызмет (зор қауіп-қатер көзі) келтірген зиян үшін жауапкершілік

1. Жол жүрісі саласындағы заңды және жеке тұлғалардың қызметі
айналасындағыларға зор қауіп-қатер төндіретін қызметке (жол жүрісі саласындағы
тәуекелдері бар ұйымдар, көлік құралдарының иелері және т.б.), ал жол жүрісіне
қатысушылар, көлік құралдары мен жолдар зор қауіп-қатер көзіне жатқызылады.

2. Қызметі көлік ұйымдарының және көлік құралдарының жоғары қауіп-қатерімен
байланысты заңды және жеке тұлғалар жоғары қауіп-қатер көзі келтірген зиянды
Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен өтеуге
міндетті.

110-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і .

2. «Жол жүрісі туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 273-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2008 ж., № 13-14, 54-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 23, 100-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті